

81  
С 94  
К 23-93

Р. СЫЗДЫҚОВА  
М. ҚОЙГЕЛДИЕВ

Л 2006  
9088к



ҚАДЫРҒАЛИ БИ  
ҚОСЫМҒА

ЖӘНЕ ОНЫҢ

ЖЫЛНАМАЛАР  
ЖИНАҒЫ

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ДЕРЕК-  
ТЕРДІҢ МОЛДЫҒЫ ЖАҒЫНАН «ЖЫЛ-  
НАМАЛАР ЖИНАҒЫНА» ИЫҚТАСАР  
ЕШТЕҢЕНІН ЖОҚТЫҒЫ КҮМӘНСІЗ.  
Шоқан



THERE IS NO DOUBT THAT IN THE  
EXISTING INFORMATION ABOUT  
THE KAZAKHS THE VERY FIRST  
PLACE BELONGS TO «THE COL-  
LECTION OF CHRONICLES».

Tchokan Valikhanov

NUL DOUTE DUE LE «RECUEIL DES  
CHRONIQUES» TIENS LA PREMIERE  
PLACE EN MATIERE D'INFORMA-  
TIONS SUR LES KAZAKHS.

Tchokan Valikhanov

НЕТ СОМНЕНИЯ, ЧТО В ОТНОШЕНИИ  
СВЕДЕНИЙ О КАЗАХАХ САМОЕ ПЕР-  
ВОЕ МЕСТО ЗАНИМАЕТ «СБОРНИК  
ЛЕТОПИСЕЙ».

Чокан.



HINSICHTLICH DER ANGABEN ÜBER  
 DIE KASACHEN NIMMT DIE ANNA-  
 LENSAMMLUNG OHNE ZWEIFEL DIE  
 ERSTE STELLE EIN.

Tchokan Valichanov

قازاق تاريخينا قاقستي دوره كته ري  
 جاعنان، مؤزسن، وڭ بئرنشني  
 ورسن بولنامالار ميناعنا و تان.  
 ش. ق. اليحانوف







Р.СЫЗДЫҚОВА  
М.ҚОЙГЕЛДИЕВ





ΠΟΛΥΤΕΧΝΕΙΟΝ



Р.СЫЗДЫҚОВА  
М.ҚОЙГЕЛДИЕВ



**ҚАТЫРҒАЛИ БИ  
ҚОСЫМУЛЫ**

ЖӘНЕ ОНЫҢ  
ЖЫЛНАМАЛАР  
ЖИНАҒЫ



АЛМАТЫ  
«ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТИ»  
1991

ББК 81  
С 94 ✓

ҚАЗАҚ КСР ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ МИНИСТРЛІГІ

Редакторы **Т. Нүсіпбаев**

---

**Сыздықова Р., Қойгелдиев М.**

С 94 Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы.— Алматы: «Қазақ университеті», 1991.—272 бет.

ISBN 5-7090-0064-7

Еңбек ортағасырлық түркі жазба мәдениеті үлгілерінің санына жатады. Әсіресе, ортағасырлық қазақ тарихы мен тілін зерттеуде оның алатын орны ерекше.

Туынды жоғары оқу орындарының студенттеріне, мамандарға, аспиранттарға, сондай-ақ көпшілік оқырманға арналады.

С  $\frac{460200000-01}{416(05)-91}$  1—91

ББК 81

ISBN 5-7090-0064-7

(С) Сыздықова Р., Қойгелдиев М., 1991

## ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

«Қазақ университеті» баспасының төлбасы туындысы «Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы» талғампаз оқырман қауымға жол тартты. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» дейді дана халқымыз. Барды бағалау, қолдағы асылды жоғалтып алмау ең абыройлы міндет деп санасақ, аталмыш туынды — сол асылдың көзі, алтынның сынығы.

Бабалар қолымен жазылған кітапты парақтағанда, сан ғасыр бұрынғы олардың сөзі тілге үйірілгенде, ой толғамдары жасындай боп санаға сіңгенде, кітаптың әр бетінен төгілген ой маржандарын көргенде, Ғарих қойнауындағы адам даналығына қайран қалып, тәнті боласың.

Аталған жинақтан соң баспадан іле-шала жарық көретін «Көне мәдениет жазбалары» атты тарихи, мәдени мұралармен, «Қазақ қалай аштыққа ұшырады» атты нәубет жылдарының ақиқатымен, «Құм басқан қала» атты ғасырлар тереңінен сыр тартқан ғылыми тұжырымдармен, тағы басқа кітаптармен оқырман сағыныса көрісіп, қуана қауышары хақ.

«Ең бірінші бақытым — Халқым менің, соған берем ойымның алтын кенін» дегендей, халық арасында әлі де сыры ақтарылмаған мұралар баршылық. Сондай қайнардың көзін ашу қадірлі оқырман сенің де қолыңда.



## КІРІСПЕ

Қадырғали би Қосымұлының қаламынан туған «Жамият-тауарих» («Жылнамалар жинағы») атты еңбек ортағасырлық түркі жазба мәдениеті үлгілерінің санатына жатады. Әсіресе, ортағасырлық қазақ тарихы мен тілін зерттеуде оның алатын орны ерекше. Соған қарамастан соңғы жылдарға дейін бұл белгілі ескерткішті қазақ мәдениеті мен тарихына байланысты арнайы зерттеу, сондай-ақ еңбектің өзін қалың оқырман қауымының қолына беру жұмысы назардан тыс қалып келді. Оқырманға ұсынылып отырған еңбек осы бағытта жасалынған әрекеттердің бірі.

Кітап төрт бөлімнен тұрады. Оның бірінші және екінші бөлімдерінде «Жамият-тауарихтың» авторы туралы түсінік, еңбектің өмірге келген ортасы, фактілік материалдарының деректік мәні, сондай-ақ ортағасырлық жазба ескерткіші ретінде тілі жан-жақты талданады. Кітаптың үшінші бөлімінде ескерткіштің бізге мәлім тізімдері негізінде даярланған авторлық тексі берілген. Ал соңғы, төртінші бөлімінде Қадырғали бидің кітап басында берген орыс патшасы Б. Ф. Годуновқа арнауы және еңбектің дербес бөлігі, яғни ортағасырлық қазақ тарихына тікелей қатысы бар тоғыз дастанының бүгінгі қазақ тіліне аудармасы берілген.

Қадырғали би Қосымұлының еңбегі бізге толық емес екі тізім және татар ғалымы Ә. Рахим тауып жариялаған үзінді түрінде жеткен. Біз еңбегімізді даярлау барысында қазіргі уақытта Ленинград университеті ғылыми кітапханасының Шығыс бөлімінде сақтаулы тізімі

(оны профессор М. Усмановтың ізімен шартты түрде А литерімен белгіледік) мен Қазан университеті ғылыми кітапханасының Шығыс бөліміндегі тізімі (оны В литерімен белгіледік) екеуін де негізге алдық. Бұл екі тізім де толық емес, дегенмен бірін-бірі толықтырып отырады.

Еңбектің тексі толық бүгінгі қазақ тіліне аударылған жоқ. Соған қарамастан оның кітапта берілген түпнұсқасымен танысып, сол арқылы қадірменді оқырман ортағасырлық қазақ жазба мәдениетінен біршама түсінік ала алады деп сенеміз.

*Авторлар.*

**Редакциядан:**

Текст ішіндегі қысқарған сөздердің тізімі:

*ж.* — жыл, жылы, жылдың т.с.с.

*ғ.* — ғасыр, ғасырдың, ғасырда т.с.с.

*акад.*— академик

*проф.*— профессор

БІРІНШІ ТАРАУ  
**«ЖАМИАТ-ТАУАРИХ»—  
МӘДЕНИЕТ ЕСКЕРТКІШІ ЖӘНЕ  
ТАРИХИ ДЕРЕК**



**Қосымұлы Қадырғали би еңбегінің  
зерттелуі туралы**





Он жетінші ғасырдың алғашқы жылдары жазылған (1602 ж. аяқталған) Қадырғали бидің тарихи еңбегінің ғалымдар назарына ілінуі ХІХ ғ. өмір сүрген татар ғалымы Ибрагим Халфиннің есімімен тығыз байланысты. Ол бұл еңбектің бір көшірмесін 1819 жылы Қазан университетінің кітапханасына тапсырған<sup>1</sup>. Академик Ә. Марғұланның пікірі бойынша И. Халфин Қадырғали би еңбегін, «жақсылап оқып шығып, Абылғазының шежіресімен салыстырып шығады, сол кітаптың мазмұнымен және Абылғазыны пайдаланып, «Ақуал Чингизхан уа Ақсақ Темір» деген кітабын жазады»<sup>2</sup>.

Қадырғали шығармасымен Россияда алғаш танысқан ғалымдардың бірі — шығыстанушы академик Х. Д. Френ. Ол шығарманың Тәуекел ханның немере інісі Қасымов хандығының ханы Онданұлы Оразмұхаммедтің сандығында сақталған Қосымұлының өз қолымен жазған түпнұсқасымен таныс болған. Х. Д. Френ Ибрагим Халфинге Абылғазы еңбегін осы нұсқамен салыстырып оқуға кеңес берген<sup>3</sup>.

Ғалымдар қауымын «Жылнамалар жинағымен»<sup>4</sup> таныстыруда аса үлкен еңбек сіңірген — белгілі шығыс-

<sup>1</sup> Ибрагим Халфиннің қолжазбаны қайдан және кімнен алғаны белгісіз.

<sup>2</sup> Марғұлан Ә., Күміс сандық құпиясы.—«Қазақ әдебиеті», 1981, I қаңтар.

<sup>3</sup> Сонда.

<sup>4</sup> Бұдан былай Қадырғали би еңбегін осылай кең тараған атымен атауды тура көрдік.

танушы Илья Николаевич Березин. Ол «Жинақпен» Қазан университетінде жұмыс істеп жүрген кезінде танысқан. Ғалым «Москвитянин» журналында алдымен шығарма туралы хабарлама беріп<sup>1</sup>, кейіннен оның сол кездегі жалғыз көшірмесін Қазанда өзі шығаратын көпсериялы «Библиотека восточных историков» басылымының 1854 жылғы 2-томында басып шығарады<sup>2</sup>.

И. Н. Березин журналдық мақаласында, кейіннен «Жинаққа» жазған алғысөзінде оған алғаш рет тарихи тұрғыдан талдау жасай келіп, ескерткіштің деректік мәнін жоғары бағалаған. Қолжазбаның аты берілген алғашқы беттерінің жоғалып кетуіне байланысты және оның басым бөлігінің белгілі Рашид ад-дин еңбегінің қысқартылған аудармалық нұсқасы екендігін негізге ала отырып, Березин Қадырғали би шығармасына «Джамият-тауарих» атын берген. И. Березин «Москвитянин» журналында Қадырғали би еңбегінен үзінді беріп, оны Н. И. Ильминскийдің аударғанын, ал жазған алғысөзінде кейінірек аударманы толық түрінде жариялайтындығын айтқан. Бірақ, өкінішке орай, осы уақытқа дейін ол аударманың тағдыры белгісіз болып келеді.

«Жинақ» деректерін өз еңбегінде алғаш рет кең пайдаланған тарихшы В. В. Вельяминов-Зернов болды. Ол өзінің «Исследование о Касимовских царях и царевичах» атты белгілі еңбегінде «Жинақтың» құнды жақтарын көрсетумен бірге, кемшіліктерін де сынға алған болатын. Сондай-ақ Вельяминов-Зернов Қадырғали би еңбегінің «Тарихи Рашиди» сияқты шығармалармен өзектес, сабақтас екендігін орынды айтқан<sup>3</sup>.

Қадырғали би шығармасын сақтап, оны танып-білуде туысқан татар халқының оқыған азаматтарының, ғалымдарының сіңірген еңбегі баға жеткісіз. 1922 жылы тіл маманы Әли Рахим (А. Ш. Абдрахимов) бұрынғы Қасым хандығымен тығыз байланыста болған Қазан молласы Г. Галеев-Барудидің Қазандағы Орталық Шығыс кітапханасына сыйлаған кітаптарының арасынан Қадырғали би еңбегінің жаңа, әрі сапалы көшірмесін табады. 1927 жылы жариялаған мақаласында ол екі көшірменің де

<sup>1</sup> Березин И. Н., Татарский летописец, современник Бориса Федоровича Годунова.—«Москвитянин», 1851, № 24, кн. 2. 543—554-б.

<sup>2</sup> Березин И. Н., Библиотека восточных историков т. II, ч. I. Сборник летописей, татарский текст, Казань, 1854.

<sup>3</sup> Вельяминов-Зернов В. В., Исследование о Касимовских царях и царевичах. ч. 2, СПб., 1864, 130-б.

текстік сапасына археографиялық талдау жасаған<sup>1</sup>. Сол жылы жазында Ә. Рахим Кшкары аталатын татар аулынан табылған татар жылнамаларының қолжазба жинағы арасынан Қадырғали би еңбегінің үзіндісін кездестіреді. Ол Хаджы-Гирей ханды хандыққа шақыру туралы дастан болатын. Сонымен Қадырғали шығармасы бізге толық емес екі көшірме және бір үзінді күйінде жетті.

Біз қарап отырған еңбекті дерек ретінде пайдаланған не болмаса оны тікелей талдауға арналған жұмыстар қатарына тарихшы М. Г. Сафарғалиев<sup>2</sup> пен тіл маманы Х. Хисматуллиннің<sup>3</sup> еңбектері де жатады. Бірақ бұл екі автор да Қадырғали би шығармасын қарауда өз жұмыстарында кемшіліктерге орын берген. Мысалы, Х. Хисматуллин «Жинақ» авторының өз еңбегі туралы «Бұл нұсқаны фарсы тіліндегі Чингиз-наме кітабынан түркі тіліне аударды»<sup>4</sup> дегеніне қарамастан, аударманы татаршаға, ал еңбекті үзілді-кесілді XVII ғ. бас кезіндегі татар мәдениетінің үлгісіне жатқызады<sup>5</sup>. Бұл позиция жалпы татар зерттеушілерінің басым көпшілігіне тән. Әрине, еңбектің татар қоғамында (алайда Қасымов хандығы туралы бұл тұжырымның өзі де біржақтылық болар еді) өмірге келгендіктен, оның белгілі дәрежеде сол қоғамға тәндігін жоққа шығаруға болмас, дегенмен автордың қазақ қоғамынан шыққандығын (оны автордың өзі де шығармасында айтады), ал шығармаға келсек, оның түпнұсқасымен жасалынған көшірмелерінде тілінің аз да болса өзгерістерге ұшырап, татаршаға жақындай түскендігін ұмытпау қажет-ақ.

Қадырғали би шығармасын зерттеп тануда татарстандық тарихшы М. А. Усмановтың еңбектерінің алатын орны ерекше<sup>6</sup>. Оның, әсіресе, 1972 жылы жарық көрген

---

<sup>1</sup> Рахим А., О новом списке татарского исторического сочинения XVII века — Вестник научного общества татароведения, Казань, 1927, № 7, 133—148-б.

<sup>2</sup> Сафарғалиев М. Г., Распад Золотой Орды, Саранск. 1960.

<sup>3</sup> Хисматуллин Х., «Жәмигь-эт-тәварих»-ның татарча тәржемәсе.— Татар теле һәм әдәбияты, Казан, 1959, 309—317-б.

<sup>4</sup> Березин И. Н., Библиотека восточных историков. т. II. ч., I, Сборник летописей., 170-б.

<sup>5</sup> Хисматуллин Х., Аталған мақала. 308, 312-б.

<sup>6</sup> Усманов М. А., Татарские исторические источники XVII—XVIII вв.: «Сборник летописей», «Дафтар-и Чингиз-наме», «Таварих-и Булгария», «Татарские шаджра». изд. Казанского университета.

монографиялық жұмысының «Жинақты» талдауға арналған көлемді тарауын жалпы бұл еңбекті және оның авторының өмірбаянын арнайы зерттеудегі алғашқы саликалы еңбек ретінде қарауға болады. Сонымен бірге М. А. Усманов жұмысында Қазақстан ғалымдары тарапына орынды айтылған сынмен қатар, жаңсақ пікір және тұжырымдардың да орын алғандығын атап айту қажет. Мысалы, М. Усманов сібірлік Қараша мен Қадырғали бидің бір кісі екендігі туралы өзінен бұрынғы авторлар толық дәлелдемеген тезисті негізге ала отырып, «Жинак» авторының қайсыбір пікірлерін ол өмір сүрген заман, қоғамдық қатынастар арнасында (контекстінде) емес, бүгінгі талап тұрғысынан қарайды. Сондай-ақ М. Усманов татар және қазақ сияқты ағайын халықтардың мәдениетін қарсы қою дұрыс еместігін орынды сынға ала отырып, өзінің де бұл принципке қайшы келер қателіктер жібергендігі түсініксіз-ақ.

Қадырғали би еңбегін қазақ топырағында ғылыми тұрғыдан зерттеу Ш. Уәлихановтан басталады. Ұлы ғалым «Жинақты» «Киргизское родословие» атты мақаласында, профессор И. Н. Березинге жазған хатында және басқа еңбектерінде кең пайдаланып, ол туралы өте маңызды ойлар түйген. Уәлиханов мұнымен шектелмей, Қадырғали би еңбегінің құндылығын терең түсіне отырып, оның қазақ тарихына тікелей қатысы бар тарауларын орыс тіліне сапалы түрде аударған<sup>1</sup>.

Қадырғали би еңбегін XVII ғасырдан жеткен аса маңызды еңбек ретінде бағалап, Уәлиханов ол туралы «единственные памятники казахов»<sup>2</sup>, «...которая замечательна уже тем, что написана киргиз-кайсаком»<sup>3</sup>— деген. Сондай-ақ еңбектің қазақ халқының қалыптасу процесін, оның тілін, қазақ сұлтандарының генеалогиясын зерттеуде алатын орнын Уәлиханов дәл әрі жоғары бағалаған.

Совет дәуірінде Қазақстан ғалымдарының Қадырғали би еңбегіне назар аударуы 50-жылдардан бері ғана Қазақ ССР-і тарихының 1957 жылғы басылымының

1972; Соныкі. «Великие ученые Средней Азии и Казахстана, XIII—XIX вв» (Алма-Ата, 1965) атты кітапқа рецензия — «Народы Азии и Африки», 1967, № 2. 204—207-б.

<sup>1</sup> В а л и х а н о в Ч. Ч., Извлечения из Собр. соч., т. I, Алма-Ата, 1961, 142—168-б.

<sup>2</sup> Сонда, 216-б.

<sup>3</sup> Сонда, 210-б.



I томында «Жылнамалар жинағының» өмірге келуі және деректік мәні туралы түсінік беріліп, оның халқымыздың ортағасырлық мәдениетіне тікелей қатынасы бар құнды ескерткіш екендігі айтылған. Сонымен бірге тарау авторы шығарманы «тілі жағынан ерекше шежіре»<sup>1</sup> дей келіп, оны «ортаазиялық жазушылардың дәстүрлі шығармаларынан мүлдем өзгеше» қояды.

«Жинақтың» Қазақстанда зерттелуі академик Әлкей Марғұлан есімімен тығыз байланысты. Ш. Уәлиханов шығармаларына берілген түсініктемелерінде және басқа мақалаларында белгілі ғалым Қадырғали бидің өмірбаяны, шығарманың деректік негіздері мен мәні туралы, сондай-ақ оны зерттеп тануда негізге аларлық терең тұжырымдар жасаған. Мәселен, Марғұлан Қадырғали би шығармасына белгілі Рашид ад-дин туындысының аты берілуі оның деректік маңызын дұрыс бағалауға кедергі болып келгендігін орынды көрсетіп берді. Сонымен бірге Марғұлан Қадырғали би еңбегі мен өмірбаянын қарауда дәлелсіз ойларға да орын алдырған. Айталық, белгілі ғалымның сібірлік Қарашаның «Жинақ» авторы екендігіне дәлел боларлық нақты деректердің әзірге жоқтығына қарамастан, басқа авторлармен бірге оларды бір кісі санауы түсініксіз. Өкінішке орай, бұл дәлелсіз пікір «Жинақ» төңірегінде әңгіме еткен басқа да зерттеушілердің жұмыстарында әлі күнге өзгеріссіз беріліп жүр.

Қадырғали би еңбегіне ғылыми көпшіліктің назарын аударып, ол туралы 1964 жылы Москвада өткен XII халықаралық антропологтер мен этнографтардың конгресінде сөйлеген сөзінде, кейінірек жарық көрген көлемді еңбегінде мәнді де тың ойлар айтқан этнограф ғалым Э. А. Масанов болды. Масанов Россияда XVIII ғасырдың 40-жылдарында біз қарап отырған еңбектің аудармасы жасалғандығын, орыс ориенталистерінің бұл еңбекпен ерте кезден бері таныс болғандығы туралы қызғылықты фактілер келтірді<sup>2</sup>.

1965 жылы жарық көрген «Великие ученые Средней Азии и Казахстана. VIII—XIX вв.» (Алма-Ата, 1965) атты жинақта оның авторларының бірі К. Жүнісбаев алғаш рет көпшілікке арналған Қадырғали бидің өмір-

<sup>1</sup> Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1957, I т., 232-б.

<sup>2</sup> Масанов Э. А., Очерки истории этнографического изучения казахского народа в СССР. Алма-Ата, 1966, 24-б.

баяны және оның шығармасы туралы біршама толық түсінік беруді мақсат еткен. Жинақ шығарушыларының ізгі ниетін қолдай отырып, бірақ Қадырғали биге арналған очеркте елеулі кемшіліктерге орын берілгендігін де айтпасқа болмайды. Ол кемшіліктер туралы тарихшы М. Усмановтың кезінде орталық басылымда жарық көрген сын мақаласында<sup>1</sup> және монографиялық еңбегінде<sup>2</sup> айтылған сын пікірлердің басым бөлігінің дәлелді екендігін мойындау керек.

Қадырғали би еңбегін зерттеудегі 60-жылдардағы жасалынған ізденістердің нәтижесін «Қазақ ССР тарихы» жаңа басылымының 2-томынан анық байқауға болады. Мұнда Алтын Орда және оның орнында пайда болған мемлекеттік бірлестіктердегі саяси, әлеуметтік мәселелерді қарауда басқа Орта Азиялық деректермен қатар, Қадырғали би еңбегінің де тартылғанын көреміз<sup>3</sup>.

Сондай-ақ «Жинақ» деректерін белгілі бір мақсатта өз мақалаларында тарихшы В. П. Юдиннің т.б. пайдаланғанын<sup>4</sup> айтып өту абзал.

Дегенмен Қосымұлы Қадырғали би еңбегін зерттеп, оқушы қауымға жеткізуде әлі де атқарылуға тиіс жұмыстар жеткілікті. Мысалы, әзірге бұл жұмыстың ортағасырлық Қазақстан тарихына байланысты деректік мәнін жан-жақты толық ашып бере алатын жұмыстың жоқтығы. Еңбекті толық қазақ тіліне аударып бастыру, сондай-ақ алдымен оны тарих факультеті студенттерінің қажетіне жарату атқарылуға тиіс маңызды іс болмақ.

---

<sup>1</sup> Усманов М., Рецензия на кн.: «Великие ученые Средней Азии и Казахстана..», 204—207-б.

<sup>2</sup> Усманов М., «Татарские исторические источники...», 33—96-б.

<sup>3</sup> История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней в пяти томах. Алма-Ата, 1979, т. II. 186, 378—379, 185—186, 379.

<sup>4</sup> «Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII вв. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений)». Алма-Ата, 1969, 407—408-б.; Юдин В. П., Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая...—«Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI—XVIII вв.» Алма-Ата, 1983; Сыздыкова Р., Қадырғали Жалаиридың «Жами ат-тауарих» атты шығармасының тіліндегі тұрақты тіркестер.—«Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер». Алматы, 1983; Язык «Жами ат-тауарих» Жалаири. «Наука», Алма-Ата, 1989; Қордабаев Т., Тарихи синтаксис мәселелері, Алматы, 1964; Қордабаев Т., Томанов М., Тарихи грамматика мәселелері, Алматы, 1975; Хисамиева З. А., Язык дастанов Кадырғали бека. Автореферат., Уфа, 1980.

## Қадырғали би Қосымұлы және оның заманы

Нақты деректердің болмауы Қадырғали би өмірбаяны жайлы шындық деңгейіне жеткізілген жорамалдардың зерттеу еңбектерінде кең тарауына негіз болды. Солардың ең бастысы — Сібір жылнамалары бірауыздан әңгіме еткен Қарашы<sup>1</sup> мен «Джами ат-тауарих» («Сборник летописей» — «Жылнамалар жинағы») авторы Қадырғали бидің бір кісі екендігі туралы тұжырым.

«Жылнамалар жинағы» авторының өмір жолына алғаш көңіл аударған И. Н. Березин мен В. В. Вельяминов-Зернов бұл мәселе жайлы кесіп ештеме айтпаған. Татар ғалымы М. А. Усманов белгісіз себептермен И. Н. Березин Қараша мен Қадырғали биді бір кісі санады деген пікір айтады<sup>2</sup>.

Мәселеге жақынырақ келейік. И. Н. Березиннің «Москвитянин» журналында жарияланған хабарламасында Қадырғали би өмірбаянына байланысты айтқан ойын сол күйінде оқып көрейік: «...участь благодетельствованного Годуновым Ураз Мухаммеда была, по-видимому, крепко связана с положением нашего автора, и следовательно, все, что было хорошо Ураз Мухаммеду, было хорошо и для приближенных его. Притом же, судя потому, что автор служил еще родителям Ураз Мухаммеда, он был уже не молод, когда писал свою хронику, и следовательно чувствовал глубже и ценил лучше благодетельствия Бориса»<sup>3</sup>. Ал шығарманың жазылу мерзімі туралы айта келіп: «...автор умер прежде наступления в русской земле смутного времени, в котором принимал деятельное участие Ураз Мухаммед: иначе он не оставил бы дополнить свою летопись последующими событиями»<sup>4</sup>, — дейді. Белгілі шығыстанушы кейінірек «Жылнамалар жинағына» жазған алғысөзінде үлкен өзгеріссіз осы ойларын қайталаған. Бұл айтылған ойларда, әрине, сібірлік Қараша мен Қадырғали бидің бір кісі екендігі жайлы жорамал да жоқ. Демек, М. А. Усмановтың Березин, Карамзин ойларына сүйене

<sup>1</sup> Карачу, Карача деп те атайды.

<sup>2</sup> Усманов М. А., Татарские исторические источники..., 40-б.

<sup>3</sup> Березин И. Н., Татарский летописец..., 548-б.

<sup>4</sup> Сонда, 553-б.



отырып, «Жинақ» авторы мен Қараша мырзаны бір кісі санады деуі, әрине, дәлелсіз.

Қадырғали би шығармасына терең талдаулар жасап, оны өз еңбегінде кең пайдаланған В. В. Вельяминов-Зернов бұл мәселеге келгенде өте абай және кейінгі зерттеушілер одан әрі дамыта қарамаған, бірақ көңіл аударуға лайық пікір айтқан еді. Ол мынадай сұрау қойған болатын. «...что в исходе XVI-го столетия глава этого рода (т.е. джалаиров — М. К.), Кадыр-Али, в сопровождении нескольких лиц, в числе которых, быть может, находился и автор «Сборника летописей», выехали в Россию либо вместе с Ураз Мухаммедом, либо вскоре после него?»<sup>1</sup>.

Бұл жерде В. В. Вельяминов-Зерновтың Қадырғали мен «Жинақ» авторын екі кісіге жатқызуы, әрине, жаңылыс кеткендік. Ол дау туғызбаса керек. Мәселе басқада, анығырақ айтсақ, ғалымның Қадырғали және басқа бірнеше адамның Оразмұхаммедпен бірге не болмаса артынша бөлек Россияға аттанып кетуін ықтимал санауында.

Деректерден, зерттеу еңбектерінен Оразмұхаммедтің Москвада, кейіннен Керман шаһарында жалғыз емес, үлкен семьясымен және ел-жұртынан ере келген жақын би-бектерімен бірге тұрғандығы белгілі. Ағасы Тәуекел ханға жолдаған жауап хатында ол семьясының хал-жағдайы туралы толық түсінік береді: «...Да мать твоя Ази-царица, да сестра Алтын-царевна, да мать моя, а твое невестка Алтын-ханым, да племянница твое Бахты-царевна, да племянница же твоя Кунь-царевна и все много, много бога молят и челом бьют»<sup>2</sup>. Ал Керман (Қасымов) шаһарында таққа отыру салтанатында көшпенділер салты бойынша оны төртеуі төрт жағынан алтын таққа көтеріп, оңы мен солына орналасқан арғын Жаныш бек, қыпшақ Тоқай бек, жалайыр Қадырғали бек, исбай маңғыт Сыбай бектерді ханның жаңа жұрты емес, бастапқы жұртынан ере келген қараша бектері, жақындары деп айтуға толық негіз бар. Демек, Тобольскіде тұтқынға түскен Сейтек хан, Оразмұхаммед және Қарашалар, әрине, Москваға тек өз бастары ғана жөнел-

---

<sup>1</sup> Вельяминов-Зернов В. В., Исследование о Касимовских царях..., ч. II. 435-б.

<sup>2</sup> Казахско-русские отношения в XVI—XVIII веках. Сборник документов и материалов. Алма-Ата, 1961, 12-б.

тілген жоқ. Өздерімен бірге, не кейінірек бөлек олардың семьяларының, жақындарының да Москваға жеткізілгені анық. Осы арада неге Сібір тұтқындары патшаға өз бастары ғана емес, семьясымен бірге жөнелтілді деген сұраудың тууы заңды-ақ. Қысқаша болса да бұл жайға тоқтала кету абзал.

Мәселе сол тұстағы орыс үкіметінің шығыстағы жаңа елдер мен аудандарды өзіне қаратуда жүргізген саясатының астарында және ерекшелігінде еді. XVI ғ. соңғы ширегінде Оралдың шығыс бөлігін, Батыс Сібірді бағындыру Россия үшін өте қолайсыз жағдайда өтті. Тура осы мезгілде ол оңтүстікте Қырым хандығымен, батыста Речь Посполитая, Ливон ордені және Швециямен өз тәуелсіздігі және теңіз жолдары үшін ұзаққа созылған ауыр күрес жүргізуге мәжбүр болды. Сондықтан да Иван IV, оның ізбасары Федор Иванович, Борис Годунов Сібір саясатында ашықтан-ашық күшке барудан үзілді-кесілді бас тартқан болатын.

Федор Иванович тұсында 14 жыл бойы саяси билікті өз қолында ұстаған, 1598 жылы патша тағына отырған Борис Годунов Сібір саясатында аса абай болды. Ол саясаттың мәні барлық Сібір халықтарының қарсылығын туғызатын, әрі ұзаққа созылуы мүмкін қарулы күреске бармай, мүмкіндігінше көп күшті және шығынды қажет етпейтін жолмен жүру еді. Ал ол жол жергілікті билікті қолында ұстап отырған феодалдық топтармен ымыраға келу болатын. Басқаша айтқанда, Сібір билеп-төстеушілерін патша билігіне қарсы бағытталған әрекеттен қайтарып, оларды мүмкіндігінше патша қызметіне өтуге көндіру, ал көнбесе күшпен мәжбүр ету еді. Міне, сондықтан да воевода Д. Чулковтың Сейтек, Оразмұхаммед және Қарашаны тұтқынға алуы, әрине, кездейсоқ оқиғаға жатпайды.

Ойымыз дәлелді болуы үшін бірер мысалдар келтірейік. XVI ғасырдың өзінде-ақ бір орталыққа бағынған орыс мемлекеті қалыптасу және өсу барысында көп ұлттық сипат ала бастаған. Оның құрамына солтүстік халықтарымен қатар, марий, чуваш, удмурт, татар және башқұрт сияқты Поволжья, Орал халықтары да енген болатын. Патша өкіметі бұл халықтарды өз құрамына енгізу барысында ең алдымен олардың феодалдық топтарын өзіне қаратуға ұмтылды. Мысалы, Қазанды бағындыру барысында татар мырзаларының біраз бөлігі орыс патшасына қызмет етуге Қазан хандығы жерінен кеткен-

дігі белгілі. 1551 жылы наурызда Иван Грозный Қазанға Шиг Алейді Хабаров бастаған 500 орыс атқыштарымен (стрельцы) енгізер алдында бұрынғы Қазан ханы Сафы-Гирейдің жесірі Сюнбекиді (Сүйінбикені) ұлы Утемышпен Москваға келуін талап етеді<sup>1</sup>. Кейінірек бұларға үкімет әкімшілік жолмен Россияның ішкі аудандарына жер аударып, оларға байырғы орыс жерлерінен поместье түрінде иелік бергендер де қосылды. Солардың қатарында Қасымов хандығының қызметтегі татарлары да бар болатын<sup>2</sup>.

Бұл саясат Борис Годунов үкіметі тұсында да өз жалғасын тапты. Үкімет Сібір воеводаларына берген нұсқауларында мүмкіндігінше Көшім хан және оның төңірегіндегі мырзаларымен келісімге келуді, сөйтіп, оларды патша қызметіне өтуге көндіруді тапсырды. Осы саяси бағытты іске асыру барысында Көшім ханның немере інісі, әрі қолбасшысы Мәметқұл семьясымен, ханның сегіз әйелі, ұлдары Әбілқайыр, Асманак, Шаим, Бипатша және сегіз қызы, бірнеше мырзалары тұтқынға алынып Москваға жөнелтілді<sup>3</sup>. Бұл операцияны іске асырған воевода Андрей Воейков өзінің патшаға жолдаған хатында: «...послал Кучюмова царя сыскивать в Чаты и в Колмаки, и где он Кучюма царя найдет, и я холоп твой приказал ему говорит Кучюму царю, чтобы Кучюм царь ехал служить к тебе Государью вся Руси, а ты Государь царь и Великий князь Борис Федорович всея Руси его пожалуешь своим жалованьем»<sup>4</sup>— дейді. Хаттан воеводаның патшадан Сібір ханын бүкіл семьясы, туған-туысы, қызметтегі мырзаларымен Москваға жөнелту туралы арнайы тапсырма алғандығын байқау, әрине, қиынға түспесе керек.

Сібір ханын, оның айналасындағыларын семьясымен Москваға алдыру, сөйтіп, поместье, вотчинаға иелік, шен-шекпен, қызмет беру оларды біржола бағындырудың және ымыраға келтірудің ең сенімді жолы еді. Патша үкіметінің Сібір саясаты туралы жақсы жазған авторлардың бірі Карамзин: «Тщетно Государь,

<sup>1</sup> Русская военная сила. Очерк развития выдающихся военных событияи от начала Руси до наших дней. вып. III, М., 1889. 23-б.

<sup>2</sup> Усманов М. А., Татарские исторические источники... 29—30-б.

<sup>3</sup> Акты исторические, т. II, СПб., 1841, с. 4—5.

<sup>4</sup> Сонда, 3-б.

желая водворить тишину в своем новом, отдаленном Царстве, обещал даже оставить его царем в земле Сибирской, если он с покорностью явится в Москву»,<sup>1</sup> — деп жазған болатын. Бұл саясатты іске асыру жұмысына тұтқындағы ханзада Әбілқайырдың да тартылғанын айта келе ол: «О том же писал к отцу и пленник Абдулхаир, словеса великодушие Феодора, который дал ему и царевичу Маметкулу богатые земли и собственность, любя живить смертных и миловать виновных»<sup>2</sup>, — дейді.

Мұндай саясат патша үкіметіне Россияға іргелес орналасқан басқа шығыс халықтарын үркітіп алмау үшін де қажет еді. Москвада, әрине, Оразмұхаммедтің кім екенін жақсы түсінді. Сондықтан да үкімет оны Қазақстанмен арадағы қатынасты пайдалану қажеттігін де ұмытқан жоқ болатын. Оны біз Федор патшаның Тәуекел ханға жауабынан, сондай-ақ Оразмұхаммедтің ағасына жолдаған хатынан анық байқаймыз. Біріншісінде патша Көшім және Бұқар ханы Абдолламен күресте Тәуекелден көмек сұраса, соңғысында тұтқындағы ханзада ағасына қуатты орыс патшасы қол астына өтуге кеңес береді<sup>3</sup>.

Сонымен бірге үкімет Оразмұхаммедтің Москвада тұтқында болуын басқа саяси мақсатта пайдалануға да тырысты. Оразмұхаммедтің патша сарайында шетелдік жоғарғы елші, өкілдерді ресми қабылдауларға қазақ ханзадасы (царевич) ретінде қатынасуынан, әрине, үкіметтің оны сырт көз алдында өз билігінің географиялық және этникалық ауқымын кең етіп көрсету мақсатында да пайдаланғанын аңғару қиын емес.

Жалпы бұл кез Москвада Оразмұхаммед, Мәметқұл, Сейтек сияқты хан тұқымдары аз емес еді. XVI—XVII ғасырлардың іс-қағаздарында ол туралы қызғылықты деректер сақталған. Мысалы, құпия приказдың іс қағазында: «...При царе Борисе Федоровиче всея Руси служили: царевич Казанские орды (казахские деп оқыңыз — М.Қ.) Ураз Магмет, царевич Сибирской Маметкуль, царевич Шемарханьский Шихим, царевич Ургеньский Умамет<sup>4</sup> — делінген.

<sup>1</sup> Карамзин Н. М., История государства Российского, т. X, СПб., 1834, с. 21.

<sup>2</sup> Сонда.

<sup>3</sup> Казахско-русские отношения., 9, 11—12-б.

<sup>4</sup> Дела Тайного приказа, т. 22, кн. 2, СПб., 1908, 61, 62, 63-б.

Біз қарап отырған кезенді зерттеушілердің бірі Р. Г. Скрынников Борис Годунов билікке келген соң өзінің кешегі жаулары мен қарсыластарына атак пен құрметті үйіп-төгіп, олардың кінәмшіл менмендігін қанағаттандыруға тырысты дейді<sup>1</sup>. Бұл саясат жаңа қосылған және іргелес жатқан елдермен қатынаста да өз жалғасын тауып отырды.

Патша өзінің сібірлік тұтқындарынан да шен, құрметті аяған жоқ болатын. Сейтек вотчинаға иелік, ал Оразмұхаммед болса алдымен поместье, ал кейіннен Қасымов хандығын алғандығы белгілі. Міне, осы келтірген фактілер Сібір тұтқындарының семьяларының, жақын адамдарының да Москваға алынуын заңды құбылыс ретінде қарауға негіз береді. Олай болса ата-бабасынан бері қазақ хандарына қызметте келе жатқан Қадырғали бидің Оразмұхаммед семьясымен бірге, сол семьяның қызметіндегі қарашы биі ретінде Москваға аттануы да толық мүмкін жай. Және ол жалғыз емес, онымен бірге қазақ даласынан арғын Жаныш би, қыпшақ Тоқа би, қазақтармен аралас жатқан ноғай елінен исбай маңғыт Сыбай билер де бар еді. Олай дейтініміз бұл рулардың сол кезде Ока бойындағы Қасым хандығы құрамында болуы, әрине, көңілге қонбайды. Демек, Қадырғали биді Оразмұхаммед семьясымен бірге барған қарашы билердің бірі ретінде қарауға болады. Ал орта ғасырларда қарашы би, бектердің өз әміршісімен басқа жұртқа ере кетуі қатардағы заңды құбылыс болған.

Егер сібірлік Қарашыға келсек, ғылымға әзірге белгілі деректер көрсеткен мынадай жайларды еске алмаса болмайды. Сібір «жылнамаларының» баяндауы бойынша сібірлік Қарашы ұзақ жылдар Көшім қызметінде болған. Сондай-ақ ол тек Көшім ханға ғана ықпалды емес, бүкіл Ертіс бойындағы халық арасында беделді саяси қайраткер ретінде көрінеді. Г. Ф. Миллер ол туралы «он самый могущественный из татарских мурз»<sup>2</sup>, — дейді. Қарашының Көшімнен кетуін жылнамалар ханға тиген ең үлкен соққылардың бірі ретінде қарайды. Ал Сібір воеводалары бұл жайды Москва үкіметіне аса маңызды жаңалық есебінде хабарлаған.

Мұнымен қатар жылнамаларда «Қарашы ұлысы»,

<sup>1</sup> Скрынников Р. Г., Борис Годунов. М., 1983, 123, 137-б.

<sup>2</sup> Миллер Г. Ф., История Сибири, т.1. М.— Л., 1937, 240-б.

«Қарашы көлі», «Қарашы қалашығы»<sup>1</sup> деген атаулар да жиі кездеседі. Міне, осы фактілер сібірлік Қарашының бұл өлкеде келіміз емес, бұрыннан тұрып келе жатқандығын, ал Көшім ханда бір емес, ұзақ жылдар бойы қызметте болғандығына дәлел болса керек. Осыған байланысты М. А. Усмановтың Сібір жылнамаларына сүйене отырып, «Карачи был совершенно независим от Уразмухаммеда»<sup>2</sup> деуі және оның Сейтектен бірігіп әрекетке көшуі бері дегенде 1548 жылдан басталады деп санауы<sup>3</sup> көңілге қонады. Бірақ осы уақытқа дейін Қарашының Көшімнен кету себебі белгісіз себептермен зерттеушілердің назарынан тыс қалып келеді. Қысқаша болса да осы мәселеге тоқталып өтейік.

Батыс Сібір өлкесіндегі осы кезеңдегі саяси жағдайды Шейбанидтер династиясы мен Тайбұғы династиясы арасындағы ертеден келе жатқан күрес контекстінде қарамасқа болмайды. Сол күрес барысында 1563 жылы шейбанид Көшім Тайбұғы тұқымы Едигер мен Бекболатты өлтіріп<sup>4</sup>, Сібір билігін өз қолына алған болатын. Жылнамалар Бекболат ұлы Сейтекті Бұқарға қашырды дейді<sup>5</sup>. Ол кез Сібірден бергі қазақ даласы да Бұқарға жатқызылған.

Сібір жылнамаларынан Сейтектің Шейбанид Көшімге қарсы тайбұғылықтардың күресін жалғастырғанын, ал 80-жылдары белсенді қимылға көшкенін байқаймыз. Ремезов жылнамасы Сейтек Қарашымен бірге 1584 жылы тамыз айында қайтыс болған Ермактың қару-жарағын бөлуге қатысты дейді<sup>6</sup>. Жалпы жылнамаларда бұл жылдың аталуы кездейсоқ емес.

1584 жыл Көшім үшін өте ауыр жыл болған. Бұл жылы оның қолбасы інісі Мәметкүл тұтқынға алынып, Москваға жіберілді. Тура осы жылы ханға тағы бір ауыр соққы тиді. Ол оның ең ірі және жақын кеңесшісі Қарашының бөлініп кетуі еді.

Көшім хан мен оның Қарашы мырзасының арақатынасын айқындап беретін деректердің жоқтығына

---

<sup>1</sup> Сибирские летописи. Издание Императорской Археологической комиссии. Спб., 1907, 66, 277, 325, 326, 327 б.

<sup>2</sup> Усманов М. А., Татарские исторические источники..., 44-б.

<sup>3</sup> Сонда, 42—43-б.

<sup>4</sup> Сибирские летописи..., 117—118, 186-б.

<sup>5</sup> Сонда, 118, 140-б.

<sup>6</sup> Сонда, 345—346-б.



байланысты ол екеуінің араздасу себептерін толық түсіндіру мүмкін емес. Бірақ жергілікті феодалдық топтар мен Көшім арасында қайшылықтың болғандығы және алғашқылардың біразының Тайбұғы әулеті жағын қолдағандығы, Көшім мен Қарашы арасындағы араздық сол қатынастардың айқын көрінісі екендігі күмән туғызбайды. Ермакпен күрес барысында Көшімнің әлсіреуі бұл қайшылықты тереңдете түсті. Міне, осындай жағдайда жергілікті феодалдар тобының өкілі Қарашының Тайбұғы әулеті жағына шығуы, әрине, таң қаларлық оқиға емес.

Сонымен көріп отырмыз, сібірлік Қарашы келімсектен гөрі, Ертіс өңірінің байырғы тұрғынына көбірек ұқсайды. Бұл мәселеге байланысты жалғыз дерек — Сібір жылнамаларының көрсетуіне сүйенсек, Қарашының қазақ хандарынан Шейбанид және Тайбұғы династияларымен байланысының тереңдігін аңғару қиынға соқпайды. Ал бізге белгілі «Жинақ» авторының атабабасынан бері қазақ хандарының қызметінде келе жатқандығы анық. Оның үстіне XVI ғасырдың 70—80-жылдары Қазақ және Сібір хандықтарының арақатынасы шиеленісе түскендігі, тіптен олардың арасында қарулы қақтығыстардың болғандығы да белгілі<sup>1</sup>. Сондай жағдайда Қарашының қазақ хандарының бітіспес жауы Көшім ханда да қызметте болуы, әрине, көңілге қонбайды.

Қорыта айтқанда, біздің пікірімізше, біріншіден, «Жинақ» авторы Қосымұлы Қадырғали би мен Тобылда тұтқынға алынған, Көшім ханның, кейіннен Сейтек ханның қызметінде болған Қарашы мырза бөлек кісілер. Екіншіден, Қадырғали бүкіл саналы өмірін қазақ ханы Шығайда, оның ұлы Ондан сұлтанға қызметте өткізген, кейінірек оның ұлы Оразмұхаммед тұтқынға түскенде сұлтанның семьясымен бірге және басқа билер сияқты кеңесші би есебінде Москваға жіберілген.

---

<sup>1</sup> Чулошников А. П., Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских народов. Оренбург, 1924, ч. I, 137-б; Абусейтова М. Х., Казахские ханство во второй половине XVI века. Алма-Ата, 1985. 50—55-б.

## «Жинақтың» жазылу дәстүрі туралы

XIV—XVI ғасырларда ыдыраған монғол империясының орнында Еділден Батыс Сібір жазығына дейінгі аралықта түркі тілдес тайпалардың экономикалық, әлеуметтік және саяси даму, кемелдену барысында жеке-жеке халықтық бірлікке өту процесі жүріп жатты. Орталық Азияның көне дәуірден бері негізгі тұрғындарының бірі болып келген түркі тайпаларының жеке халықтық (народность) бірлікке көшуі олардың бұдан былайғы қоғамдық және мәдени дамуының алғышарты еді. Ф. Энгельс бұл кезең туралы: «Из смешения народов, происходившего в раннем средневековьи, постепенно развивались новые национальности»<sup>1</sup>— деген болатын. Бізге белгілі этникалық ұғым — ұлттық бірлік, әрине, кейінгі ғасырлардың, басқа экономикалық-қоғамдық қатынастардың үлесіне тиеді, дегенмен сол бірлікке апаратын алғашқы қадамдар осы кезеңде-ақ жасалған болатын.

Бұл күрделі процесс сол кездің өзінде-ақ экономикалық және саяси қатынастармен қатар, рухани өмірде де өз көрінісін тапқан. Көне түркі тілі негізінде қазақ, өзбек, қырғыз, татар және басқа туыс тілдердің, сол тілдерде жазылған не айтылған көркем ой туындыларының қалыптасып дамуы, жалпы рухани қондырғыда ұлттық нышандардың тереңдеп, айқындала түсуі соған айғақ болса керек. Жалпы қоғамдық өмірде бұл процесс, жеке халықтың саралану процесі бірсыдырғы кедергісіз, қайшылықсыз жүрді десек мәселені тура түсінбегендік болар еді. Жеке халықтың саралану, даму процесі, әсіресе рухани салада баяу жүрді. Оның жолында көлденең феодалдық бытыраңқылық, ортағасырлық діни фанатизм, таптық қанау, ірілі-ұсақты феодалдық қақтығыстар мен соғыстар тұрды. Соған қарамастан қоғамның объективті даму қажеттілігінен туындаған бұл құбылыс, жеке халықтардың қалыптасып дамуы, қоғамдағы мыңдаған кедергілерді жеңіп өтіп, ақыр соңында өз логикалық шешімін тапты. XVI ғ. соңына қарай

---

<sup>1</sup> Энгельс Ф., О разложении феодализма и возникновении национальных государств; Маркс К., Энгельс Ф., Соч., т.21, 409-б.

бұрынғы түркі тілдес тайпалардың, тайпалық одақтардың орнына ағайынды өзбек, казак, қырғыз, татар және басқа халықтар біржола қалыптасты, олардың қайсыбірі өзінің ұлттық мемлекетін құруға әрекет жасады.

Аталған халықтардың этникалық бірлік ретінде өзін-өзі тану санасының оянуы, саяси және мәдени дербестікке ұмтылуы өз көрінісін қоғамдық сананың белсенді бөлігі тарихтануда анық байқатты. XVI—XVII ғасырларда Орта Азия және Қазақстанда дүниеге келген, не болмаса осы өлке өкілдерінің қаламынан туған белгісіз автордың «Таварих-и гузида-йи нусрат-намесі», Өтеміш Қажының «Шыңғыс намесі», Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи шахи», Абылғазының «Шаджара-йи турк ва могулы» және басқа көптеген еңбектер осыған айғақ.

Халықтардың саяси және әлеуметтік тәуелсіздігі үшін күрес барысында өз тарихын білуге ұмтылуы тек Орта Азия, Қазақстан ғана емес, бұл өлкеге іргелес орналасқан басқа да Орталық Азия елдеріне тән құбылыс болатын. Тура осы мезгілде Шығыс Түркістанда дулат Мырза Мухаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди», чорас Шах Махмудтың «Тарих», Шығыс Монғолияда белгісіз авторлардың «Алтан тобчи» және «Шара туджи», Санан Сэцэннің «Эрдэнийин тобчи», Лубсан Данзанның «Алтан тобчи» сияқты еңбектері дүниеге келген еді.

Негізгі мәні XIII ғасырда күшпен құрылған монғолдар империясының құлап, оның орнына тайпалық құрылысты ауыстырған халықтық бірліктің және сол жеке халықтық тұтастыққа негізделген мемлекеттердің қалыптасуы болған бұл тарихи кезеңде тарихтану еңбектерінің жазылуына түрткі боларлық себептер жеткілікті еді. Солардың ішінен ең негізгілері ретінде Шыңғыс тұқымдары және басқа феодалдық топтардың саяси билік үшін жүргізген талас-күресі, таптық қайшылықтың шиеленісуі, халықтардың өзін-өзі тану санасының оянуы, қоғамның жалпы мәдени дәрежесінің, соған байланысты рухани талабының өсуі десек қателеспеген болар едік.

Бұлардың ең іргелісі де, әрі өміршені де еңбекші халықтың әлеуметтік теңдікке ұмтылуы және оның халықтық санасының оянуы болғанымен, ол феодалдық, антагонистік қоғамдық қатынастар жағдайында феодалдар тобының идеологиялық құралы болған діннің көмегімен ылғи да артқа ығыстырылып, тұншықтырылып

отырды. Қоғамдық өмірде саяси билікті қолында ұстаған Шыңғыс тұқымдары — сұлтан-төрелер тарихи еңбектердің бет-бағдарын анықтап, оларды өздерінің таптық, династиялық мүддесінің қуатты құралына айналдыруға тырысты.

XVI—XVII ғасырлар орталық идеясы «әлемдік билік» болған шыңғыстық идеологияның әлі де болса өрлеу кезеңі еді. Ол, тарихшы В. П. Юдиннің дәл басып айтқанындай, «хан» атағының тек Шыңғыс тұқымының қасиетті үлесі екендігі түркі-монғол қоғамдарында ешқандай күмән тудырмайтын аксиомаға айналған заман болатын<sup>1</sup>. Міне, осыған байланысты саяси билікті қолына алған үстем тап өкілдері Шыңғыс тұқымы болмаса хан атануға хұқысыз болды, сондықтан да өз биліктерін шартты болса да хан сайланған Шыңғыс тұқымдарының атынан жүргізді (мысалы, Едіге би), не болмаса өздерінің Шыңғыс ұрпағы екендігі жайлы лақаптар таратты (Әмір Темір, т.б.).

Міне, осындай жағдайда хан сарайында, не оның төңірегінде жазылған тарихи еңбектер Шыңғыс тұқымдары билігінің мәңгілігін уағыздауға, оған құлдыққа шақыруға міндетті болды. Сондықтан да олар көп жағдайда Газан, Шайбани, Абылғазы сияқты хандардың тікелей нұсқауы бойынша жазылды немесе олардың өздерінің қаламынан туды. Осы бағытта жазылған феодалдық тарихи еңбектердің орталық идеясын орта-азиялық тарихшы Өтеміш Қажы былай берген болатын: «Бұдан былай қарашылар билігі мәңгі жойылсын!»<sup>2</sup>.

Біз қарап отырған мезгілде Орта Азия мен Шығыс Түркістанда өмірге келген тарихи еңбектерге тән тағы бір ерекшелік ол өткен тарихты баяндауда бірнеше дәстүрдің бас қосуы. Атап айтсақ, монғолдық, араб-парсылық және түркі халықтарының дәстүрі болатын. Жалпы бұл үш дәстүрді де өз жұмысында алғаш рет шеберлікпен пайдалана білген Рашид ад-дин болды. Оның әлемге әйгілі еңбегінің қай заманда болмасын ескірмей жаңғырып отыру сырының түп төркіні де осында болса керек.

Орта Азия халықтарының тарихи танымының, ойы--

---

<sup>1</sup> Юдин В. П., Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая...—«Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI—XVIII вв.» Алма-Ата, 1983, 114-б.

<sup>2</sup> Сонда.

ның одан ары дамуына аталған мектептердің ықпалының тигенін, сонымен бірге түркі халықтарының ілгері заманнан тарихи ойды дамытуда өзіндік салты мен дәстүрі, мектебі болғандығын атап айту абзал. Оның бірден-бір нанымды көрінісі түркі қағанаты дәуірінен бізге жеткен Күлтегін, Білге қаған және Тоныкөк құрметіне қойылған құлпытастардағы жазулар.

Ойымыздың дәлелді болуы үшін, ең алдымен, бұл ескерткіштердің дүниенің басқа да аудандарында сол тұста жазылған шығармаларға тән рухта, көтерген қоғамдық жүгі бойынша олармен өзектес екендігін атап айту қажет. Феодалдық қоғамның, әсіресе, оның ерте даму кезеңдері тұсындағы негізгі ерекшеліктерінің бірі — саяси бытыраңқылық. Ол қоғамдық тақырыпқа жазылған ортағасырлық шығармалардың ең негізгі мәселелерінің бірі болған. Оны біз көне түркі жазуларынан да анық байқаймыз. Білге қаған елінде ауызбірліктің кемдігіне налып: «...Аштықта тоқтықты түсінбейсің, бір тойсаң, аштықты түсінбейсің, сондығың үшін алдандың, қағанның тілін алмадың, жер-жерге бардың, әбден алқындың, арыдың»<sup>1</sup> — десе, Күлтегін құрметіне қойылған құлпытас авторы «атамыз, бабамыз ұстаған жерсу иесіз болмасын», — деп өсиет айтып, бірақ елінен татулықтың кеткеніне мұңайып: «О, қасиетті Өтүкен қойнауының халқы, бардың, біресе ілгері шаптың, біресе кері шаптың, барған жерде не пайда таптың? Қаның судай ақты, сүйегің таудай жатты, бек ұлдарың құл болды, пәк қыздарың күң болды»<sup>2</sup>, — десе, Тоныкөк құлпытасын жаздырушы өз елінің тәуелсіздігіне сырттан төнген қауіпті түсінгенде «түнде ұйқым келмеді, күндіз отырғым келмеді»<sup>3</sup>, — дейді.

Ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлмеген қоғам болмаған. Феодалдық қоғам да (оның бастапқы және дамыған сатыларында да) бұл мәселеден тыс қалған емес. Сол ұрпақ тәрбиесінің негізі де, басты бағыты да өткенде болған өнегелі істерді үлгі ету, бүгінгі тілмен айтқанда тарихпен тәрбиелеу болған. Көне түркі ескерткіштерінде ел басқару ісінде қағаннан кейін білгелердің тұрғандығы айтылады. «Азғана түркі халқы көшпелі еді, қаға-

---

<sup>1</sup> Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы. Алматы, 1967, 36-б.

<sup>2</sup> Сонда, 37-б.

<sup>3</sup> Сонда, 48-б.

ны алып еді, ақылгөйі білге еді»<sup>1</sup>, — дейді. Сөйтіп азаматтық (әскери емес) биліктің басында қағанның, ал рухани биліктің басында білгенің тұрғанын айтады. Әрине, білге жаңа қалыптасып, нығайып келе жатқан феодалдық қатынастар жағдайында қағанның әлеуметтік тірегі екендігі рас. Бірақ сонымен бірге оның белгілі дәрежеде өз заманына лайық идеологиялық тәрбиелік міндет атқарғанын да ұмытуға болмайды. Рухани дамудың әлі де болса балаң заманында оның «білге», демек, өмір таныған көсем атануы да соған меңзейді. Білге қоғам үшін, ең алдымен, әрине, өткен ұрпақ тәжірибесін жетік білетіндігімен және жаңа ұрпақты сол тәжірибеге белсенді түрде баулуымен ерекшеленсе керек.

Көне түркілердің рухани мәдениет саласындағы жетістіктері ізсіз өте шыққан жоқ болатын. Рашид ад-дин Таян хан өткізген үлкен бір жиында Құба-тегин жырау айтқан жырдан қара сөз түрінде үзінді береді. Онда жырау араларына алауыздық араласқан ағайынды Бұюрық және Таян хандарға наймандар бірлікте болған Эниат хан мен Нарқыш-Таян заманын үлгі етіп, оларды, «теңіздей толқыған» найман ұлысын бірлікке шақырады.<sup>2</sup>

«Юань ши» Шыңғыс қолдарының ойранына дейін наймандар ұлысында іс қағаздарын жүргізілгендігін, олардың түркі тілінде жазылып, ханның алтын мөрімен бекітілгендігін айтады. Мөр алым-салық және басқа маңызды іс қағаздарына басылған. Деректер бойынша Таян ханның ең соңғы хатшысы, алым-салық ісін жүргізуші жақын адамы Тататуна деген ұйғыр болған.<sup>3</sup>

Монғолдардың қолына түскен Тататуна енді оларды іс қағазын жүргізуге баулып, ханзадаларды ескі түркі әрпі арқылы монғолша жазып-оқуға үйреткен. Осы арада еске алатын бір жай, яғни егер наймандар монғол тілдес қауым болса, Шыңғыс хан хатшыға «ханзадаларға өз тілінде (демек, монғол тілінде — М. Қ.) ұйғыр әрпімен жазуға үйрет»<sup>4</sup>, — деп әмір бермеген болар еді.

Жоғарыда келтірілген және басқа наймандарға бай-

<sup>1</sup> Сонда, 47-б.

<sup>2</sup> Рашид ад-дин. Аталған еңбек. I т., I к., 136-б.

<sup>3</sup> К а д ы р б а е в А. Ш., «Юань-ши» как источник по истории керейтов и найманов.—«Письменные памятники Востока. Историко-филологические исследования». 1976—1977. М., 1984, 255-б.

<sup>4</sup> Сонда.



ланысты кездесетін деректерден олардың тарихи танымының биік, шешендік өнерін жоғары бағалағандығын, сондай-ақ өз заманына лайық жазу мәдениетінің болғандығын көреміз. Қоғамдық даму дәрежесі бойынша керейлердің де наймандардан кем болмағандығы күмән тудырмайды. Міне, осыған байланысты найман мен керейлердің ерте феодалдық мемлекеттік бірлестіктерін Шығыс түркі қағанаты мәдениетінің мұрагерлері ретінде қарауға негіз бар сияқты.

Түркілердің мәдениет, қоғамдық ой, соның ішінде тарихтану саласындағы жетістіктері керей, найман және басқа түркі қауымдары арқылы монғолдарға жетіп, олардың мәдени дамуына айтарлықтай үлкен ықпалын тигізді. Сондай-ақ біз қарап отырған мезгілде монғол және түркі руларының өзара жақындасуына, бір-бірінің мәдениет, рухани өмір саласындағы жетістіктерін қабылдауға қажет алғышарттар жеткілікті болатын. Олардың ең негізгілері ретінде, біріншіден, екі жақтың да экономикалық және басқа қоғамдық қатынастарының даму дәрежесінің жақындығын, екіншіден, олардың рухани өмірде өзара ықпалды болуына кедергі жасар әлемдік діндерді де әлі де қабылдай қоймағандығын бөліп айту орынды<sup>1</sup>.

Сонымен бірге, біз егер деректерге сүйене отырып бұл өзара ықпалда XIII ғасырға дейін басымдық түркілер жағында болды десек, шындықтан ауытқымаған болар едік. Оған дәлел ретінде керей, наймандарда негізін Шыңғыс қалаған монғол мемлекеті құрылғанға дейін-ақ ерте феодалдық мемлекеттік бірлік болғанын және жоғарыда айтқандай жазба мәдениеті қалыптасып, іс қағазы жүргізілгендігін айтсақ та жеткілікті.

XIII—XIV ғасырларда түркі-монғол халықтары арасында ауызекі тарих дәстүрінің терең тамыр жайғанының нақты айғағы монғолдардың «Құпия тарихы» мен Рашид ад-дин еңбегі болып табылады. Монғол тарихшысы Ш. Бира «Монгольская историография (XIII—XVII вв.)» атты зерттеуінде «Джами ат-тауарихта» көне түркілер мен монғолдар тарихына үлкен көңіл аударылғанын айта келіп, бұл бөлім түгелдей ескі монғол

---

<sup>1</sup> Көшпенділік өмір салты басқа отырықшы елдердегідей діннің терең етек жаюына кедергі болды. Соған байланысты түркі-монғол елдерінде діни фанатизм өзінің классикалық даму дәрежесіне жеткен емес.

тарих айту дәстүріне сүйенеді»<sup>1</sup> деген пікір түйеді. Әрине, белгілі еңбектің алдымен монғолдық жазба және ауызекі деректерге негізделгенін еске ала отырып, бұл пікірдің жалпы шындыққа жақындығын мойындамасқа болмайды.

Сонымен бірге, бұл пікір біржақтылықтан да ада емес. XIII ғасырдағы монғолдар мен шығыс түркілерінің тарих айту дәстүрінде айырмашылықтан гөрі ортақ жайлар басым болды. Оның үстіне Рашид ад-дин еңбегіне берген кіріспе бөлімінде жұмыста баяндалған түркі-монғол халықтарының тарихына байланысты деректерді сол елдердің аса беделді деген шежіре айтушыларынан және өзіне жеткен кітаби еңбектерден теріп, ешқандай еркін бұрмалаусыз, өзгертпей, сол күйінде оқушыға жеткізуге ұмтылғанын айтады, ал шежіре айтушылар қатарында Пулад Чинсан, Газан ханмен бірге көптеген түркі халықтарының өкілдері де болғанын аңғару қиын емес<sup>2</sup>. Осыған байланысты Рашид ад-диннің еңбегін белгілі дәрежеде XIV ғасырға дейін түркі халықтары арасында сақталып келген тарихи деректердің теңдесі жоқ жиынтығы, олардың тарихи таным деңгейінің, тарих айту талғамының, бір сөзбен айтқанда, тарихи ойының энциклопедиялық көрінісі ретінде қарауға толық негіз бар. Сондықтан да, парсы тарихшысы еңбегіндегі көне түркі және монғол халықтарының тарихы бұл екі халықтың да тарих айту дәстүріне бірдей негізделген деп айта аламыз.

Рашид ад-дин еңбегінде түркі және монғол халықтары арасында тарихи материалдарды есте сақтау және оларды жатқа айту дәстүрінің айтарлықтай жақсы даму алғандығын ескертіп, бұл саладағы деректерді тарихи реконструкцияда пайдалану принциптерін де береді. Ғалымның пікірі бойынша әрбір халықтың тарихи зердесінде сақталып келген аңыз әңгімелерде берілген деректердің бәрі де құрметтеуге лайық. Олардың ішінде шындық пен жалғанның аралас жүруі де ықтимал, бірақ соған қарамастан тарихшының міндеті белгілі шежірешілер жеткізген деректерді өзгертпей, сол күйінде беру<sup>3</sup>. Демек, олардың арасынан тарихи шындықты ажыратып

<sup>1</sup> Бира Ш., Монгольская историография (XIII—XVII вв.), М., 1978, 141-б.

<sup>2</sup> Рашид ад-дин., Аталған еңбек. т.І. кн.І. 47—48, 50, 68, 69, 75-66.

<sup>3</sup> Сонда, 47, 48, 50, 56-б.

алу — оқушының ісі. Парсы тарихшысы еңбегінің орта ғасырларда, одан кейінгі кезеңдерде де түркі халықтарының арасында өте кең мәлім болып кеңінен тарауының бірден-бір себебі де оның түркі тайпаларының көне тарихын беруде тарихи шындыққа жақындағында еді.

«Джами ат-тауарихтың» негізгі деректерінің бірі біздің заманымызға жетпеген «Алтын дәптер» атты тарихи еңбек екендігі белгілі. Мамандардың пікірі бойынша, бұл шығармада монғолдардың шығу тегімен қатар, олармен тығыз байланыста болған түркілердің де шежіресі берілген<sup>1</sup>. Бұл пікірдің жорамалдан шындыққа жақын екендігін Рашид ад-диннің өзінің көрсетуінен анық байқауға болады. Мысалы, ол жалайырлардың монғолдармен қақтығысы туралы айтқанда, сол «Алтын дәптерге» сілтеме жасайды<sup>2</sup>. «Алтын дәптердің» монғол феодалдарының, анығырақ айтсақ, Шыңғыс руының ең алғашқы жазба тарихы екендігін еске алсақ, көңілге оның пайда болуына түркілердің тікелей ықпалы тиген жоқ па деген заңды сауал оралады. Олай дейтініміз мемлекеттік құрылыс, әскер құру тәртібі және жазу мәдениетін игеруде найман, керейлердің тікелей ізбасары болған монғолдардан өз жазба тарихын жасауда да олардан көп нәрсені қабылдауы толық ықтимал. Тіптен «Алтын дәптерді» кезінде найман ханы Таянда қызметте жүргенде түркі руларының шежіресін кітапқа түсіріп, тәжірибе жинаған Тататунаның да жазуы толық мүмкін ғой. Олай болса «Алтын дәптердің» үлгісі есебінде болған керей немесе найман хандықтарында өмірге келген түркі руларының жазба шежіресінің болмағандығына кім кепіл?

<sup>1</sup> Шыңғыс әскерінің түркі руларын жеңіп, ата қоныстарынан ығыстыруы олардың саяси белсенділігінің әлсіреуіне, соның негізінде ескі түркі мәдениетінің біржола құлдырауына әкелді. Тек XIV—XV ғасырларда ғана монғолдар империясының ыдырауына байланысты түркі халықтарының жаңа сапада қайта жанданып дербес ел болып қалыптасып, өздерінің ұлттық тілі мен мәдениетін дамытуға қажет шарттар түзіле бастады. Осы кезеңде түркі елдерінің рухани жаңғыруының басында тұрған алыптардың бірі, түркі тілінің әдеби және ғылыми тілге айналуына көп күш жұмсаған Әлішер Науаи, «Фархад

<sup>1</sup> Б и р а Ш., Аталған еңбек, 138-б.

<sup>2</sup> Р а ш и д а д-д и н., Аталған еңбек. т.І. кн. 2, 180-б.

пен Шырын» дастанында бұл мәселеге өз қатынасын мына жолдарда дәл берген еді:

Хосроумын, Низамимын дей алман,  
Шайырлардың тәңірісі Жәмиға да ере алман.

Низами — жеңімпазды, ақылы мол,  
Берда, Ганжа, Румды табындырды ол.

Хосроудың сөзі шырын, тілі бал,  
Үндістанды жаулап алды бір өзі ол.

Бүкіл Иран бір Жәмиды тыңдайды,  
Бүкіл араб Жәми сөзін сыйлайды.

Бірақ, бірақ қалың ру, қалың қауым түркілер,  
Менің ғана сөзімді естіп іркілер.

...Шираз бенен түрікменнің даласы,  
Хорасан мен Қытай шебі арасы.

Қайда жүрсін, түркі сөзін ту етіп,  
Сап түзеуге түркілерде бар ерік.

Бұл қисаны шетсіз, шексіз мұң толы,  
Жан азабы, биік сезім, сыр толы.

Жаздым үлкен шабытпенен күңіге,  
Жанға жылы түркі ана тілімде<sup>1</sup>.

Әлішер Науаи өзінің негізгі шығармасы «Хамсені» түркіше жазды. Ұлы ойшылдың сенімі бойынша тек осы тіл ғана оның бар болмысын, арман-тілегін, мақсат-мүддесін толық жеткізе алатын еді. Қайшылыққа толы қатал заманында тек түркі ғана оны этникалық, рухани бесігі, ең қымбат асылы — туған халқымен мәңгіге біріктіре алатын еді.

Бірнеше жүз жылдық үзілістен кейін жаңа сапада түркі тілінің жаңғыруы және оған қажеттіліктің артуы түркі халықтарының саяси белсенділігінің өсуінің, этникалық, мәдени дербестікке ұмтылуының айқын көрінісі болатын. Егер бұл сапалы құбылысқа халықтардың өзін-өзі тану (самосознание) санасының оянуы деп қарасақ, ол процестің қоғамның барлық әлеуметтік бөлігін қамтығаны, сондай-ақ ол бір күндік немесе бір жылдық эмоциялық сілкініс емес, халық өмірінің ең тереңінен бастау алып, өніп-өсіп отырған, мұқалмас нақты күш болғандығы да даусыз. Халықтың қабағын бағып отыру-

---

<sup>1</sup> Н а в о и А л и ш е р., Поэмы. Перевод со староузбекского (М., 1972) деген кітаптың 328—329-беттерінен алып, өзіміз қазақшаға жолма-жол аудардық.

ды әдетіне айналдырған билеуші феодалдық топтар, әрине, бұл өзгерістерді елемей қалған жоқ, қайта оны өздерінің таптық мүддесіне пайдалануға тырысты. Осы мақсатта хан-сұлтандардың нұсқауы бойынша араб, парсы тілдерінен түркіге Шығыс тұқымының мәңгі билігін дәріптейтін аудармалар жасалынды, сондай-ақ түркі тілінде осы мазмұндағы жаңа еңбектер жазыла бастады. Мысалы «Қыпшақ хан тарихының» көрсетуінде Дашт-и Қыпшақ ханы Шах-Будагтың (XV ғ.) нұсқауы бойынша оның сарайында парсыдан түркіге еңбектер аударылған<sup>1</sup>. Ал оның ұлы Мұхаммед Шайбани хан (XV—XVI ғ. бас кезі) өзі түркіше шығармалар жазып және сол тілге белгілі кітаптарды аудартқан. Өз еңбегін XVII ғасырдың орта тұсында жазған шайбанид Абылғазы хан сол кезеңге дейін-ақ түркіше біраз еңбектердің болғандығынан хабар беріп, өзі де «Түрік шежіресін» сол тілде, яғни бес жасар балаға дейін түсінікті болса екен деген ниетпен жазғанын айтады<sup>2</sup>. Ол еңбегіне берген алғысөзінде: «...о некоторых династиях держав, основанных потомками Чингиз хана, есть по десяти летописей, о других по двадцати, о иных по тридцати летописей. В настоящее время у меня убогого под рукою есть восемнадцать свитков, в которых заключаются исторические рассказы о потомках Чингиз-хановых, властвовавших в Иране и Туране»<sup>3</sup>,— дейді.

Абылғазы ханның билікке келгенге дейінгі күрес барысында Түркістанда Есім ханның үйінде қонақта болғандығы мәлім. Демек, Абылғазы баһадур қазақ хандарының да шежіресімен таныс болды деп сенімді айта аламыз.

Орта Азия мен Қазақстандағы жеке халықтардың өзара терең тарихи байланыстарын былай қойғанда, осы аймақтағы барлық мемлекеттік бірліктерді билеп-төстеуші Шыңғыс тұқымдары, сұлтандардың арасында да генеалогиялық тығыз байланыстың болғандығы белгілі. Демек, қазақ хандары мен сұлтандары сарайларында да шежірелер оқылып, шежірелердің жазылуы — толық заңды құбылыс. Сонымен бірге хан-сұлтандардың, дала

<sup>1</sup> Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII веков. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алма-Ата, 1969, 393-б.

<sup>2</sup> Березин И. Н. Библиотека восточных историков. т. III, часть первая, история Абуль-газы, IX, 1-б.

<sup>3</sup> Сонда, 1—2-б.

аксүйектерінің белгілі дәрежеде сауаттылықты бағалауы, өз балаларына уақыт талабына сай білім беруі, сол мақсатта араб, парсы тілдерін, шариғат заңдарын жетік білген мұсылманша сауатты дін қызметіндегі адамдарды және шағын кітапханалар ұстауы — дамыған феодалдық қоғамға тән құбылыс. Себебі қоғамдық қатынастардың күрделене түсуі, қоғамның жалпы мәдени дәрежесінің өсуі жағдайында жалғыз күшке сүйену өзін-өзі толық ақтаудан қалған болатын. Шыңғыс және оның ұлдарының жүргізген жаугершілік заманында пайда болған рулық, тайпалық араласудың орнына енді сапалы жаңа кезең — халықтық бірлік кезеңі келе жатыр еді. Жаңа заман, жаңа қатынастардың өз талап-тілегі бар, соның бірі мұсылманша сауаттылық болатын.

XVI ғасырда қазақ даласы аксүйектері арасындағы сауаттылықтың бірден-бір көрінісі Азия музейінде, кейін Шығыс институтында сақталған Оразмұхаммедтің сандығы. Академик Әлкей Марғұланның көрсетуі бойынша ол сандықта «Насап наме», «Дастан Едіге би», «Дастан Айса ұлы Ямет», «Дастан Ақсақ Темір», «Сыршы», «Дастан Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Тарихи Рашиди» және тағы басқа кітаптар сақталған<sup>1</sup>. Ә. Марғұлан шығыстанушы-ғалым академик Френнің көрсетуіне сүйене отырып, бұл сандықта сонымен бірге көптеген қазақ шежірелерінің де болғандығын айтады. Олардың ішінен «Қиян Домбауыл Мерген шежіресі», «Алашмыңы», «Үйсін Майқы би шежіресі», «Қыпшақ Кіреулі шежіресі», «Едіге би шежіресі» сияқты еңбектерді бөліп атайды<sup>2</sup>.

Бұл шежіре, дастандарды тек хан-сұлтан төңірегімен шектеу, әрине, үлкен ағаттық болар еді. Олардың көбінің аты, соған байланысты демократиялық сипаты сауаттылықтың қалың халыққа да тым жат болмағандығын байқатады. Дастан, шежірелердің негізгі жаратушысы да және кең таратушысы да, ең алдымен, әрине, халық болды.

Міне, осы келтірген фактілер мен тұжырымдар Қадырғали би еңбегінің негіздерін тұйық, анахронистік Ока жағасындағы Қасым хандығынан ғана емес, сонымен бірге Қазақстан мен Орта Азия елдеріндегі саяси-экономикалық, әлеуметтік және рухани өзгерістерден

<sup>1</sup> Марғұлан Ә., «Күміс сандық құпиясы», — «Қазақ әдебиеті», 1981, 1 қаңтар, 14—15-б.

<sup>2</sup> Сонда.



іздеуді талап етеді. Мәселені бұлай карау шығарманың табиғатына сай келіп, еңбектің деректік мәнін тура түсініп, бағалауға көмектесері сөзсіз. Бұл жалпы марксистік тарих ғылымында қалыптасқан принцип. В. И. Ленин атап көрсеткендей, «жеке фактілерді емес, қайта осы қарастырылып отырған мәселеге қатысты фактілердің бірде-бірін қалдырмай, барлық жиынтығын алу керек, өйтпейінше фактілер әдейі іріктелініп немесе ат үсті алынып отыр деген, тұтас тарихи құбылыстардың объективті байланысының, өзара тәуелділігінің орнына мүмкін, тіпті жиіркенішті істі ақтау үшін «субъективті» қойыртпақ ұсынылып отыр деген күдік және де әбден заңды күдік сөзсіз туады»<sup>1</sup>.

Сонымен Қадырғали би еңбегі — Орта Азиялық тарихи шығармалар дәстүрінде, сол арнада жазылған еңбек. «Жинақ» мағынасы мен структуралық құрылысы жағынан «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме» (XVI ғ.), Өтемиш қажының «Чингиз-наме» (XVI ғ.), Абылғазының «Шаджара-йи түрк ва моғұл» (XVI ғ.), «Тарихи Қашғар» және басқа Орта Азиялық және Шығыс Түркістандық тарихи еңбектерді еске салады.

«Жинақ» өзінің композициялық құрылысы жағынан үш бөлімнен тұрады: 1) «Бориске арнау»; 2) Рашид ад-дин еңбегінің қысқартылған аудармасы; 3) Урыс ханнан Оразмұхаммедке дейінгі Шыңғыс тұқымдарының тарихы. Тек бір дастанда ғана белгілі алтынордалық кайраткер Едіге қызметі баяндалады.

Қадырғали би жұмысының деректік негізі туралы еңбегінің соңында былай дейді: «Бұл тарихтың [жазылуына] себепші болған жоғары мәртебелі Оразмұхаммед ханның ата-анасына (бері) құлдық қыла келген жалайыр тарақ тамғалы еді. Парсы тіліндегі «Чингиз-наме»\* кітабынан түркі тіліне аударды, ал кейінгі замандар [туралы] өз естіп-білгенін алла тағала жәрдем беріп теріп жазды...»<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Ленин В. И., Статистика және социология. Шығ. толық жинағы, 30-т., 390-б.

\* Бұл арада Қадырғали би «Чингиз наме» деп «Джами атауарихтың» кең тараған екінші атын айтып отыр. Еңбектің Тегеран музейінде берілген тізімінде оның аты «Китаб Чингиз наме» делінген.— Рашид ад-дин Фазуллах., Джами ат-тауарих (сборник летописей). т. III. Перевод с персидского языка. А. К. Арндса. Баку, 1957, 12-б.

<sup>2</sup> Березин И. Н., Библиотека восточных историков. т. II. ч. I. Сборник летописей., 169—170-б.

Бұл келтірілген пікірлер кішкене де болса әсірелеудеп ада, шындыққа негізделген пікірлер болатын. Қазақ қоғамында өткенді білу, тарихқа құрмет азаматтық сапаның іргетасы есебінде бағаланды. Әрине, халықтың, оның жаңа буынының тарихи зердесін тәрбиелеу қазіргі дамыған қоғамдағыдай белгілі бір жүйеге түспегенімен, бірақ сол қоғамның талабына сай мыңдаған жылдар бойы қалыптасып, көшпелі феодалдық қатынастарға бейімделіп, жетіліп отырған тарихпен тәрбиелеу әдісі болған жоқ деп ешкім айта алмайды. Түн ұзақ маздаған ошақ басында ата мен немеренің, әке мен баланың, ақ бас қария мен уыз жастың арасында айтылған аңыз-әңгімелер, арнайы жатталып, ұрпақтан-ұрпаққа, ауылдан ауылға ауысып отырған шежіре сол жүйенің негізгі элементтеріне жатады. Ал үлкен жиын-тойларда, үш жүзді бірдей қамтыған ұлы астарда міндетті түрде өткізіліп отырған үлкен ақындар айтысы да сол қалыптасқан жүйенің маңызды бір саласы болып табылады.

Қазақ және басқа түркі тіліндегі халықтарға шежіре айту көне түркі қағанаты, мүмкін, одан да ерте замандардан жеткен. Оның сол ерте уақыттарда-ақ айтарлықтай даму алғандығының бірден-бір көрінісі, жоғарыда айтылғандай, Рашид ад-диннің «Джами ат-тауарихында» берілген түркі-монғол тайпаларының шежіресі. Рашид ад-дин түркі халықтарының ерте кезден-ақ тарихи таным саласындағы үлкен жетістіктерін және мұндай дәстүрдің міндетті түрде үзіліссіз жүргізіліп отырғанын, сондай-ақ өз еңбегін жазуда түркі халықтарының беделді өкілдерінің көрсетулеріне сүйенгендігін айтады<sup>1</sup>.

Дегенмен, бұл арада сөз ауызша тарих айту дәстүрінің ерекшеліктері туралы емес, керісінше, сол қазақ халқының өз өкілінің қаламынан туған жазба тарихи еңбек хақында. Ал XVI және XVII ғасырларға тән сол қоғамның өзінен шыққан басқа авторға тиесілі кітаби еңбектердің жоқ екендігін еске алсақ, онда Қадырғали би «Жинағынын» орны айқындала түседі. Әрине, біздің автордың қазақ тарихына қатысты берер мәліметі соншалықты көп десек, асыра бағалауға ұрынар едік. Бірақ «Жинаққа» тиесілі азын-аулақ мәліметтердің өзінің ғылыми маңызы өте құнды, оларды басқа деректік ескерткіштердегі мәліметтер ауыстыра алмайды деуге де

<sup>1</sup> Рашид ад-дин., Аталған еңбек, т.І. кн. I, 67—68-б.

лы оған арналған дастандарда, әр жерде кітаптарда болу керек»<sup>1</sup>,— дейді. Міне, осыған байланысты Қадырғали би шығармасының бұл бөлігін жазуды дерек ретінде қазақ және татар халықтары арасында кітап түрінде кең тараған тарихи еңбектерді пайдаланған деп айта аламыз. Оған жоғарыда келтірген Оразмұхаммед сандығындағы кітаптар құрамы дәлел бола алады. Олар туралы Ә. Марғұлан: «Мұнда, «дастан» деп жазылған кітаптардың аттары тегісімен Қадырғали Жалаиридың жазғаны сияқты, соның стиліне келеді»<sup>2</sup>,— дейді.

Сонымен, Қадырғали би еңбегі — ортағасырлық түркі жазба тарихы дәстүрі арқасында өмірге келген еңбек. Сондай-ақ, Қадырғали би — сол тарихи кезеңдегі мәдени дамудың деңгейі мен сипатына сай жазба тарихпен қатар, жатқа тарих айту дәстүрін де жақсы меңгерген автор. Ал ол өмір сүрген тарихи кезеңде көшпелі түркі қоғамдарында қоғамдық-мәдени құбылыс ретінде ауызша тарих айту дәстүрінің гүлдеу дәуірі еді. «Жинақта» берілген шежірелік материалдар, түркі халықтары арасында кең тараған Едіге жайлы эпостан үзінді, пайдаланылған мақал-мәтелдер соның айғағы. Міне, осы тұрғыдан алғанда Қадырғали би еңбегі — жазба және ауызекі тарих айту дәстүрлерінің өзара ықпалының тамаша көрінісі. Сондықтан да еңбекке белгілі бір тарихи кезеңде қатар даму алған осы екі дәстүрдің бірдей үлгісі ретінде қарау оның деректік сапасын тура бағалауға көмектесері даусыз.

«Жинақтың» астарлы ойы, жазу стилі, көркем тілі оның авторының таланттан құр қол еместігін, заманында қазақ қоғамында белгілі би, халықтың жүріп өткен жолын жақсы білген шежіре адам болғандығын білдіреді. Сондай-ақ Қадырғали бидің өзі өте жақсы меңгерген ана тілі түркіден басқа, парсы тілін біршама жетік, ал араб, орыс тілдерін де білгендігі байқалады. Міне, осы қасиеттер оған тайпалық одақтан халықтық бірлік жолына түскен қазақ қоғамының алғашқы жылнамашыларының бірі болуға көмектесетіндігі сөзсіз. Академик Ә. Марғұланның сөзімен айтсақ, Қадырғали бидің еңбегі — қазақ жазба мәдениетінің алғашқы үлгісі. Оның артында қалдырған мұрасы осындай қорытындыға негіз бола алады.

<sup>1</sup> Сонда, 161-б.

<sup>2</sup> Марғұлан Ә., «Күміс сандық құпиясы..», 14—15-б.

## «Жинақтың» деректік мәні туралы

Қазақ халқының ғылыми тарихын жасауда осы уақытқа дейін аз жұмыс жасалынған жоқ. Халықтың жүріп өткен жолының ғылыми реконструкциясын жасауда шешуші орын деректерге, соның ішінде, әсіресе жазба деректеріне тән екендігі мәлім. Осыған байланысты қытай, араб, парсы, орыс және ескі түркі тілдерінен аударылып жеке кітап болып басылып шыққан жинақтардың маңызы өте зор.

Сонымен бірге, кез келген халықтың нағыз ғылыми тарихын жазу, ең алдымен, сол халықтың өзі жасаған деректерді толық меңгермей мүмкін емес екендігі де талас тудырмаса керек. Егер лениндік методологияға сүйенсек, қоғам тарихында орын алған құбылысқа тән фактілердің бәрінің қосындысы ғана сол құбылыс туралы объективті тұжырымдар жасауға мүмкіншілік береді. Қазақ халқының ғылыми өмірбаянын жазудағы атқарылған жұмысқа осы тұрғыдан келсек, әрине, әлі де болса толық игерілмей жатқан мүмкіндіктер жеткілікті. Біздің пікірімізше, солардың ең негізгілерінің қатарына шежірелер, эпостар, тарихи жырлар, аңыз әңгімелер жатады.

Әрине, ауызекі тарихтың (устная историология) жазба деректері, соның негізінде жазылған ғылыми еңбектердің алдында әлсіз жақтарын асыра бағалауға болмайды. Жазба тарихтың аты жазба тарих, бұл — аксиомалық шындық. Бірақ көшпелі тұрмыс жағдайында қоғамдық қажеттіліктен туып, сонау қытай қабырғасынан Еділге дейінгі үлкен кеңістікті мекендеген түркі-монғол халықтарының мыңдаған жылдық өмірлік тәжірибесінен сусындап дамып, жетіліп отырған ауызекі тарихтың елеуге тұрарлық қырлары мен сырларын мойындамау қателік болар еді. ХІХ ғасырдың орта тұсында жаппай сауаттылыққа қолы жетпегенмен көкірегі ояу қазақ халқының тарихи танымының ерекшеліктері туралы Шоқан Уәлиханов өзінің орыс оқушыларына былай деп жазған еді: «Нет ни одного достопамятного события, ни одного замечательного человека со времени самобытной жизни этого народа, воспоминание о котором не осталось бы в народной памяти. Один воспет импровизатором, имя другого обессмертил в памяти предков какой-нибудь бессмертный знамени-

тый музыкант-чебезгичи или кобузчи. Каждый почетный киргиз родоначальник знает всю генеалогию своего рода и, чтобы быть благовоспитанным и порядочным человеком, усердно изучает народное право под руководством старого бия, пользующегося в народе репутацией, юридической известностью, и совершенствуется в красноречии, приобретая на память множество поговорок, пословиц, забавных анекдотов употребляя их для украшения своих речей... Но, увы, через десять лет мы можем сказать только: так было прежде; так стильно изменяется народ наш»<sup>1</sup>.

Ал бұдан сәл ертерек, 1846 жылы казак даласын аралап оның өмірімен жақын танысқан айдаудағы поляк революционер-демократы Адольф Янушкевич казак жырау, ақындарының танымдық өресі туралы: «Это киргизские трубадуры, барды степи, великие поэты, импровизации которых, как и талант исполнения, часто присущий киргизам, прекрасно свидетельствуют об умственных способностях этого народа...»<sup>2</sup>,— дейді. Сол сапарында көкшелік Орынбай мен Жанақтың айтысында болып, олардың айтысының қысқаша мазмұнын баяндай келіп, Жанақ ақынның жандарал мен байлардың шеншекпеніне сатылмай кешегі батырлардың ерлігін айт дегеніне Орынбай ақынның берген жауабы туралы былай дейді: «Желая доказать, что он все это знает, как молитву... Орынбай прыгнул со своей домброй не дальше и не ближе, как к сотворению мира, и, начав от Адама, воздал славу каждому из патриархов... потом переплыв в Ноевом ковчеге воды потопа, бросился с вершины Арарата на библейскую древность, не пропустив ни вавилонского Навуходноссора, ни фараонов Египта; наконец, неудержимый, словно Ниагарский водопад, запел о каждом из знаменитых мужей, которых встречал по дороге, и не передохнув ни минуты в течение часа, счастливо добрался до самого Магомета. Этот ураган песни, нависший над последними десятиями веками, вот-вот должен был упасть на головы героев исламизма и разбиться мелодичными брызгами над киргизской Ордой...»<sup>3</sup>

<sup>1</sup> Валиханов Ч. Ч., Киргизское родословие. Собр. соч. в пяти томах, т. 2, Алма-Ата, 1985, 157—158-б.

<sup>2</sup> Янушкевич А., Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Алма-Ата, 1966, 64—65-б.

<sup>3</sup> Сонда, 69—70-б.

Қадырғали би еңбегінің кіріспе бөлімінде «Джами ат-тауарих» кітабының бірінші «бөлімі бірінші тарауы» деп деректің негізгі атын анық айтады. Сонымен автордың көрсетуі, сондай-ақ еңбектің мағынасы аудармаға негіз ретінде Рашид ад-дин еңбегінің Орта Азия, не болмаса Еділ бойына жеткен бір көшірмесі алынғандығын дәлелдейді.

Қадырғали би Рашид ад-дин еңбегін толық аударған емес. Негізінен ол «Джами ат-тауарихтың» екі кітаптан тұратын бірінші бөлімінің қысқартылған нұсқасын береді. Мұнда түркі-монғол тайпаларының Шыңғыс хан империясы құрылғанға дейінгі қоғамдық өмірі, Шыңғыстың тоғызыншы атасы Бұланжардың өмірге келуі және оның Шыңғысқа дейінгі ұрпақтары жайлы аңыз, Шыңғыстың өмірбаяны және оның Газан ханға дейінгі ұрпақтарының тарихы баяндалады. Шыңғыстың ясаңдарын қосқанда мұнда барлығы 24 дастан берілген.

Аудармада объективті себептерге байланысты орын алған кемшіліктер бар екендігін айта келіп, сонымен бірге оның өн бойынан нағыз жазушылық, аудармашылық таланттың ұшқындарын байқауға да болады. Қадырғали би «Джами ат-тауарихты» еркін аударып қана қоймай, ұлы шығармада берілген адам, өзен-су, жер аттарына да анықтаулар енгізген, сондай-ақ халық арасында өз заманына дейін сақталып келген деректерге сүйене отырып, ол Рашид ад-дин еңбегінің қайсыбір детальдарын толықтыра түскен. «Джами ат-тауарихты» орыс тіліне аударушылардың бірі А. А. Ромаскевич Қадырғали бидің осы бағыттағы еңбегі туралы былай дейді: «...при установлении чтения собственных имен хулагуидских ханов очень много помог татарский текст «Сборника летописей», изданный И. Н. Березиным»<sup>1</sup>.

«Жинақтың» тікелей өзі жасаған бөлімінің деректік негізі туралы Қадырғали би ашып ештеме айтпағанымен, арагідік өз заманында ел арасында кең тараған еңбектерге сүйенгендігін білдіріп отырады. Мысалы, Темір Құтлу хан туралы дастанда: «Ол туралы хикаялар арнайы дастандарда әр жерлерде кездеседі»<sup>2</sup>,— дейді. Не болмаса, Едіге бек туралы дастанында: «Ол тура-

<sup>1</sup> Рашид ад-дин Фазуллах., Джами ат-тауарих. (Сборник летописей) т. I, кн. I, с. 13.

<sup>2</sup> Березин И. Н., Библиотека., 159-б.



болады. Өйткені, Қадырғали мәліметтері қазақ қоғамына тән процестерді сырт көз арқылы емес, (белгілі деректердің басым бөлігі осы сипатта) іштен қарауға көмектесе алады. Қадырғали би еңбегінің құндылығы да, ең алдымен, осы сапасына байланысты, қазақ тарихына қатысы бар басқа ортағасырлық деректерден айырмашылығы мен артықшылығы да оның осы қырынан туындайды. Белгілі орыс тарихшысы В. О. Ключевский Россия тарихына байланысты шетелдік авторлардың тарихи фактінің, қоғамдық өмірдің негізінен сыртқы көріністерін ғана тура баяндай алатындығын айта келіп: «Напротив, известия о домашней жизни, о нравственном состоянии общества не могли быть в такой степени верны и полны: эта сторона жизни менее открыта для постороннего глаза и притом к ней менее нежели к другим сторонам народной жизни приложима чужая мерка»<sup>1</sup>,— дейді. Бұл кез келген елдің тарихын жазуда басшылыққа алуға лайық принциптік ой еді.

Қадырғали би еңбегіндегі қазақ тарихына тікелей қатысы бар деректердің бірі мына жолдарда берілген: «Қаңлы қауымы болады екі сан. Алаш мыңы қауымы болады үш сан. Қатағин қауымы қазіргі заманға дейін үлкендерін біледі. Ал алаш мыңы арасындағы ұлығы тарақ тамғалы жалайыр болады.

Шыңғыс хан заманынан (бері) бір мәртебеден (үлкендік) Тебре бекке тиді, одан Шейх Софы бекке, одан Айтулы бекке тиді, одан Итбаға бекке тиді, одан Карач бекке тиді, одан Тоңқа бекке тиді. Алаш мыңының ағасы болып келген осылар. Узбекия арасында мағлұм, мәшһүр<sup>2</sup>.

Қазіргі Қазақстанның оңтүстігін, Талас, Қаратау және Сырдың бойын мекендеген қаңлы және қатаған — ертеден белгілі тайпалар. Шығыс деректері, монғолдардың «Құпия тарихы» бойынша, қаңлылар қыпшақтармен бірге Шыңғыс хан шабуылына дейінгі Қазақстан жеріндегі ірі қауымдар қатарына жатады. Бертін қаңлылар Ұлы жүз құрамында қазақ халқын құрған тайпалардың бірі болса, қатағандар туралы оны айту қиын. «Бахр ал-асрардың» көрсетуі бойынша, XVI ғасырдың соңына қарай қазақ-моғұл қақтығысулары кезінде қата-

<sup>1</sup> Ключевский В. О., Сказание иностранцев о Московском государстве. М., 1916, 8, 9, 21-б.

<sup>2</sup> Березин И. Н., Библиотека..., 171-б.

ған қауымының біразы Сұлтанғазы сұлтан басы болып Қашқарияға кеткен<sup>1</sup>. Ал, Абылғазының көрсетуіне қарағанда, XVII ғ. басында қатағандардың қалғаны Ташкентті билеуші қазақ ханы Тұрсынмұхаммедтің қол астында болып, Есім ханмен болған соғыста біразы ханымен бірге опат болған<sup>2</sup>.

Енді осы келтірілген үзіндіде Қадырғали би әңгіме етіп отырған «Алаш мыңы» кім, соған көңіл аударайық. Егер «Жинақпен» шамалас уақытта жазылған еңбектерді оқысақ, біз қазақ қауымының аты ретінде алынған «алаш», «алаш мыңы» деген ұғымдарды кездестірмейміз. Мұндай терминдердің сол кезеңге тән шығармалардан кездесуі де толық ықтимал. Бірақ бізге белгілі беделді авторлар Мұхаммед Хайдар дулат, Махмуд бен Вали, Шах Махмуд чорас және басқалар қазақ қоғамына байланысты өзбек-қазақ не болмаса қазақ деген сөздерді пайдаланған.

Моғұл-қазақ қатынасына байланысты қазақтардың саяси тарихына үлкен көңіл аударған Мұхаммед Хайдар дулат Дашт-и-Қыпшақты сол кездегі екінші атымен Өзбекстан атап, оның оңтүстік шығыс шекарасы Балқаш көліне дейін жеткендігін, ал қазақтардың ол уақытта өзбек-қазақ атанғанын әңгімелейді<sup>3</sup>.

Бұл Әбілқайыр хандық құрған мезгілден бастап (XV ғ.) өзбек қауымының бүкіл Дашт-и Қыпшақ өлкесінде қуатты саяси-этникалық күшке айналған кезеңіне тұс келеді. Соған байланысты біраз уақытқа дейін (шамамен XVII ғ. екінші жартысына дейін) Дашт-и Қыпшақтың екінші жанама аты Узбекистан, Узбекия болғаны деректерден белгілі.

Дашт-и Қыпшақтың XVII ғ. бас кезінде арагідік Узбекия атанғанын Қадырғали би еңбегінен де аңғарамыз. Ол жоғарыда көрсеткендей, Алаш мыңы арасында жалайыр тайпасының алатын орнын айта келіп, бұл бүкіл «Узбекия арасында мағлұм, мәшһүр»<sup>4</sup> — дейді. Міне, осы көрсетулердің бәрі қазақтардың көптеген тайпалық қауымдардан тұрған Әбілқайыр ұлысынан сараланып шыққандығынан хабар берсе керек. Кезінде бұл бөлініп шыққандарды Дашт-и Қыпшақта «қазақ»

---

<sup>1</sup> Материалы по истории казахских ханств..., 326-б.

<sup>2</sup> Сонда.

<sup>3</sup> Материалы по истории казахских ханств..., 195, 219-б.

<sup>4</sup> Березин И. Н., Библиотека... 171-б.

атаған. Бұл туралы — «Тарих-и Рашиди» былай дейді: «Когда Абул-Хайр-хан полностью подчинил себе Дашт-и Кипчак» «некоторые султаны джучидской династии обонянием предусмотрительности почуяли веяние (надвигающейся) беды с его стороны и решили предотвратить ее. И (с этой целью) несколько султанов — Кирай-хан, Джанибек-султан и им подобные с немногочисленным количеством людей, бежав от Абул-хайр-хана, прибыли в Могулистан...

Так как они (Кирай и Джанибек) сперва, бежав и отдалившись от своего многочисленного народа, некоторые время пребывали в беспомощности и скитаниях, их и прозвали казахами, и прозвище это закрепилось за ними»<sup>1</sup>.

Мұхаммед Хайдардың бұл көрсетуінен «қазақ» есімінің қазақ қауымына сырттан берілгендігін аңғару қиынға соқпайды. Басқаша айтқанда, бұл арада «қазақ» — өзге жұрт берген есім (иноназвание). XVI—XVII ғасырлардағы Орта Азиялық және Шығыс Түркістандық көрші жатқан елдерден шыққан тарихшылардың бәрі де қазақ халқын осылай атайды.

Міне, осыған байланысты қазақ қоғамынан шыққан Қадырғали бидің өз елін «Алаш мыңы» атауы ойландырмай қоймайды. «Қазақ» сөзінің этимологиялық, әлеуметтік негізімен өте көп айналысқан Шоқан Уәлиханов Қадырғали биден «қазақ» сөзін таба алмағанына үлкен өкініш білдірген. Біздің пікірімізше, Қадырғали би еңбегінен «қазақ» атауын іздеудің де қажеті жоқ. Өйткені ол кез қазақтар өздерін көрші халықтар берген атпен (иноназвание) атамай, өз ішінде қабылданған, алғашқы халықтық өз атымен (самоназвание) атайтын. Ал ол ат «Алаш мыңы», кейінірек «Алаш» еді.

Қазақтардың өздерін «Алаш» атағанын жалғыз Қадырғали би еңбегінен ғана емес, XVI—XVII ғасырларда өмір сүрген, қазақ қауымынан шыққан ақын-жыраулардың шығармаларынан, сондай-ақ халық арасында соңғы уақыттарға дейін сақталып келген аңыз-әңгімелерден, бай шежірелерден де анық байқауға болады. Солардан бірер мысал келтірейік. XVI ғ. саяси оқиғаларына белсенді түрде ат салысқан, қазақ ақындық өнерінің басында тұрған жыраулардың бірі Шалкиіз:

<sup>1</sup> Материалы по истории казахских ханств., 221—222-б.

«Алаштан байтақ озбаса, арабыдан атты сайлап мінбенді»<sup>1</sup>, — дейді. XVI ғ. соңы XVII ғ. алғашқы жартысында өмір сүрген, Шалкиіздің ізбасары, Қадырғали бидің замандасы Жиёмбет жырау Есім ханның жасаған зорлығына налып: «Арқаға қарай көшермін, алашыма ұран десермін»<sup>2</sup>, — дейді. Заманындағы қазақ қоғамының саяси жағдайын өз творчествосында сонша дәл бере алған бұл азамат ақындардың айтқандарының қазақ тарихы үшін деректік мәнін елемеске болмайды.

Қазақтардың бастапқы халықтық аты «алаш» болғандығы жайлы аңыздар да көп тараған. Олардың өзара кейбір өзгешеліктеріне қарамастан мазмұны ортақ болып келіп, негізгі түйіндері мынаған саяды: 1) іргелі ұлыстан туыс тайпалар бөлініп шығады; 2) олар өз ерлігімен, өжеттігімен күн көріп, байтақ елге айналып өзге көршілерін мойындатады; 3) ақылды, батыр Алаша жаңа жұртқа хан болады және оны үш жүзге бөледі.

Осы тақырыпқа айтылған аңыздардың бірін Ш. Уәлиханов «Қырғыз шежіресі» еңбегінде келтіреді. Онда бір ұлыстан бөліне көшкен елдің Алаша есімді кісіні хан сайлап, көбейіп, елге айналып, өз еркіндігін қорғап, басқа елдерге өздерін танытып, кейінірек сол алғашқы ханының есімімен аталып кеткендігі жайлы аңыздан үзінді беріп, бұл аңыздың халық арасында кең тарағандығы соншалық, оны өзін ақсақал санайтын кәрікұлақ қазақтың кез келгені біледі дейді<sup>3</sup>. Ғалымның бұл сөзін «Алаш алаш болғалы, Алаша хан болғалы» деген көне мәтел толықтыра түскендей.

Аталған еңбегінде Ш. Уәлиханов 1392 жылы әмір Темірдің Алтын Орда ханы Тоқтамышқа қарсы жорығында Сырдың солтүстігінде Қарақұмда отырған қазақ ұлыстарын тонап, олардың хандары Әмет пен Сәметті дарға асқандығын, ал бұл хандардың Алаш хан ұрпағы екендігі жайлы деректер береді<sup>4</sup>. Ш. Уәлиханов шежірелер көрсетуіне сүйене отырып, Алаша хан ұрпағы Әмет пен Сәметтің өлімімен таусылып, олардың орнына Орыс хан ұрпағы келгендігін айтады<sup>5</sup>.

<sup>1</sup> Бес ғасыр жырлайды, I т., Алматы, 1984, 41-б.

<sup>2</sup> Сонда, 58, 61-б.

<sup>3</sup> В а л и х а н о в Ч. Ч., Киргизское родословие, 158—159-б.

<sup>4</sup> В а л и х а н о в Ч. Ч., Киргизское родословие. 161-б.

<sup>5</sup> Сонда.

Біз бұл арада Алаша хан өмірде болған, ал қазақ елі оның атын алған деп ой түйеден алыспыз. Сонымен бірге халық санасына соншама терең орныққан бұл аңыздан шындықтың нышанын көрмеу де қателік болар еді. Қалай болғанда да «Алаш» аңызы кейінірек қазақ атанған көшпелі туыс тайпалардың шаруашылықтық, территориялық, тіптен этникалық тұтастыққа және дербестікке ұмтылған алғашқы балаң кезеңдерін еске салады. Оның халық есіне терең орнығып, ұзақ сақталуы да осыған байланысты болса керек. Өз тарихи жолындағы аса маңызды оқиғаларға зерек халық тек керегін ғана екшеп, теріп отырған.

Егер «алаш» атын бүтін бір халықтың алу себебіне келсек, бұл жалпы ортағасырлық құбылыс екендігін ұмытпаған жөн. Қазақ шежіресі әрбір ру, тайпаның пайда болуын белгілі бір адам атымен, ру не тайпа басы есімімен байланыстырады. Бұл ойға байланысты нақты мысалдарды әйгілі Рашид ад-дин еңбегінен де көптеп келтіруге болады. Егер бері жақынырақ кезеңдерге келсек, маңғыт қауымының Алтын Орда қолбасшысы Ноғай есімін, ал Дашт-и Қыпшақ өзбектерінің Алтын Орда ханы Өзбек есімін алғандығы мәлім. Түрлі рулық қауымдардың бірігіп, этникалық тұтастыққа айналу процесінің алғашқы кезеңдерінде олардың жинақ атының болмауына байланысты ортағасырлық саяси бөлу мен атауларға сай ол ұлыс (не одақ) басында тұрған хан не әскер басы атымен аталуы объективті, заңды құбылыс болатын.

«Алаш» жұртының «қазақ» атануы, әрине, бір күннің нәтижесі емес. Дашт-и Қыпшақ жұрты берген бұл есім «алаш» арасында бірден орныға қалмай, ұзақ уақыт сырттан таңылған жанама есім ретінде көңілге қонымсыз, құлаққа жайсыз қабылдануы да толық ықтимал. Тек кейінірек алғашқы «алаш» одағының кеңеюі, оның бастапқы «алаштық» ауқымынан асып жаңа кезеңде халықтық сапаға көтерілуі енді оның этникалық құрамына біржола енген барлық рулардың ортақ, жинақы «қазақ» атн қабылдауына негіз болды. Дегенмен сол алғашқы атау бүкіл халықтың қалыптасуына негіз болған одақтық ұйым ел есінде ұзақ уақыт сақталып қалды.

Қадырғали би «Алаш мыңын» құр атап қана қоймай, оны үш ірі санға бөледі. Бұл үш сан еске еріксіз үш жүзді салады. Егер осы үш санды үш жүз деп алсақ, онда «Жинақтың» көрсетуі жүздік бөлу қазақ қоға-

мында XVI ғ. болған деген ойды қосымша анықтай түседі. Сонымен бірге, егер осы уақытқа дейін деректердегі жүздік бөлу туралы ең алғашқы мерзім есебінде 1616 жыл алынып жүрген болса, Қадырғали би көрсетуіне байланысты енді ол мезгіл бері дегенде 1602 жылға дейін шегеріледі.

Қадырғали би көрсетулеріндегі келесі көңіл аударарлық жай: ол Алаш маңымен қатар дербес этникалық қауым ретінде қаңлылардың аталуы. «Жинақ» авторы олардың да екі саннан тұратындығын айтады. Бұдан шығатын қорытынды — қазақ халқының этникалық құрамына енген тайпалардың XVII ғ. бас кезінде әлі де болса бірігу процесінің толық аяқталмағандығы.

«Жинақ авторы» сондай-ақ қаңлы, қатаған, алаш мыңы қауымдарында өз ішінде жолға бөлушілік болғандығын, ал ол бөлушіліктің бері дегенде XIII—XIV ғ. басталатындығынан дәлелді хабар береді. Ол туралы: «Қатаған қауымы қазіргі заманға дейін (жолы) үлкендерін біледі. Ал Алаш мыңы арасында ұлығы тарақ тамғалы жалайыр болады»<sup>1</sup>, — дейді. Қадырғали би одан ары Алаш мыңы арасында осы үлкендікті (жолы үлкен мағынасында — М. Қ.) бірінен соң бірі үзбей жалғастырып отырған нақты алты кісінің атын атайды. Олар ілгеріден бері қарай Тебре бек, Шайхы Софы бек, Айтулы бек, Итбаға бек, Қараша бек және Тонқа бек. Алаш мыңының ағасы болып келген осылар дейді<sup>2</sup>.

Бұл арада анық нәрсе белгілі бір одаққа енген рутайпалардың жолы үлкен-кішісін анықтау түркі тілдес тайпалар арасында тым ертеден келе жатқан дәстүр екендігі. Мұндай жіктеудің белгілі бір қоғамдық қажеттілікке байланысты пайда болып, феодалдық қоғамдық қатынастар жағдайында руаралық қатынастарды реттеудің бірден-бір құралы болғандығы аян. Сонымен бірге бұл жіктелуді, ең алдымен, үстемдік құрушы феодалдық топтардың өз таптық мүддесіне пайдаланғаны, ал дамыған феодалдық жағдайында бұл ортағасырлық институттың қоғамдық дамудың елеулі кедергілерінің біріне айналғандығы белгілі жай.

Ал Қадырғали би еңбегіндегі жалайыр тайпасының Алаш мыңы арасындағы үлкендігіне келсек, онда мынадай фактілерді еске алуға тура келеді. Жалайыр

<sup>1</sup> Березин И. Н., Библиотека., 170—171-б.

<sup>2</sup> Сонда.

тайпасының үлкен жолды иемденуі өзі сияқты басқа түркі тайпалары арасында ерте замандардан бері Шыңғыс үйіне жақын тұруында. Ол туралы монғолдардың «Құпия тарихында» мынадай жолдарды кездестіреміз. Шыңғыс хан әскерінің сол қолын басқарушы жалайыр Мухулидің Қытайға наместник етіп жіберер алдында оған ант грамотасы мен алтын мөрін тапсырып тұрып: «Қоғамда өзгелерден жоғары отыр, сол қол түменбасы бол және Хараунь тауына дейінгі шығыс тарапты биле, ұрпағың да үзіліссіз осы мәртебені иемденсін»<sup>1</sup>, — дейді. Аудармашы «Құпия тарих» тексінің бұл жолдарын ескі монғол тілінен орыс тіліне дәл аудару қиындығын айтады. Дегенмен жалпы мазмұнының дұрыстығына сенуге болады. Бұл ойдың басқа жобасын Рашид аддиннен де кездестіреміз. Ол: «Как было упомянуто, они (т.е. жалаиры — М.К.) были старые слуги Чингиз-хана и у его отцов служили больше, чем другие эмиры. Так как они исстари имели несомненные права, то Чингиз-хана пожелал поставить их в среде старших эмиров»<sup>2</sup>, — дейді. Шыңғыс хан өмірге енгізген тәртіптің көбісін кейіннен қазақ қоғамын билеген төрелердің де басшылыққа алғандығы таңданыс тудырмаса керек.

Біз бұл арада, Қадырғали би еңбегінің қазақ халқының қалыптасу процесіне тікелей қатысы бар бірер көрсетулеріне ғана тоқталдық. Ғалым еңбегінде берілген бұл деректердің қазақ халқының этногенезін, даму жолдарын танып білуде алатын орнын бағаламау мүмкін емес. Жоғарыда атап өткендей, бұл деректердің құндылығы — ең алдымен, оларды жазып қалдырған автордың қазақ қоғамынан шығуында. Қадырғали би түркі халықтарында ілгеріден келе жатқан жазба тарих дәстүрінің жалғастырушысы, жай жалғастырушысы ғана емес, жаңа сападағы, бұрынғы сансыз көп бытыраңқы тайпалардың орнына келген жеке халықтық бірліктің (общность) алғашқы жылнамашыларының бірі болды.

Қадырғали би еңбегінің деректік мәні, әрине, мұнымен шектелмейді. Оның бір орталыққа біріккен орыс мемлекетінің XVI және XVII ғ. бас кезіндегі шығыс саясатын, осы мезгілдегі Кирман (Қасымов хандығы) қаласы татарларының мәдениеті мен әлеуметтік құры-

<sup>1</sup> Труды членов Российской духовной миссии в Пекине. т.IV. Спб., 1866, 117, 225-б.

<sup>2</sup> Рашид аддин., Аталған еңбек, т.I. кн. I, 97-б.



лысын танып білудегі берер пайдасы мамандар тарапынан өз бағасын алған.

Деректік мәні жағынан Қадырғали би еңбегіне жақын тұрған дулат Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди» атты еңбегі. Бұл екі автордың көрсетулері бірін-бірі толықтырып отырады, сондықтан да олар қазақ халқының қалыптасу мәселелерін зерттеуде тығыз байланыста қаралуға тиіс. Осыған байланысты «Тарих-и Рашидидегі» қазақ халқының қалыптасу процесіне қатысты көрсетулерге қысқаша тоқтала кетелік.

Соңғы уақытқа дейін Шығыс Түркістандық тарихшының көрсетулеріне байланысты қазақ халқының қалыптасуын Жәнібек пен Керей сұлтандардың Дашт-и Қыпшақ ханы Әбілқайырмен араздасып, біраз жұртпен Жетісу өлкесіне көшіп келіп орын тебуімен байланыстырылып келеді. Тек соңғы жылдары ғана Жәнібек пен Керей бастаған елдің Жетісуға көшіп келуін одан бұрынғы және кейінгі көшу тізбегінің бір эпизоды ретінде ғана қарау керектігі жайлы пікірлер айтылды.

Әрине, Жәнібек пен Керей бастаған ру-тайпалардың Жетісуға көшуі қазақ халқының қалыптасу барысында елеулі оқиға болғандығы сөзсіз, бірақ оның мәнін асыра бағалауға да болмайтын сияқты. Біздің пікірімізше, Жәнібек — Керей көші сол кезеңдегі Дашт-и Қыпшақта (Өзбек ұлысында) болып жатқан терең этникалық процестің, ал егер одан да арырақ үңілсек, оның негізінде жатқан шаруашылықтық-территориялық жіктелудің сыртқы көрінісі ретінде қаралуға тиіс. Олай болмаған күнде біз тек «Тарих-и Рашидидің» ықпалында, оқиғаға ортағасырлық көзқарас деңгейінде қалып қойған болар едік.

«Тарих-и Рашиди» — Моғулистан мен Қашғарияны билеген шағатаид хандарының саяси тарихы. Қазақстанның XV—XVIII ғасырлардағы тарихы бойынша негізгі деректердің қатарына жататын бұл аса құнды еңбектің сонымен бірге таптық және уақыттық пайымына көз жұмуға да болмайды. Өз Отанына көршілес орналасқан елдермен қатынаста тек феодалдық қақтығысу мен қырқысуларды, тіптен одан да дәлірек айтқанда өзі қарап отырған елдер билігінде отырған Шыңғыс ұрпақтарының өзара алауыздығын баққан феодалдық заман тарихшысы одан арғыны, терең тамырлы қоғамдық этникалық процестерді, әрине, байқағанымен, өз дәрежесінде бағалай алған жоқ еді. Сондықтан да өзара билік

үшін талас барысында қоныс аударуға мәжбүр болған сұлтандардың әрекетінен бүтін бір халықтың қалыптасу себептерін іздеу — методологиялық қателік. Бұл арада тарихшының айтқан ойларын, берген деректерін тек оның заманы контекстінде және одан бергі аралықтағы өзгерістерге байланысты қарау мәселені толығырақ түсінуге көмектесері сөзсіз. Міне, осы тұрғыдан қарағанда Жәнібек, Керей және оларды қолдаған сұлтандардың XV ғ. орта тұсындағы Дашт-и Қыпшақ ұлысында пәрменді жүріп жатқан шаруашылықтық, соның негізінде этникалық-мәдени жіктелулерді өздерінің мүддесіне пайдалануға тырысқандығы байқалады. Осыған орай, Ш. Уәлихановтың Алтын Орда ыдырағаннан кейінгі кезеңде әрбір Шыңғыс тұқымы дербес ұлысты билегісі келді деген бағалы пікірі ойға оралады.

Сонымен бірге «Тарих-и Рашиди» авторының Могулия ханы Иса Буганың жаңа көшіп келгендерді жарылқап, оларға өз иелігінен орын берді деп көрсетуін де сол күйінде қабылдауға болмайды. Өйткені кені Жетісу ежелден, бері дегенде түркі қағанаты дәуірінен дулат, үйсін, қыпшақ сияқты көптеген түркі рулары мекен еткен өлке болатын. XIII ғасырда Шыңғыс қырғынынан ыққан найман, керей, жалайыр және басқа түркі тайпаларының Жетісуға жете, не оған іргелес келіп бас сауғалауы олардың бұл өлкедегі елмен ертеден тығыз байланыста болғандығын көрсетеді. Ал кейінірек мұнда енді Әбілқайыр ұлысынан түркі тілдес рулардың көшіп келіп орналасуы да, әрине, кездейсоқ оқиға емес, бұдан бұрынғы кезеңдерден бастау алатын терең шаруашылықтық, этникалық процестердің логикалық жалғасы болатын. Сондай-ақ, қазақ халқының қалыптасуын туыс рулардың жаңа жерге көшіп келуінен іздесек те дұрыс қорытындыға келе алмайтындығымыз түсінікті. Халық болып түзілу процесінде жергілікті рулар мен сырттан келген рулық одақтардың бірдей ат салысқандығы талассыз. Міне, осыған байланысты Жәнібек, Керейлермен бірге, олардан бұрын және кейін келген рулардың Дашт-и Қыпшақ ұлысынан бөлініп көшуі және олардың Жетісу өлкесіне келіп орналасуы негізінде нендей себептер жатыр деген заңды сұрақ туады.

Ол себептерді Алтын Орда тұсында басталып, кейіннен Дашт-и Қыпшақ өлкесінде және басқа аудандарда өз жалғасын тапқан қоғамдық еңбек бөлінісінің одан ары даму процесінен іздеу орынды. Өзбек ұлысына ен-

ген халықтардың шаруашылықтық дамуы олардың территориялық жіктелуіне, ал шаруашылықтық-территориялық жіктелу этникалық, тілдік жіктелуге ұласуы заңды болатын. Бұл арада, әрине, басқа тіл мен мәдениетке тән этникалық топтардың да (мысалы, монғолдық элементтердің) ролін жоққа шығаруға болмайтыны түсінікті. Бірақ, дегенмен, Қазақ халқының құрамына негізгі компонент ретінде енген рулар арасындағы байланыс кездейсоқтықтан, жеке сұлтандар мен хандардың қалауынан, не болмаса, олардың билеуге ұлыс іздеп көшіп-қонуы нәтижесінде пайда болған байланыс емес, ерте кезеңдерден түзіліп, қайта жалғасып, тарихтың қатыгез сұрыптауынан, сынынан өткен байланыс еді. Бұл терең байланыстың тарихи қайнар көзін түркі қағанаттары заманынан көреміз.

### Қадырғали би еңбегінің аты туралы

Жоғарыда біз «Жинақтың» түпнұсқасының жоқтығын, ал табылған көшірмелерінің толық емес, шығармаға автордың өзі берген аты көрсетілген алғашқы беттерінің жоғалып кеткендігін қысқаша айтып өттік. «Жинақтың» И. Халфин тапсырған сол кездегі жалғыз көшірмесін оқушы қауым назарына ұсына отырып, И. Н. Березин өзінің алғысөзінде: «біз шығармаға қандай ат берілгенін білмейміз, бірақ кітаптың негізгі бөлігі Рашид ад-диннің әйгілі туындысының қысқаша аудармасынан тұрғандықтан, біз оның атын да қолжазбамызға бере аламыз»,— деп жазды. Сөйтіп, Қадырғали би еңбегін түгелдей оның аты көрсетілген жаңа көшірмесі табылғанға дейін «Джами ат-тауарих»—«Жылнамалар жинағы» деп атауды ұсынды.

Өкінішке орай, қолжазбаның кейінірек табылған екінші көшірмесінде де еңбектің автор берген аты жоқ болып шықты да, ол сол «Джами ат-тауарих»—«Жылнамалар жинағы» атанған күйінде қала берді. Бұл жағдай тарихшы ғалымдар арасында Қадырғали би еңбегінің дербес деректік мәнін тура бағалауға айтарлықтай кедергі жасады, басқаша айтқанда оны Рашид ад-дин жұмысының түркіше нұсқасы ретінде ғана қарауға негіз болды. Ол туралы Ә. Х. Марғұлан мен М. А. Усманов орынды айтып жазған болатын. М. Усманов жо-

ғарыда аталған еңбегінде Қадырғали бидің есімі мен оның шығармасына байланысты әлі де анық емес жайлар туралы өз ойын ортаға сала келіп, еңбектің атын оның жаңа тізімі табылғанша сол бұрынғы күйінде қалдыра тұру қажеттігін айтады. Жаңылыс тұжырымдарға жол бермеу үшін солай ету де дұрыс шығар. Бірақ еңбектің жаңа көшірмесін (түпнұсқасын да) іздеу жұмыстарымен бірге, оның автор берген атын анықтау мақсатында жүргізілмек ғылыми әрекеттердің де праволылығын еске ала отырып, осы мәселе төңірегінде қысқаша болса да өз пікірімізді оқушы назарына ұсынуды дұрыс санадық.

Еңбектің атын анықтау жолында жасалған ізденіс, ең алдымен, жұмыстың жазылу себебіне апарып тірейтіні түсінікті. Олай дейтініміз еңбектің аты белгілі дәрежеде оның жазылу мақсатына тәуелді, содан туындаса керек. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, Қадырғали бидің өз еңбегін жазудағы негізгі мақсаты өзінің әміршісі Ондан сұлтан-ұлы Оразмұхаммедтің Қасымов тағын иемденуге толық лайық екендігін, біріншіден, Борис Годунов тағы алдында, екіншіден, жаңа, бейтаныс орта Қасымов ақсүйектері алдында дәлелдеу еді. Оразмұхаммед — кездейсоқ тұлға емес, хан тұқымы, болғанда да Шыңғыс ұрпағы. Демек, оның хан мәртебесіне көтерілуі сол тарихи кезеңдегі үстем тап арасында қалыптасқан мемлекеттік билік туралы ұғымға сай, заңды. Бұл — шығарманың орталық идеясы. Оны автордың өзі де жасырмайды, анық айтады: «Бұл тарихтың (жазылуына) себепші болған жоғары мәртебелі Оразмұхаммед ханның ата-анасынан (бері) құлдық қыла келген жалайыр тарақ тамғалы еді. ...патша Борис Феодоровичтің мәңгі әділдігін, ақтығын (айту) және тағы жоғары мәртебелі Оразмұхаммед ханды жоғары мәртебелі патшаның құрметпен хандыққа отырғызғанын (көрсету) үшін жазылды».<sup>1</sup>

Шығарманың құрылымы да осы негізгі ойға бағындырылған. Автордың тікелей өзі жазған екінші бөлімі жай парсы тарихшысының әйгілі еңбегіне қосымша ғана емес, керісінше, бірінші, аударма бөлімі соңғысына тарихи көрініс есебінде. Ал шығарманың екінші бөліміндегі тоғыз дастанның<sup>2</sup> ең көлемдісі де және ең негіз-

<sup>1</sup> Березин И. Н., Библиотека., 169—170-б.

<sup>2</sup> И. Н. Березин жариялаған көшірмеде тоғызыншы «Иадкархан дастаны» берілген беттер жоғалып кеткен.

гісі де «Дастан-и Ораз-Мұхаммед» болып табылады. Тарихшы М. Усмановтың әділ атап көрсеткеніндей, бұл дастан бүкіл шығарманың жай соңғы, аяқтаушы бөлігі ғана емес, ең маңызды, шешуші түйіні.

Еңбектің міне осындай жазылу мотивтері мен ерекшеліктеріне байланысты ойға Қадырғали би шығармасын ортағасырлық шығыстық тарихшыларға тән дәстүр бойынша «Тарих-и Ораз-Мұхаммед» деп атауы толық мүмкін-ау деген пікір оралады. Әрине, бұл жорамал ғана. Шығарманың атын біржола анықтау — әлі де болса болашақ ізденістердің үлесі. Осы бағытта Москва, Ленинград, Қазан сияқты ірі ғылыми орталықтардың кітапхана, архив қолжазба қорларынан Қосымұлы Қадырғали би еңбегінің жаңа қолжазбасы, тіптен түпнұсқасын қарастыру нәтижелі аяқталуы толық ықтимал. Сондай үмітпен біз де «Жинақтың» әзірге белгілі екі тізімі негізінде жасалған нұсқасын және оның қазақ тарихына қатысты дастандарының бүгінгі қазақ тіліне аудармасын ұсына отырып, еңбекті сол И. Н. Березин берген атымен атауға мәжбүр болдық.



ЕКІНШІ ТАРАУ  
**«ЖАМИ АТ-ТАУАРИХТЫҢ»  
ТІЛІ**



**Шежіре тілінің зерттелуі**



Қадырғали Қосымұлының шежіресі үлкен тілдік ескерткіш болып танылады. Сондықтан оның тарихи шығарма ретіндегі мазмұнын, сипатын, құрылысын сөз етумен қатар, тіліне де қатты назар аударылып, жазба ескерткіш ретіндегі маңызы сөз болып келді.

Қадырғали шығармасының тілі туралы тұңғыш сөз айтқан адам — оны жарыққа шығарушы Қазан университетінің профессоры И. Н. Березин. Оның айтуынша, Борис Годунов патшалық еткен тұста жазылған түркі шежіресінің табылуы — үлкен жаңалық<sup>1</sup>. Қолжазба аса әдемі емес, жартылай шикәсте жазуымен 157 тараққа жазылған, басталар және аяқталар беттері жоқ; шежіре 1600 жылдары жазылған болу керек; автор өз шығармасын «татар (яғни түркі) наречиеcінде», оның кітаби түрінде «жазуға тырысқан»; қолжазбаның 12—137-беттері Рашид ад-диннің атақты «Жами ат-тауарихынан» парсы тілінен аударма, ал нағыз «татарша (яғни түркіше) жағы» — өз жанынан жазған Қаран, Қырым хандықтары мен Оразмұхаммед туралы бөлімдері дейді. Бұл ғалымның байқауынша, автордың мұсылманша едәуір білімі болғанымен, ол араб-парсы тілдеріне аса жетік болмағанға ұқсайды. Ғалым шежіре авторының стилі біршама қарапайым болғанымен, кей жерлерінде көне (яғни ертеден келе жатқан түркі жазба дәстүрін-

---

<sup>1</sup> Березин И. Н., Татарский летописец, современник Бориса Федоровича Годунова («Москвитянин», 1851, № 24, Кн.2. 543—554-б.



дегі) сөздер мен тұлғалар кездеседі дегенді айтады. Қолжазбада автордың қателерінің үстіне көшірушінің жіберген ағаттықтары қосылған. И. Н. Березин олардың ешбіреуін жөндей, тексті сол қалпында литографиялық басылым етіп жариялап отырғанын айтады<sup>1</sup>.

И. Н. Березиннен кейін, 1850 жылдардың бас кезінде Қадырғалидың «Тауарихымен» өте жақын танысып, шежіренің өзімен қатар тілі жөнінде пікір айтқан ғалым — Шоқан Уәлиханов. И. Н. Березиннің Н. Ф. Костылецкий арқылы сұраған сұрақтарына қайтарған жауабында Шоқан жалайыр тарихшының шежіресін сөз етеді. Тоқтамыс жарлықтарында кездесетін кейбір сөздердің анықтамасын дәлелдеу үшін Қадырғалидың «Тауарихынан» мәліметтер мен үзінді келтіреді. Шоқан бұдан кейін де осы ескерткішке тағы оралады, шамамен 1854—1855 жылдары оның біраз жерін орысшаға аударып келтіреді. Аударған текстің ішінде кездесетін кейбір халық аттары мен жалқы есімдердің, бірқатар сөздер мен фразалардың қолжазбадағы араб әрпімен жазылған түрін келтіріп отырған. Сонымен қатар кейбір сөздерге түсініктеме берген. Аударма текстен кейін ескерткіштің тілі, стилі, орфографиясы жөнінде өзінің пікірлерін айтады: ару, кечмек, мұңкәр, табунмақ, бек, би, йазы, қоңсы, қырчын, мал, туар қара деген сөздердің қазақ тіліндегі мағынасын, қолданысын келтіреді. Ең соңында сол кезде татарлар (Шоқанның «татар» дегені «түркі халықтары» дегені) қолданытын (не Шоқан қолжазбасында, не кітапта «қолданылмайтын» деп қате жазылған) сөздердің сөздігін бермек болып, едәуір сөзтізбе жасайды, оның бір бағаны — түркі-монғол сөздері, екіншісі — араб-парсы сөздері. Бірінші бағандағы сөздердің көпшілігі орысшаға аударылған, ал араб-парсы сөздерінің бірен-саранынан басқалары аудармасыз қалған.

Ш. Уәлихановтың пікірінше, сөз болып отырған шежіренің тілі «нағыз джағатайша» (яғни шағатайша), қазіргі (Шоқан дәуіріндегі) қазақ тіліне өте жақын, ондағы көптеген сөздер мен сөз тіркестері күні бүгінге дейін қазақ тілінде қолданылады дегенді айтады<sup>2</sup>. Әбіл-

<sup>1</sup> Библиотека восточных историков, издаваемая И. Березиным, проф. Казанского университета, т. II, ч. I. Сборник летописей. Казань, 1854.

<sup>2</sup> Уәлиханов Ч. Ч., Собр. соч., т. I. Алма-Ата, 1961, 158—159-б.

газы мен Шейбани-намеге қарағанда, бұл «Тауарихта» аңыз жерлері кемірек екенін айтады, Борис Годуновқа арналған бабы «татар» (түркі) тілінде жазылған дейді. Бұл жерде мынаны қатты ескеру керек. Шоқан заманында және оған дейін де, кейін де орыс және Европа ғылыми әдебиетінде түркілерді, түркі халықтарын «татар» деп атағандары мәлім. Шоқан да осы дәстүрді бұзбай, көп орайда түркі (орысша тюркский) дегеннің орнына «татар» деп отырады. Шоқанның бұл жазғандары Жалайыри шежіресінің тілін талдап-танудың бастамасы деп санаймыз.

Бұдан кейін орыстың белгілі шығыстанушысы профессор В. В. Вельяминов-Зернов өзінің «Исследования о касимовских царях и царевичах» деген еңбегінің 2-бөлімінде Қадырғалидың шежіресін атайды, біраз жерлерінен кесек-кесек үзінділерді орыс тіліне аударып таныстырады. Бұл ғалымның ескерткіштің тілі жөніндегі пікірі И. Н. Березинмен үндес.

Біраз уақыт өткеннен кейін Қадырғали бидің туындысы 1922 жылы жұртшылық назарына қайта ілінді. Татар ғалымы А. Ш. Абдрахимов (Әли Рахим) 1922 жылы Қазанның Орталық Шығыс кітапханасынан молда Г. Галиев Баруди қалдырған кітаптардың ішінен біз сөз етіп отырған шығарманың екінші қолжазбасын табады да, ол нұсқа жайында және оның тілі жөнінде 1927 жылы Татартану ғылыми қоғамының Хабаршысында жазады. Қадырғалидың тілі ортаазиялық әдеби тілге, яғни шағатай тіліне сай келеді дегенді кесіп айтады, сонымен қатар, мұнда шамалы мөлшерде ғана оңтүстік түркі және Еділ татарлары диалектілерінің әсері бар дейді, таза татар тілінің сөздері деп ғалым орам, қоян, көрүнүш, йанаша, білән, салдурған таш мәсчиді деген тұлғаларды атайды. Жаңадан табылған қолжазбадағы орфографиялық және графикалық ерекшеліктерді көрсетеді. Шежіренің аударма жағына парсы тілінің әсері тиген, ал төлтума жағының тілі таза және едәуір көркем деген тұжырымға келеді.

Бұл шежіренің пешенесіне жазылғандай, ол тағы да 30—40 жылдай ғылымда ескерусіз қалады. Тек Шоқан Уәлиханов еңбектерінің толық жинағын шығару тұсында Шоқанның бұрын басылмаған жазбаларының ішінен осы шежіреге тікелей қатысты материалдарды жариялау үстінде 1961 жылы Қадырғалидың өзі және әзірге бізге жеткен еңбегі ғылым дүниесіне тағы орал-

ды. Акад. Ә. Марғұлан Шоқанның I томына енген Ш. Ш. Уәлиханов туралы очеркінде Қадырғалидың мұрасын ғалымның ғылыми қызметіне байланысты сөз етеді. Шежіре тексіне, ондағы тарихи адам аттары мен жер-су атауларына түсініктемелер ұсынады, жалайыр тарихшының тілі негізінен қазақ тіліне жақын, оны қазақша-шағатайша тіл деп атауға болады дейді. Ә. Х. Марғұлан екінші бір мақаласында Оразмұхаммедтің қолында болған «Күміс сандық» жайында жазады. Бұл сандықта қазақ ханзадасының өз кітапханасы, яғни тарихи және көркем кітаптар, хаттар, қазақ өлең-жырларының қолжазбалары сақталғанын баяндайды. Иесі көз жұмған соң, сандық Патша архивіне өтеді де, XVII—XVIII ғасырларда 38-нөмірмен осында сақталады. 1736 ж. сандық Россия Ғылым академиясына сыйға тартылады. XIX ғасырдың ортасына дейін академияның Азия музейінде сақталып келіп, кенет ұшты-күйлі жоқ болып кетеді<sup>1</sup>. Сандықта қандай жазбалардың болғаны жайында музей директоры болған профессор Х. Д. Френ (1782—1851) мен «Степановтың<sup>2</sup> 1595—1599 жылдары Ордада болған кезінде тіркелген тізімде» айтылған. Қадырғали би шежіресінің авторлық қолжазбасы да осы сандықтан орын алған болу керек деген болжам пікірлер бар.

1961 жылдан былай қарай Қадырғали Жалайыри шежіресінің өзінің де, тілінің де зерттелуі Қазақстан ғалымдары тарапынан күрт басталады. Тарихшы К. Жүнісбаев 1960 жылдардың ішінде жариялаған екі-үш мақаласында Қадырғали шежіресінің тілі жайында да пікір айтып, шежіре авторы шығармасын сол кезеңдегі қазақтың әдеби тілінде жазған деп таниды. XVI ғасырда қазақтың жазба әдеби тілі болды дей келіп, оның пайда болуына мынадай факторлар роль атқарды дейді: 1) Қазақ хандығы құрылғаннан бастап, іс қағаздары қазақ тілінде жүргізілді. 2) Батырлар, ғашықтар туралы жырлар пайда болды. 3) Хандардың өз ұрпағына қал-

<sup>1</sup> Марғұлан Ә., Күміс сандық құпиясы // Қазақ әдебиеті, 1981, 1 қаңтар.

<sup>2</sup> Степанов — Орыс патшасының қазақ хандығына елшілікке жіберген адамы. Ол Оразмұхаммедтің немере ағасы, қазақ ханы Тәуекелдің ордасында (Сауран қаласында) болған. Тәуекел «Мәскеуде отырған» зиялы інісіне оның өтініші бойынша осы елшіден қазақ өлең-жырларының қолжазбалары мен Орта Азияда жазылған кітаптарды беріп жіберген.

дырған өсиеттері, ақылдары, мемуарлары болды және сауатты адамдардың қолжазбалар сақтау дәстүрі болды<sup>1</sup>. Бірақ К. Жүнісбаевтың бұл тұжырымдары шежіре тексін жан-жақты тілдік тұрғыдан талдаудың нәтижесінде ұсынылған байлам емес, өзге негіздерге, көбінесе болжамдарға сүйеніп айтылған пікір болып шықты.

Жалайыр шежіресінің бұл еңбегінің зерттелу тарихын қысқаша әрі ұқыпты, әрі жинақы түрде этнограф ғалым Е. Масанов жазды. Ғалым бұл шежіренің қазақ этнографиясын зерттеуде де зор үлес қосатындығын айта келіп, оның тілі туралы өз пікірін білдіреді. Ол да, Ә. Марғұлан танығандай, Қадырғалидың тілі қазақ-шағатай тілі дейді<sup>2</sup>.

Жалайыри шығармасының өзі және тілі жөнінде М. Әуезов те пікір айтқан. Ол «Қазақ ССР тарихына» жазған тарауында бұл шежірені XVI ғасырдағы қазақ жазба ескерткіштерінің бірі деп атайды. Ол құрылысы, әсіресе тілі жағынан Орта Азия қаламгерлерінің дәстүрінен өзгеше келеді дегенді айтады. Бірақ М. Әуезовтің бұл тұжырымын М. Усманов шежіре шағатай тілінде емес, татар тілінде жазылған деген өз пікіріне арқау етеді. Біздіңше, бұл жерде Мұхтар Әуезовтің айтқысы келгені Қадырғали шығармасы шағатай әдебиеті дәстүрінен өзгеше, өз алдына, яғни ескі қазақ әдебиеті үлгісінде жазылған деген пікір.

Қадырғалидың «Жами ат-тауарихын» арнайы зерттеушілердің бір тобы — татар ғалымдары. Өйткені шежіре татар хандықтарының бірі — Қасым хандығында жазылғандықтан, бұл шығарманы татар тарихнамесінің ескерткіші деп танушылық өзге тұжырымдармен қатар өмір сүруге құқылы екені сөзсіз. Жоғарыда аталған А. Рахимнан кейін бұл шежірені арнайы зерттеп, тілі жайында да пікір білдірген адам — тарихшы Мирқасым Усманов. Ғалым бұл ескерткішті татардың тарихи шығармасы деп санайды, өйткені туынды авторы не Қазан, не Қасым татары емес, қазақтың тарақ таңбалы жалайыр руынан болғанымен, шежірені жазған ортасы Қасым татарлары болды және ол осы хандықтың оқырмандары татарларға арналды дегенді дәлел етеді. Сон-

<sup>1</sup> Жүнісбаев К., Қадырғали Джалаири // Кн. Великие ученые Средней Азии и Казахстана. Алма-Ата, 1965. 209-б.

<sup>2</sup> Масанов Э. А., Очерки истории этнографического изучения казахского народа в СССР. Алма-Ата. 1966.

дыктан ескерткіштің өзі де татардікі, тілі де татарша деп түйеді, дәлірек айтқанда, Алтын Орда дәуірінің жазба дәстүрінің жалғасы дейді де, бұл шығарманы «қазақыландырудың» ешбір қажеті жоқ деп, Қазақстан ғалымдарын сынайды. Тіпті бір тұста Қадырғалидың ана тілі — татардың сібір диалектісі дегенге дейін барады<sup>1</sup>. Қадырғали мұрасын татар мәдениетінің ескерткіші деп тану «Ежелгі татар әдебиеті» курсын жасаушылардың да еңбектерінде бар<sup>2</sup>.

1961 ж. Шоқан Уәлихановтың I томы жарыққа шығып, онда Шоқанның осы шежіре жайында жазғандары көпшілікке мәлім болғаннан кейін, сөз болып отырған жазба тек қана тарихшылардың емес, тіл мамандарының да, оның ішінде қазақ тіл білімпаздарының да назарын аударып бастады. Бұған, сірә, осы кезге дейін «Тауарихты» сөз еткен қазақ зерттеушілерінің барлығының бұл шығарманың тілі қазақ тіліне өте жақын келеді немесе тіпті қазақ тілінің ескерткіші деп санауға болады деген болжамдары да түрткі болса керек. Сондықтан қазақ тіл маманы Т. Қордабаев осы шежіренің әуелі синтаксистік, кейін морфологиялық құрылысын талдап шықты. Бұл еңбектерінде зерттеуші аталған ескерткіштің тілін грамматика схемасына салып талдайды, яғни Қадырғали туындысының тілі «зат есім, туынды зат есім, зат есімнің көптік категориясы... септіп жалғауларының синтаксисі, жай сөйлем, құрмалас сөйлем...» деген сияқты категорияларға қарай бұтарланған. Талдау көп реттерде толық берілген. Бірақ бұл талдаудың не әрбір тарауы (тақырыбы) бойынша, не жалпы тұтас талдаудан кейін тиісті тұжырым-байлаулар жасалмаған, яғни фактілердің тіркелуі бар, түсіндірілуі аз. Мұның қай тілдің ескерткішіне жататындығы жөнінде пікірі де жоқ емес. Зерттеуші бірінші кітабының кіріспесінде: «Жазба материалдың қай тілге жататынын оны жазған автордың тайпасы, ұлты, мекені шешпейді, ескерткіш тілінің қазіргі тілге жақындық дәрежесі, оған ұқсастық шамасы, грамматикалық құрылысындағы бірлігі шешеді» — дей келіп, қазақтың дулат, жалайыр руларынан шыққан Мұхаммед-Хайдар, Қадырғалилардың еңбегі сол кездегі ортақ кітаби тілде жазылғандықтан, авторы-

<sup>1</sup> У с м а н о в М. А., Татарские исторические источники XVII—XVIII вв. Казань, 1972.

<sup>2</sup> Борынғы татар әдебияты. Казан. 1963.

ның қазақ болып отырғанына қарамастан оғуз, қыпшақ болып жататын тілдердің көпшілігіне ортақ материал деп түйеді<sup>1</sup>. Ал талдау үстінде: «бұл шығарма XVI ғасырдың соңғы жылдарында жазылған. Бұл едәуір қазақ тілінің өзімен туыстас басқа түркі тілдерінен біржола жекеленіп үлгермеген, көне түркі тілдеріне тән кейбір ескі формалардан, тілдік көне тәсілдерден әлі арылып жетпеген уақыты», «шығарманың қазақ тілінің... өз алдына жеке халықтық тіл болып қалыптаса бастауының алғашқы дәуірінде жазылғандығын ескерсек...»<sup>2</sup> деген сияқты пікірлер айтқанына қарасақ, зерттеушінің байымы Қадырғалидың «Тауарихы» — қазақтың өз тілінің, оның қалыптаса бастаған дәуірінің ескерткіші дегенге саятынын аңғарамыз.

Қадырғали шежіресінің тілін татардың жас ғалымы З. Хисамиева да зерттеді<sup>3</sup>. Ол көрнекті түрколог ғалым, ССРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Э. Р. Тенишевтің жетекшілігімен «Қадырғали бек дастандарының тілі» атты тақырыпқа кандидаттық диссертация жазып, 1980 жылы қорғап шықты. Диссертант алдына жалайыр тарихшының төлтума (өзі жазған) дастандары тілінің грамматикасы мен лексикасын жүйелі түрде талдап, оларды татардың әдеби тілі мен диалектілеріндегі фактілермен салыстыру, сол арқылы ескерткіштің қай халықтың тарихи мұрасына жататындығын анықтау мақсатын қояды. Зерттеуші бұл жұмыста талданып отырған шежіре тілінің негізі жалпықыпшақтық екенін көрсете келіп, ескерткіш татар тілі элементтері қатысқан Еділ бойындағы түркі (тюрки) тілінде жазылған деп табады. Диссертант «жалпықыпшақтық» элементтерді (мысалы, сөздің септік жалғауларын қабылдау түрлері, есімшенің *-мыш* емес, *-ған* жұрнақты түрінің қолданылуы, есімдіктердің тұлғалары, т.т.), сондай-ақ «нағыз татар тіліне тән» (собственные татарские) ерекшеліктерді көрсетеді. Бұл ерекшеліктер деп зерттеуші *сары*, *елу* сөздерінің соңында *Ғ*, *г* дыбыстарының жоқтығы, *Ғ* дыбысының орнына бірен-саран сөзде жарты дауысты *у* дыбысының келетіндігі (*алтауыт*,

<sup>1</sup> Қордабаев Т. Р., Тарихи синтаксис мәселелері. Алматы, 1964, 14—15-беттер.

<sup>2</sup> Сонда, 32—33-беттер.

<sup>3</sup> Хисамиева З. А. Язык дастанов Кадыр-Ғали-бека. Автореф. канд. дис. Уфа. 1980.

алпағыт емес), шығыс септіктің *-дын* емес, *-дан* түрінде қолданылғандығы, *би, бикем, йазгысын, қышқысын* сөздерінің кездесетіндігі сияқты фактілерді есептейді. Бұл «нағыз татар тіліне тән, өзіндік» деп көрсетілген тұлғалар мен сөздерді «қазақ тілінің өзіндік» ерекшеліктері деп те тануға әбден болатындығын ескертуге тура келеді.

Сөйтіп, Қадырғали Жалайыридың тілі туралы мынадай пікір-тұжырымдар бар:

1) Бұл шежіре өз заманындағы түркі әдеби тілі — кітаби тілде жазылған. Бұл пікірді айтушылар: И. Н. Березин, Ш. Уәлиханов, В. В. Вельяминов-Зернов, Әли Рахим. Бұл жерде «кітаби тіл» деп ортаазиялық түркі (орысша тюрки), яғни шағатай тілі танылып отыр. Ш. Уәлиханов бұл ескерткіштің тілі «джағатай» бола тұрып, қазақ тіліне өте жақын келетіндігін айтады.

2) Бұл шығарма шағатайша-қазақша тілде жазылған. Бұл пікірді айтушылар — Ә. Марғұлан мен Е. Масанов, Т. Қордабаев. Жоғарыда көрсетілгендей, Ш. Уәлиханов пен М. Әуезовтің пікірлері де осы танымға жақындайды.

3) Қадырғали өз шежіресін қазақтың жазба тілінде ұсынған. Бұл қорытындыны К. Жүнісбаев, Ә. Жиреншин білдіреді.

4) Қадырғали бидің «Тауарихы» ескі татар тілінде жазылған. Мұны татар тарихшысы М. Усманов ұсынады. Зерттеуші З. Хисамиева ескерткіштің тілі татарша, оның ішінде Еділ бойы татарларының деген түйінге келген.

Сөз етіп отырған тарихнамелік шығарма тілінің әрі қарайғы жан-жақты зерттелуі осы пікірлердің қайсысының шындыққа сай немесе жақынырақ, я болмаса қарсы келетінін айқындау тұрғысынан болуға тиіс. Сонымен қатар, жалпы орта ғасырлардағы түркі әдеби тілдері, оның жергілікті түрлері жайындағы мәселені де шешу мақсатын көздеу де кезекте тұратын проблема болмақ. Тіпті Қадырғалидың ана тілі туралы да әңгімені ашып алу қажет болады, өйткені, жоғарыда айтылды, кейбір зерттеушілер (мысалы, М. Усманов) Қадырғали бидің ана тілі қазақ тілі емес, Сібір татарлары тілі (яғни қазіргі татар тілінің бір диалектісі) болу керек деген де болжам айтады. Бұл болжамға жетелеген жайттар Қадырғалидың әуелі Сібірдегі Көшім хандығында, кейіннен (Мәскеуде болған едәуір жылдардан кейін) өмірінің соңғы жылдарында негізінен татарлар мекендеген Қасым



хандығы топырағында жасап өткендігі болса керек. Дегенмен шежірешінің туып-өскен ортасын, сауат ашын, білім алған мәдени орталығын, кімдерге қызмет еткендігін есепке алсақ және ең негізгісі, ол жазған шығарманың «тіл үйіру» мәнеріне, сөз жұмсау машығына ден қойсақ, оның ана тілінің қай тіл болғанын айыру мүмкіндігі туады. Осы мақсатпен біз осы кітапта тарақ таңбалы жалайыр Қадырғали бидің қаламынан шыққан шежіре тілінің лексика-фразеологиялық сипатын, грамматикалық және стильдік ерекшеліктерін талдап-танытқан ізденістерімізді қысқаша түрде ұсынамыз (толығырақ баяндалуын 1989 жылы «Ғылым» баспасы шығарған «Язык «Жами ат-тауарих» Жалаири» атты орыс тілінде жарияланған кітаптан оқып-білуге болады).

### Шежіре тілінің лексикасы мен фразеологиясы

Ескерткіш тілінің сөздік құрамын түркі, монғол, араб, парсы, қытай сөздері құрайды. Зерттеуші З. А. Хисамиеваның санауы бойынша Қадырғалидың өз қаламынан туған (аударма жағын қоспай есептегенде) дастандарының сөздік құрамының 58%-і түркі, 28%-і араб, 13%-і парсы, 1%-і монғол және басқа тілдердің сөздері құрайды. Ал, біздіңше, тұтас алғанда, бұл мөлшер біраз өзгешелеу түсуі мүмкін, өйткені аударма жағында парсы мен араб сөздері және монғолша, қытайша титулатура (лауазым, дәреже, қызмет бабы атаулары) көбірек кездеседі.

Түркі сөздерінің дені қыпшақ тобының (қазақ, татар, т.б.) сөздері болып келеді. Орта ғасырларда жазылған өзге көптеген тарихи шығармалармен салыстырғанда, мұндағы түркі сөздері қыпшақтық тұлғада берілген. Мысалы, «аң аулау» мағынасына қатысты сөздер *ау* емес, *аң*, *аңға чық-*, *аңға атлан* — түрінде (мысалы, Абылғазыда *ау аулаб*, *ауға чықыб*); «қол» мағынасын беретін тұлға *ал [ел] еліг* емес, *қол*, *азақ* немесе *адақ* емес, *айақ* (мысалы, Абылғазыда: Сыр суының *азақы*); *үй (ев/еу)* емес), т.т. Фонетикалық тұлғасы жағынан да, білдіретін мағынасы жағынан да мына сөздер таза қыпшақша (қазақша, татарша): *бәлек*, *биле-(ел, биле-)*, *арқа*, *Еділ бойында*, *күйеу* (күзәгі емес), *қарындаш* (қардаш емес), *белгілі*, *біреу* (бірісі емес), *аға-іні*.

*айғақчы, ақча, атланды, бақындыр — баилық (бастық), қыз бер-, болуы кетті, бұйурды, булақ, ыарашты (жарасты, татуласты), бірікті, ыақа, қырақ, ыақала (жағала-); ыарылқа-, бір ыашады, ыеңгелете алды (жеңгелей алды), кечу, қайта, қартайды, құдыра иіберді, қыр, ой, мың ағасы, салып кетті («қалдырып кетті» деген мағынада), орам, көрүнүш, ыарылқады, жұда болды, тәтті ет, үйқы, уруш, учура-, чапты, чел, т.т. «Әскери» лексикадан қыпшақтық (мысалы, қазақтық) айыр, атқычыл, он бегі, үз бегі, мың бегі, мың ағасы, т.б. сөздері табылады.*

Мұндағы *қырчын* («Дарийа арасындын қырчын лар,<sup>1</sup> қамыш лар йығыб, сал бағлаб дарийаны кечті — 27), *қырақ, жұда болды* (Оразмұхаммед хан... секіз йашында, улуғ бабасы Шығай хан дын жұда болдылар — 165), *сақынды* (Ол Хатун әгәр ашкара қылсам хұдайға табунмакны, аны оғлы білә бірге өлтүргәй теб сақынды — 20), *ыазы* (Йазыға чықыб ерді лер — 31), *салып кетті, соқратын, тоң-* (қату), *сур-* // *сұра-* («ел билеу») сияқты сөздер қазіргі қазақ тілінде актив қолданылмағанмен, ертеректегі тілімізде дәл Қадырғали жұмсаған мағынада кездесетіндігін көреміз. Мысалы, *қыршын* сөзі (бұл тұлғаға кезінде Ш. Уәлиханов та көңіл аударып, оны *қобаршын* деген копада-батпақта өсетін өсімдік атауымен байланыстырды) XV—XVI ғасырларда жасап өткен ноғайлы-қазақ жырауы Шалкиізде (Шәлгезде) бар: Жағасына *қыршын* біткен тал еді, Жапырағын жайқалтып Терек етсе, тәңір етті!— деп келеді (Бұл жолдар кейін XIX ғасырдағы Махамбет ақынға да телініп жүр, ал шындығында авторлық Шәлгездікі болу керек). Өткен ғасыр ақыны Майлықожадағы: «Дарияның екі тоты қырағында» деген өлең тармағына қарап «өзен жағасы» мағынасындағы *қырақ* сөзі де қазақ тілі үшін жат емес екендігі байқалады. Сол сияқты «біреуден айырылып қалу» семантикасы бар *жұда* болу тіркесі де қазақ тілінде қолданылып келгенін Шәңгерей Бөкеев ақынның (XIX ғ.): «Бес жаста *жұда* болып ата-анадан» деген

<sup>1</sup> Ортағасырлық түркі жазбаларында кейбір септік, көптік жалғаулар сөз негізінен бөлек жазылған. Біз тексті транскрипциялағанда бұл ерекшелікті сақтадық.

Осы жерде және әрі қарай келтірілген мысалдар мен көрсетілген беттер «Жами ат-тауарихтың» 1854 жылғы басылымы: «Библиотека восточных историков, издаваемая И. Березиным, проф. Казанского университета Т.И. часть I. Сборник летописей. Татарский текст с русским предисловием. Казань»— бойынша алынды.

жолдары көрсетеді. *Сал-егістігінің «қалдыру, тастау» мағынасы қазақ тілінде де болғанын Қазтуған жыраудың (XV ғ.): Қайран менің Еділім, мен салмадым, сен салдың» немесе Махамбет ақынның: «Таңдап мінген тұлпарлар иесін қайда жаяу салмаған» деген өлең жолдары дәлелдейді. Язы сөзі (Доспамбет жырауда (XVI ғ.): «Жазыда көп-ақ жортқан екенбіз»; соңратын сөзі (Шалкизде: Енді өзіңнен соңратын жұртқа бір лайық ие жоқ)! сақын (Шалкизде: «Күле кіріп, күніреніп шыққан достан мың сақын») тұлғалары да қазақтың өткен ғасырлардағы ақын-жыраулар тілінде қолданылып келгендігі — Қадырғали шежіресі қолданған бұл сөздердің сол кездегі қазақ тіліне тән болғандығының айғағы.*

Әрине, түркі сөздерінің барлық тұлғалары қазақ тіліне тән деуге болмайды. Олардың бірқатары фонетикалық тұлғалануы жағынан қазіргі қазақ тілінен алшақтайды. Мысалы, қазақ тілінде сонор у, й, ң-дермен келетін сөздер «Тауарихта» ғ, г дыбыстарымен берілген: *йағмур* (жаңбыр), *тигер* (тиер), *йағы* (жақ), *тағ* (тау), *туғды* (тууды), *йағар* (жауар), *йығыб* (жыйып), *сығыр* (сыйыр), *төгүрек* (төңірек).

Кейбір тұлғаларда ғ дыбысы сөз соңында сақталған (қыпшақ тілінде ол ертеде-ақ жоғалған): *сарығ* (сары), *улуғ* (ұлы), *қатығ* (қатты). Дегенмен бұл тұлғалардың қыпшақтық параллелі де кездеседі. Мысалы, Тоғұм ханның балалары «Тоғұз сары» атанды дейді. Бұл жерде «тоғыз сары» атанған Шыңғыс әулетінің қазақыланған бұтағы, демек, «тоғыз сары» қазақтар қойған атақ, сондықтан шежіреші «тоқуз сарығ» демей, қазақша тұлғасын берген. Сол сияқты *арығ* сөзінің *ару* варианты да орын алған.

Енді бірқатар сөздер сыртқы тұлғасы жағынан да, морфологиялық құрылымы жағынан да қазақ тілінің нормасына сай түспейді. Олар: *артұқсы* болды (қазақша: артық болды), *бағнақ* (бағыну, бағыныш), *бөлек* (сыйлық), *булғақ* (аласапыран), *өктүлә-* (тәрбиеле-), *инан-* (илан-, сен-), *сойурғал* (тарту, орысша «пожалование»: әмірші хан, патшалардың өз адамдарына сыйға бөліп берген жер, хандық, т.б.), *күзгу* (айна), *қайусы* (қайсысы), *қатла* (рет), *қатығ* (қатты), *ошал*, *ошибу* (осы), *өксүз* (жетім), *сақлады* (тәрбиеледі), *сандал* (тақ), *сандуқ* (табыт), *сындұрды* (жеңді), *таба* (қарай), *тебреді* (аттанды), *тоқуш* (ұрыс), *тоқушмақ* (ұрыспак). *чәкүл* (кекіл).

Кейбір сөздердің түбірі бір болғанмен, қазақ тіліне морфологиялық құрамы жағынан сай келмейді. Мысалы, *отқаз-* (малды отқа жіберу), *ханла-* (хан қою, хан көтеру), *көпәл* (көбею).

Қадырғали шежіресінің тілінде XII—XIV ғасырлардағы оғуз-қыпшақ ескерткіштері болып саналатын «Құтадғу біліг», «Хосроу мен Шырын», Рабғузидің «Қысал-анбия», «Хадж ал-фарадис», «Ортаазиялық тефсир» сияқты шығармаларда кездесетін архаизмдер (өте көне тұлғалар) жоқ деуге болады. Мысалы, *изи* (ийе, құдай), *қоз-* (қой-), *азақ* (адақ, аяқ), *құзұқ* (құдұқ), *қазғу* (қайғы) деген сөздердегі *д/з* элементі мұнда жоқ. Сондай-ақ осы ескерткіштердегі *ажун* (әлем, дүние), *болун* (тұтқын), *асығ* (пайда), *йаң* (тәсіл, амал), *ал* (айла), *елі* (қол), *әгіз* (биік), *йалавач* (елші), *еш* (дост), *оғуш* (ру, тайпа) сөздері Қадырғалида жоқ. Ол түсінікті де: біздің ескерткішіміз — XVI ғасырдың ең соңында жазылған дүние, екі арадағы үш-төрт ғасырдың ішінде, әрине, көптеген дүниелік (сөздер, ұғымдар) көнеріп, қолданыстан шығып қалған. Оның үстіне, біздіңше, жалайыр Қадырғали өз тұсындағы түркі жазба дәстүрін (нормаларын) ана тіліне жуықтата пайдаланған. Бұл кезеңде жоғарыда көрсетілген сөздердің білдіретін ұғымдары түркінің қазақтық, татарлық, өзбектік, ұйғырлық деген сияқты жергілікті тілдерінде жеке-жеке тұрақталып, не түркі сөздерімен (*биік, елші, ру, қол*), не араб-парсы сөздерімен (*дос, әлем, пайда, айла, тайпа*, т.т.) берілетін болған.

Дегенмен Қадырғалидың тілінде архаистік, көне түркілік элементтер мүлде кездеспейді деуге болмайды. Кейбір сөздердің сол кезеңде қолданылған параллельдерімен қатар, көне варианттары да жарыса жұмсалған сәттері аз емес. Мысалы, *көп* сөзінің *үкүш* қатары, сондай-ақ *йаз-* (*біт-/жазу*), *айт-/ай-*, *сұра-/сұр-*, *не/нүң*, *соң/соңратын*, *өзге*, *өңге/өнгін*, *қайсы/қайу*. Архаистік екінші сыңарлардың көбі (*ай-*, *сұр-*, *қайу*, *өнгі*, *үкүш*) шығыс түркілік дәстүрге тән, олар Қадырғали заманында берік сақталған әдеби нормаға бағынудан шыққан қолданыстар.

Біз тілін талдап отырған ескерткіштің лексикасында көзге түсетін және бір құбылыс жалпы жарыспалы қатарлардың, яғни мағыналары немесе тұлғалары жуық сөздердің бірінің орнына екіншісінің еркін қолданыла беруінің орын алғандығы. Ол қатарлар түркінің өз сөз-

дері болуы да мүмкін. Олар: фонетикалық дублеттер: *йайлағ/йайлақ, де-/те-, орда/орду, булығ/булут, арба/араба, тақы/ тағы* тұлғалар болып келеді. Бұл дублеттердің бірқатары дыбысталу жағынан әлі тұрақталып болмаған (*булут/бұлығ, орду/орда*) құбылысты танытса, енді бірсыпырасы ертеден келе жатқан жазудағы дәстүрді (емлені) сақтаудан туған деп тануға болады: *де-/те-, дағы/тақы, йайлақ/йайлағ* деген қатарлардың соңғы сыңарлары түркі жазуының ертеден келе жатқан емлесіне бағынған да, алдыңғылары XVI—XVII ғасырлардағы қыпшақ тілдерінің нормасына қарай еріксіз қалам ұшына «іліккен» орфограммалар. Бірқатар параллельдер түркі тілдеріндегі диалектілік жарыспалылыққа қатысты дейміз. Мысалы, *йурт/қонуш, йақын/йауық, қарындаш/туғма, білә/білән, башқа/өзге/өнгө, чопан/қойчы, йақа/қырақ, сүйек/сүңгәк* деген сөздерден диалектілік сипат көрінеді.

*Ариғ/ару, ерді/еді, ай/айт, өңгін/өзге, үкүш/көп, нүң/не* тәрізді қатарлардың болуы тағы да ертеден келе жатқан жазба дәстүрге ара-тұра баж беруден, яғни шежірені жазба дүниеге жақындатудан туған, әйтпесе Қадырғалидың өз тілінде де, сол кезеңдегі қыпшақ тілдерінде де *еді* көмекші етістігінің *ерді* тұлғасы, *ару* сөзінің *ариғ* тұлғасы қолданылмағаны мәлім. Ал көптеген лексикалық параллельдер түркі-араб, түркі-парсы, араб-парсы, араб-араб, парсы-парсы, түркі-монғол, араб-монғол, парсы-монғол сөздерінің (бір мағынадағы) жарыса, бірінің орнына бірі қолданылғанын көрсетеді. Мысалы: *тіл/ләфз, өкин/хуб сахиб жамал/ қыз суратлығ/ үшеуі үш тілде «әдемі, көрікті»* деген мағынаны білдіреді), *белгілі /машһур, йазылды/шарх берілді, күн туғуш/машрақ, йақ/тараф, улус/қаум, бу күн/һануз, йурт/мақам, йағы/душман, улуг/бузург («үлкен»), йарлығ/фарман, оғул/фарзанд, мың/һазара, нафар/кіші, кисм/бөлек, аксар/көб,/көбі* т. б.

Түркі сөздерінің бірқатары әскери-әкімшілік лауазымдар мен атақтарды білдіретін әлеуметтік-саяси терминологияға жатады. Бір жағынан, бұл шығарманың басым бөлігінің аударма болғандығы, екінші жағынан, оның тарихнаме екендігінен автор біраз сөзді әлеуметтік термин етіп жұмсаған. Мысалы, мұндағы *хан, бек, би, аға /ақа, аталық/ атабек, көкүлтеш/емелдеш, бауырчы, оғлан, ел, жұрт, мың ағасы, алач мыңы, уруғ, ақтачы, құл* деген атаулар терминдік дәрежеге көтерілген

сөздер. Бұлар ортағасырлық өзге де тарихи шығармаларда қолданылатындығын ескерсек, алдыңғы кезеңдерден келе жатқан түркілік терминология дәстүрін көруге болады. Осы термин сөздердің бірқатарының Қадырғали шежіресіндегі қолданысын талдап көрелік.

*Хан* сөзін әдетте түркі-моңғолдың *қаған* (арабтарша *хакан*) сөзінің ықшам варианты деп есептейді. *Қаған/каан* сөзі, В. В. Бартольдтың айтуынша, моңғол империясы дәуірінде ең жоғарғы билеушіні де, империяның жеке өлкелерінің билеушілерін де білдірсе, кейінірек бұл тұлға *хан* түріне көшкен. Ал *хан* сөзі моңғол империясы құлағаннан кейін жалпы әміршінің («государь» дегеннің) титулы болған<sup>1</sup>. Зерттеушінің бұл пікірін Қадырғали шығармасының тілі де растайды. Мұнда *қаған* тұлғасы өте сирек кездеседі, ал *хан* тұлғасы, жоғарғы монархтарды да (Шыңғыс хан, Жочы хан), жеке ру-тайпалардың билеушісін де білдіреді (Боданчар хан, Мөңкү хан). Біздің шежіресіміз тіпті орыс патшасын да (Барис хан), Моңғолдың үлкен империясының әміршісін де (Чиңгиз хан) «хан» деп атайды. Қадырғалида *келте ханлар* деген термин де бар. Оның ұсақ хандықтардың билеушісі» деген мағынаны беретіндігін Ш. Уәлиханов көрсеткен болатын.

Шежіреде жиі қолданылған терминдердің бірі *аға* сөзі. Ол осы күнгідей «жасы үлкен туысқан» мағынасында келгенде, әрине, әлеуметтік-саяси терминологияға кірмейді. Қадырғали бұл сөзді негізінен «әмірші», «билеуші» мағынасында термин етіп жұмсаған және ол жалқы есіммен тіркесе қолданылған: *Булад аға*, *Бүйінчик аға*, *Абдулла аға*, *Арғун аға*. Бұл тұлғаның орта ғасырлардағы хандықтарда сарай маңындағы адамның дәреже атағын білдіретін термин болғандығын тарихшылар айтып кеткен болатын.<sup>2</sup>

Біздің байқауымызша, *аға* деп бір кездерде ру, тайпа басын немесе әскердің белгілі бір бөлігінің басқарушысын атаған тәрізді. Қазақтың XV—XVI ғасырлардағы ақын-жыраулары мен батырлар жырларында *аға* сөзі осы мәнде келеді. Мысалы, Шалкиізде: Батыр жігіт жау бастар, *Аға* жігіт қол бастар; Доспамбетте: Азаулыда *аға* болған ерлер көп еді. Бұл термин жалқы есіммен тіркесіп

<sup>1</sup> Бартольд В. В., Соч., М., 1963. Т.5. 80 және 605-беттер.

<sup>2</sup> Материалы по истории казахских ханств в XV—XVIII вв. Алма-Ата, 1969, 562-бет.

титул ретінде де келеді: Бү жиынның ішінде *Ер Жақсымбет аға* бар (Шобан); Азаулының Аймәдет, *Ер Доспамбет ағаның* хан ұлынан несі кем (Доспамбет). *Аға* сөзі қазақ тілінде «ру басы, әскер басы» мағынасында XIX ғасырға дейін жұмсалып келгені байқалады. Мысалы, мұны Махамбет ақындағы: Сан шерулі қол болса, Батырлар болар ағасы деген сияқты өлең жолдары дәлелдейді. Жалпы *аға* сөзінің «бас, басшы» деген қосалқы (мүмкін, ауыспалы) мағынасы о бастан бар болғандығын қазақ тіліндегі *отағасы*, *қосағасы* деген күрделі сөздер дәлелдей түседі.

Қадырғали шежіреші бұл сөзді *бек*, *әмір*, *башлық* (бастық) терминдерінің тепе-тең синонимі ретінде жұмсаған. Мысалы: *мың бегі* (*мың ағасы*, *казик башлығы*) *чора ағасы*. Бұл сөздің қатаң дауыссыз дыбысты *ақа* варианты біздің тексімізде екі-ақ жерде, онда да тек өзінің «жасы үлкен туысқа» деген номитативтік мағынасында қолданылған, ал әйелдердің жалқы есімдермен келген *ақа* тұлғасын (*Нулунған ақа*, *Кәлміш ақа*) біз түркінің *аға* сөзінің емес, монғолдың *еке/әке/ака* («ана») деген сөзінің, орысша «госпожа», түркі-монғолша «хатун», қытайша «фужин» терминдерінің синонимі ретінде қолданылған варианты деп есептейміз.

*Бек* сөзін жалайыр тарихшы ру басының ханнан өзге ұлыс билеушісінің титулы немесе әскери шен иесінің атағы ретінде қолданып, арабтың *әмир* (*эмир*), монғолдың *нойан* терминдерінің синонимі ретінде келтіреді. *Бек* — ханнан кейінгі екінші билеушінің (канцлердің, министрдің) аты. Мұны біздің шежіреміздің тексі де көрсетеді. Бірі *хан*, бірі *бек* болуб йүрүр ерді, Чингиз ханда бу төрт бек ма лум турур. Демек, *бек* сөзі мұнда *әмір* (эмир) терминінің эквиваленті болып қолданылады, сондай-ақ *он бегі*, *йүз бегі*, *мың бегі*, *түмен бегі* сияқты күрделі титулдардың құрамында келеді.

*Бек* сөзінің термин ретінде емес, жалпы «сановник, ақсүйек бекзада» мағынасында қолданылуы да жоқ емес: Керман шаһарының *бек лері*, мырза лары, қара халқы екі йүз кіші анда хазр ерді лер.

XV—XVI ғасырларда *бек* атағын, сірә, хан беретін болып, «рангілер табеліне» кіргенге ұқсайды<sup>1</sup>, ал кейіннен бұл атақпен ресми праволары мен қызметтері

---

Материалы по истории казахских ханств... 493-б.



бар адамдар аталған<sup>1</sup>. Бұл сөздердің *би* варианты да бар. Біздің тарихшымыз ханнан кейінгі билеушінің титулы ретінде *бек* тұлғасын жұмсаған да, *би* вариантымен ру-тайпаның басшысын, билеушісін немесе билеуші топтың өкілін атаған. Сірә, Қадырғали заманындағы қазақ қоғамында ру-тайпа басын *би* деп атаса керек. Сондықтан шежіре тексінде *би* тұлғасы да кездеседі. (Тасуқа би, Сейдек би). Мүмкін, шежіреші бұл тұлғаны көбірек жұмсаған болар, бірақ оны кейінгі көшірушілер *бек* вариантымен ауыстыруы әбден ықтимал. Оны мына бір факт дәлелдейтін тәрізді. Қадырғали өзінің ата-тегін таратқанда *би* терминін жұмсаған. Мұны Баруди нұсқасынан көреміз: Қадыр али би, Хосум би Карач би, Айтаулы би, Тебре би. Осы ата текті таратуда кейінгі нұсқада *би* сөзінің орнына *бек* тұлғасы келтіріліп жазылған (көшірілген). Маңғыт мырзаларының ру басы, Алтын Орданың билеушісі (бірақ ханы емес) атақты Едіге бірде бек, бірде би деген титулмен берілген.

*Аталық/атабек* сөздері де ортағасырлық түркі әдебиетінде «хан ұлдарының тәрбиешісі, регент» мағынасында қолданылған, бұл терминдер біздің шежіремізде де осы мәнде келген және бұл термин көбінесе хан төңірегіндегі қарашылар, емелдештер сөз болған тұстарда келеді: Уа қарачу лары, аталық, емелдеш лері хан хазрат лары ның үстіне нисар лар қылды лар. Бұл терминнің *атабек* нұсқасы титул ретінде жалқы есіммен келтірілген: Екіншісі Атшы Терген атабек нің қызы ерді.

Шежіре тексінде кездесетін қызық терминнің бірі *ақтачы*, бұл «атбегі» деген мағынадағы термин, ол Шыңғыс хан тағайындаған мәртебелі 10 қызметтің біреуінің иесін, яғни «орда жылқысының атбегін» білдіретін титул болған, сондықтан жалқы есіммен тіркесіп келеді: Бұқадай ақтачы, Нурин ақтачы, т.б. Сөз түбірі — *ақта ахта/ат* «ақтаған (піштірілген) ат». *Ақта* деп кез келген ақтаған атты емес, 7—8 жасқа дейін айғыр болып үйірге түсіп келген, денесі қатайып күш жинап алғаннан кейін піштірілген жылқыны атайды, оны орысша «мерин» дейді, ақта ат әдетте күшті, мықты болады,<sup>2</sup> монғолдар әдетте ақта аттарға мініп жүретін болған<sup>3</sup>. *Ахта ат* түрін-

<sup>1</sup> Валиханов Ч. Ч., Собр. соч. т. I. 25-б.

<sup>2</sup> Ильминский Н. И., Материалы к изучению киргизского наречия. 27-бет.

<sup>3</sup> Владимирцов Б. Я., Общественный строй монголов. Л., 1934, 38-б.

де бұл сөз біздің тексімізде де кездеседі: Ечкілі оғлы Хасан Едіге би нің ахта атын алыб туруп ерді; Уа анларны йахшы ахта атларға міндіріб, йолда йүргүздүм.

Сөйтп, *ақтачы* тұлғасы — *ақта* сөзіне әрекет иесін білдіретін — *чы* жұрнағы жалғанып жасалған лауазымды атайтын термин дәрежесіне көтерілген түркі-монғол сөзі.

*Оғлан/улан* деп тарихшылардың айтуларына қарағанда, Шыңғыс ханның хан титулы жоқ ұрпақтарын, сондай-ақ жалпы хан-сұлтандардың балаларын (ұлдарын), билеуші династияның әр алуан әскери және әкімшілік қызметтегі өкілдерін атаған. Қадырғали *ұлган* сөзін титул ретінде қолданып, жалқы есіммен келтіреді: Қыйас улан, Даулат хожа улан, Таш Темүр улан, ал *оғлан* тұлғасын «ханзада» («царевич») мағынасында жұмсайды: Чингиз хан оғланларыға ләшкәр бөлүб берді. Сонымен қатар *оғлан* сөзін шежіреші жалпы «бала, ұл» мәнінде де қолданады.

Түркі сөздерінің ішінде *ел*, *йурт*, *уруғ*, *алач мыңы*, *құл* сияқты сөздер де әлеуметтік құрылысқа қатысты терминдер ретінде қолданылған: *ел* — көп мағыналы сөз, оның терминдік мәні де біреу емес. С. Е. Маловтың тануынша, орта ғасырлардағы түркі жазбаларында «ел — ру-тайпалар одағы», «мемлекет», «халық». В. В. Радлов, П. М. Меморанский, В. В. Бартольдтар да *ел* сөзінің мағынасын осылайша деп табады. Ал А. Н. Бернштамша, *ел/эль*, *иль* — мемлекет құрылысының атауы болса, Л. Н. Гумилевша, *ел* сөзінің мағынасы мүлде басқаша, бұл зерттеуші *ел* деп күшпен не еркімен бағындырылған тайпаны атаған дейді. Жалайыр тарихшы *ел* сөзін осы соңғы, Л. Н. Гумилев түсінген мәнде жұмсаған, сондықтан мұндағы *ел қылу*, *ел болу* деген етістіктер бір (не бірнеше) тайпаның өзге бір тайпаға күшпен (соғысып) немесе еркімен бағындырылуын атайды: Мыңай Ойар аншы шул қаум қара хығай ерді, уа [Чингиз ханға] *ел* болды; [Уйгурның падшаһы Иди Кут Чингиз ханға] *ел*чй йіберді *ел* болайын теб.

Біздің байқауымызша «ел болу» тіркесінің мағынасында («жау болу» дегенге қарама-қарсы) еркімен бағыну (тіпті күшпен бағындырылған күнде де) немесе тату қатар өмір сүру деген реңкі бар болған. Мұны қазақ тілі фактілері жақсы дәлелдейді: *елші* — татуластырушы, *елдестіру* — татуластыру («жауластырмақ жаушыдан, елдестірмақ елшіден»). Сөйтп, Қадырғали

тарихшы *ел* сөзін «мемлекет, мемлекеттің халқы», «халық» мағынасында емес, «бағындырылған тайпа» деген терминдік мәнде және кейде улус («саяси және әкімшілік тұтастық») терминінің синонимі ретінде ғана жұмсаған.

*Ұлыс, орда, йурт* сөздері де бұл тарихи шығармада термин ретінде қолданылған. О баста «белгілі бір территорияда құрылған тайпалар одағы» деген ұғымды беретін улус сөзі кейін келе «халық» («этнос») мағынасын білдіретін болған<sup>1</sup>. Қадырғали бұл сөзді «халық» деген ұғымда да, «мемлекет, хандық» деген терминдік мәнде жұмсаған. Ол Русь патшасы Борис Годуновты: Ойда орус, қырда татар — барча улусны бақтурған хан деп мадақтайды. Мұндағы улус дегені «халық». Ал, мына сөйлемдегі улус «мемлекет»: Барча улус ішінде Мәскеу атлығ шаһарың душмандарға көп дүр. Мұнда: мемлекетіндегі көп қалалардың ішінде Мәскеу атты қаланды дүшпандар көре алмайды (өйткені ол жақсы, үлкен, күшті) дегенді айтып тұр. Улус тұлғасының шежіреде ең жиі кездесетін мағынасы «халық», автор түркі-монғол хандықтарын улус деп атайды: Бу Қонқыран Орда дын соң улусны ол биледі. [Қасым хан] нечә уақт лар атасы улусында падшаһ лық қылды. Ал мұнда этносаяси бірлестіктерге үлкенді-кішілі хандықтар да, Русь, Дешт Қыпчак сияқты ірі мемлекеттер де жататындықтан, Қадырғали тарихшы бәрін де улус деп атайды.

Тарихи мағынасын қуаласак, *орда/орду* сөзі де, улус сөзі сияқты территориялық-саяси бірлестікті білдірген. Біздің шежіремізде *орда* бірі — *жұрт* (иелік) сөзінің синонимі ретінде, екіншісі — «хан резиденциясы, ханның «улуғ хатунлары» тұратын мекен-жайы» деген екі мағынада келген: Чиңгиз хан бу йыларда йазғысын өз ордасында ерді. Мұнда Шыңғыс ханның төрт бас жұбайы, төрт «бәйбішесі» (яғни «төрт улуғ хатуны») тұратын мекен-жайды *улуғ орда* деп, оны басқарушыны *орда беклігі* деп атаған: Аның төрт улуғ ордасы; [Қарача] Үзүк хатунның орда беклігі ерді. Қадырғали тексінде *орда* сөзі *улус* сөзін алмастырмайды, яғни мұнда орда сөзінің семантикасы тарылып, тек қана «хан ордасы» (мекен-жайы) ұғымында қолданылған.

*Йурт* сөзі улустың территориясын, яғни тайпалар

<sup>1</sup> Валиханов Ч. Ч., Собр. соч. т. I. 636-бет.

бірлестігінің көшіп-қонып жүретін жерлері мен жайылымдарын білдіреді. Бұл сөзде тек территориялық иелік емес, жалпы елдік-әкімшілік иелікті де қоса білдіретін ренқ бар, сондықтан ол кейде улус, ханлық сөздерінің адекватты ретінде келеді. Ертеректегі түркі тарихы шығармаларында кездесетін *йурт* (*жұрт*) сөзі көбінесе орыс тіліне аударылмай беріледі. Қадырғали *йурт* сөзінің синонимі ретінде кейде *мақам*, *ол йер*, деген сөздерді де қолданады: атасының мақамы, ол йер, атасы йурты.

Біздің тексімізде әлеуметтік терминдердің ішінде және бір қызғылықты атау бар, ол — *алаш мыңы*. Бұл күрделі атау жөнінде Ш. Уәлиханов былай деп жазды: «Алаш (алаш) — қазақ тайпа одағының жалпы атауы. Оның ескерткіш тіліндегідей одақтасып халық ретінде аталуын, үш алаш, алты алаш, үш мың алаш дейді»<sup>1</sup>. Ш. Уәлиханов мұрасын бастырушылар: «Алаш мыңы» Жалайыридың «Шежіресі» бойынша, Ақ Ордада Орыс ханның билігі тұсында қаңлы, жалайыр, қатағандармен басты роль атқарған ірі-ірі тайпалар одағының атауы. Сірә, бұл қазақ ру-тайпаларының алғашқы одағы болу керек, өйткені XV—XVI ғ. бұл термин (алаш мыңы) «қазақ» деген этноним (халық аты) ретінде кездеседі деп түсіндіреді. Ал Қазақ Совет Энциклопедиясы былайша түсіндіреді: қазақ халқын құраған ру-тайпалар XIII ғасырдың басында монғол шапқыншыларына қарсы тұру үшін біріге бастайды. Олар: қыпшақ, найман, қаракесек, алшын, қоңырат, жалайырлар (осы алтауының одағы — алты сан алаш) болатын, бұлар кейін Жошы ұлысына қарады дейді. XIII ғасырдың екінші жартысында бұл одақ Алтын Орда құрамынан шығып, жеке хандық — Ақ Орданы құрды. Кейіннен, Орыс ханның тұсында, бұл одақ нығайып, «алаш қауымы», «алаш мыңы» деп, XIV—XV ғасырларда «алты алаш», «алаш мыңы», «алаш ұлысы» деп атанды дейді<sup>2</sup>. Бұл жердегі *мың* сөзі «одақ, қауым» деген ұғымды білдіреді, сонда *алаш мыңы* — «алаш одағы» деген сөз. Сірә, о баста *мың* көне дәуірлерден белгілі түркі-монғол қауымдарының ондықтарға (ондық, жүздік, мыңдық) бөлінетін әскери әкімшілік жүйесінің бір буынын атайтын сөз болған да, «кейін келе номинативтік (тура) мағынасынан айрылып, «одақ, бірлестік, қоғам» деген ұғымды білді-

<sup>1</sup> В а л и х а н о в Ч. Ч., Собр. соч. т. I. 213-бет.

<sup>2</sup> ҚСЭ. Алматы. т. I. 1972. 247-бет.

ретін болған. Кейінгі дәуірлердегі қазақ тілінде *алаш* сөзі екі мағынада жұмсалатын болған: бірі — *қазақ халқы дегеннің синонимі ретінде (мұны батырлар жырлары мен XV — XIX ғ. ақын-жыраулары тіліндегі) алаш, он сан алаш, алты сан алаш, алты алаш* сияқты тұлғалардың қолданысы көрсетеді), екіншісі — «жат» мағынасында (мұны «Туысқаның емес, *алашың* ба едім» сияқты мәтел мен Бұхар жыраудың: «Өзіңмен бірге туысқан *Алаштан* бетер жат болар» деген сияқты толғау жолдары көрсетеді). Сірә, *алаш мыңы* атауы алғашқыда бір-біріне туыс емес, жат тайпалардың одағын білдірген болу керек.

Сөйтіп, Қадырғали бидің тілінде қазақ хандықтарын сөз етсе де, «қазақ» этнонимі жоқ, оның орнына «алач мыңы» атауы қолданылған: Алач мыңы арасында улуғы тарақ тамғалы жалайыр болғай.

Түркі-монғол сөздерінің ішінде тарихи шығармалар тексінде кездесетін туыстық атауларының бірқатары әлеуметтік ұғымдағы термин ретінде келеді. Солардың бірі — *хатун* сөзі (мұны В. В. Бартольд «ханша, госпожа» мағынасындағы соғды-парсы сөзі, түркі-монғол тілдеріне кейін енген деп табады<sup>1</sup>). Біз тілін талдап отырған шежіреде үш түрлі мағынада қолданылған. Бірі және жиі кездесетіні — «әміршінің жұбайы» (орысша: госпожа, княгина) деген мағынада және бұл сөз титул ретінде жалқы есіммен тіркескен түрде де кездеседі. Алталун хатун, Иолун хатун. Соңғы қолданыста қытайдың осы мағынадағы *фужин* сөзі мен монғолдың *еке* (*ике, эке*) сөздеріне синоним болып келеді. Екіншісі — «біреудің әйелі» (жена), үшіншісі — жалпы әйел зат. Қадырғалида «әйел» ұғымын беретін *күч* сөзі жоқ (бұл тұлға Абылғазыда бар).

Туыстықты білдіретін *оғул / оғлан, аға / ақа*, ер, қарындаш сөздері өздерінің номинативтік мағынасында да, ауыспалы терминдік мәнде де қолданылған. Осы лексикалық топтағы сөздердің бірқатары өзге тілдік тұлғалар болып кездеседі. Мысалы, «күйеу» мағынасында монғолдың *гүрген* сөзі, «апа» мағынасында монғолдың *еке, екечі* сөзі, «кенже» мағынасында монғолша *отчигин* сөздері қолданылған. Бұлардың кейбіреуі титул ретінде жалқы есіммен тіркесіп келеді: Қаймыш екечі, Булғачин екечі, Туралчин гүрген, Ауалун еке. *Екечі* сөзі «апа»

<sup>1</sup> Бартольд В. В., Соч. т. 5. 43-бет.

мәнінде өз алдына жеке де қолданылған: Екіншісі жарчы хатун ерді, [ол] Болуған хатунның улуғ екечісі ерді; парсының *немере* сөзінің *нәбира* тұлғасы және түркіше *оғлының оғлы* сөздері бар.

Тарихи шығарманың ішінде шежіре жанрына жататын болғандықтан, Қадырғали туындысында күнделікті тұрмысқа қатысты атаулар көп кездеспейді. Бұлардың ішінде өткен ғасырда Шоқанның көңілін аудартқан *туар қара* деген сөз бен қазақ халқының күнделікті тұрмысында күні бүгінге дейін кездесетін *саба*, *қымыз*, *тері тон*, *үшем*, *йайлақ* (жайлау), *қышлақ* (қыстау), *оты-йурты* («орын-жай» мағынасындағы жұрт сөзі), *үй*, *үй тірлігі* сөздерін Қадырғали бабамыз да өз мағыналарында қолданған. Бұлардың ішінде қазірде қолданылмайтын *туар қара* тіркесін Шоқан Уәлиханов «жылқы» дегенді білдіретін атау деп таниды, *туар* сөзі ертеде «жылқы» деген ұғымды берген дегенді айтады. Сірә, *туар* сөзі монғолдың «табын, үйір» мағынасындағы *туу-вар* сөзіне қатысты болар, ал *қара* сөзі қара мал (ірі мал) дегенді білдіреді. Екеуі тіркесіп *туар қара* деп айтылғанда «жылқы, жылқы үйірі» деген семантикаға ие болған. Мұны шежіре тексі дәлелдей түседі: Ала йунтлы, йани туар қарасы йахшы болғай. Бұл жерде *ала йунт* қазақша «алалы жылқы» дегеннің эквиваленті (*жұнт*) *йунт* сөзі көне түркі тілінде «жылқы» деген мағынадағы сөз, мұны автор *яғни* сөзімен «туар қарасы» деп түсіндіреді.

Сөйтіп, жоғарыда талданған түркі сөздерінің дені қыпшақ тілдеріне жататын лексика тобы екені көрінеді. Ал бұлар татар зерттеушілері М. Усманов пен З. Хисамиева топшылағанындай Еділ татарлары тіліне ғана жатпайды, шежіре авторының ана тілі қазақ тіліне де тән, күні бүгінге дейін қолданыста келе жатқан сөздер.

Түркілік лексика құрамында кездесетін сөздердің ішінде қыпшақ тобына жатпайтын тұлғалар да жоқ емес. Олардың бірқатар, мысалы, *үкүш* (көп), *біту* (жазу), *нұң* (не), *қайу* (қайсы), *ай-* (айт-) сияқты тұлғалардың қолданысы — шығыс түркістандық жазба дәстүрге берілген баж, яғни ескерткіш тілін өз заманындағы әдеби тіл нормасына бағындыру ниетінен туған әрекет. Дегенмен орта ғасырлардағы оғыз-қыпшақ ескерткіштеріне қарағанда бұл шежіре тексінде жалпы түркілік архаизмдер кемірек ұшырасады, ал кейбір зерттеушілер архаистік тұлғалар деп табатын *йазы*, *сақын-*, *соңыратын*, *сал-* («тастау, қалдыру» мағынасында), *нечүк* деген

сөздер қазақтың XV—XIX ғасырлардағы ақын-жыраулары тілінде қолданылып келгендігі әдеби тіл дәстүріндегі іліктестікті көрсетеді.

Бұл шығармада қолданылған түркі сөздерінің ішінде, әрине, қазақ тіліне, әсіресе қазіргі кезеңіне, тән емес тұлғалар да бар. Мысалы: *ектүлә-* (тәрбиеле-), *ошбу* (осы), *көпәл-* (көбей-), *ерді* (еді), *сарығ* (сары), *кішіг* (кіші), *те-* (*де-*), *тақы* (тағы) т.т. Бұлардың қатарына қазақ тілінде, *й*, *у* сонор дыбыстарымен келетін сөздердің *ғ*, *г* дыбыстарымен келген варианттары (*тигәр* — тийер емес, *туғма* туума емес, *йығыб* — жыйып емес, *йағар* — жауар емес), сөз басында *ж* орнына *й* дыбысы келген параллельдер (*йыл-жыл* емес, *йаша* — жаса емес, *йаууық* — жүуық емес) жатады. Сөз басында *ж* келетін бірді-екілі ғана сөз бар, олар: *Жайық*, *Жақсу* деген жалқы есімдер мен *жайнай туруп* деген етістік. Сөз басы *ж-* мен емес, *й-*мен келуі түркі жазба дүниелерінде орта ғасырлардан бастап күні кешеге дейін сақталып келген емле дәстүріне барып соғады. Бұл дәстүр XX ғасырдың басына дейін өзбек, татар, түркмен, қазақ, башқұрт, т.б. халықтардың жазу тәжірибесінде орын алып келгені белгілі.

Қадырғали шежіресі тіліндегі түркі сөздеріне қатысты ерекшеліктердің бірі — бір мағынадағы екі-үш тұлғаның бірінің орнына бірі қолданыла беретіндігі. Мысалы, *ариғ/ару*, *қарындаш/туғма*, *башқа/өзгә/өңгә/өңгін*, *йақа/қырақ*, *сүйәк/сүңәк*. Бұл параллельдер, бір жағынан, сол кезеңдегі (XVI ғасырлардағы) лексикалық норманың тұрақталып бітпегенін көрсетсе, екінші жағынан, біздің байқауымызша, шығарма авторының өз ана тіліне бой ұруын танытады (*ару*, *өзге*, *жаға*, *сүйек* тұлғалары қазақ тіліне тән).

Мұндай параллельдер тек түркі сөздерінен ғана құралмаған: шежіре тілінде түркі мен араб, түркі мен парсы, араб пен парсы, араб пен араб, парсы мен парсы, түркі мен монғол, түркі мен қытай, монғол мен қытай сияқты тілдердің бір мағынадағы сөздері бірінің орнын екіншісі баса береді (ол жайында әрі қарайғы баяндауда айтылады).



## Шежіре лексикасының өзге тілдік қабаттары

Орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің барлығында да, негізінен өзге тілдік қабатты араб пен парсы сөздері құрайды. Біздің шежіремізде де солай. Сонымен қатар мұнда монғол сөздері және некен-саяқ қытай тілінің элементтері бар.

Араб сөздерін (арабизмдерді) олардың қолданылу сипатына қарай топтарға бөліп қараған жөн. Бір тобын осы шығармада түркі эквиваленттері қолданылмаған сөздер құрайды. Мысалы, *ахуал* (күй-жай, жағдай), *афсус* (өкініш), *ниһайат* (шек), *ақл* (ақыл), *имарат* (құрылыс), *хамила* (жүкті, екіқабат әйел), *хисса* (үлес, пай), т.с. Екінші тобын өзімен мағыналас түркі сөздеріне параллель (синоним, дублет) болып қолданылған дар құрайды. Олар: *нафар*(кіші/кісі), *қисм/бөлек*, *аксар/көбі*.

Шығармада қолданылған араб сөздерінің дені дерексіз (абстракт) ұғым атаулары. Олардың да басым көпшілігі түркі тілдерінің бірқатарына еніп, күні бүгінге дейін орын алып келе жатқандар: *даулат* (дәулет — «бақыт», «байлық» және «мемлекет», «держава» мағыналарында), *асл* (негіз, түбір), *илтифат*, *ихлас*, *ишарат*, *каһар*, *файда*, *мадх* (мадақ), *ма ни* (мағына), *рәсм*, *мурад*, *дин*, *рахм*, *адат* (әдет), *хақ*, *хуким*,

Араб сөздерінен түркінің *-лық* жұрнағын жалғап дерексіз ұғым атауын жасау тәсілін біздің авторымыз да кеңінен пайдаланған: *халис лық* (тазалық), *адл лік*, *иззат лік-хурмат лік*, т.т.

Араб сөздерінің келесі үлкен тобы күрделі етістіктер жасайтын компонент ретінде қолданылған: *ғалиб бол-* (жеңу), *ғарат қыл* (талау), *файда ет-* *қарамат қыл-* (сыйлау), *никах қыл-* (үйлену), *дафн қыл-* (өлікті жерлеу), *жам қыл-* (жинау), *жам бол-* (жиналу), *нийаз қыл-* (өтіну, сұрау), *заһир бол-* (даңқы шығу), *ихтийат қыл-* (қорғау), *қасида ет-* *қасд ет-* (қастық ету), *ғарат қыл-* (тонау), т.т. Түркі эквиваленті бола тұрса да, мұндай негізгі компоненті араб, көмекші компоненті түркі тілдерінің *қыл-*, *ет-*, *бол-* сияқты етістіктері болып келетін күрделі қимыл атауларының бірсыпырасы осы шығарма тексінен орын алған. Мысалы, түркінің *жерлеу* етістігі мұнда жоқ, оның орнына әрдайым *дафн қылу* тіркесі, сондай-ақ түркіше *бітті*, *аяқталды* деген сөздері тұрғанда, олар қолданылмай,

бұлардың ұғымын *тамам болды* күрделі етістігі арқылы берген. Дегенмен бұлар көп емес. Араб компонентімен келген көптеген күрделі етістіктер түркі етістіктерінің жарыспалы қатарын түзеді. Мысалы: *хауалат қылды* /тапшурды, табу қылды/, *бақтурды* (бағындырды), *уо-фат болды* /өлді/, *мусахар қылды* /ел қылды/, *бақтурды* /ел қылды, өзіне қаратты/, т.т. Қолданылу жиілігі жағынан мұндай параллельдердің ішінде араб сөзімен келгендері көп болмаса, аз кездеспейді. Мысалы, *бақтурды, ел қылды* дегеннен гөрі *мусаххар қылды* тіркесі жиірек қолданылған.

Араб сөздерінің етістік жасаудағы мұндай активтігі түркі жазба дәстүріне байланысты, шежіре сияқты тарихи шығарманы өз заманындағы жазба әдеби тілдің нормасына бағындыру — автордың міндеті. Оның үстіне орта ғасырлардағы сауатты түркілер араб, парсы тілдерін жақсы білетін болғандықтан (қазіргі біздердің орыс тілін жақсы білетіндігіміз сияқты), жазба тілде арабизм, фарсизмдердің молынан қолданылуы тексті түсініп оқу үшін онша үлкен тосқауыл болмаған болу керек.

*Ет-, қыл-, бол-* деген көмекші етістіктерден өзге де қимыл атауларымен берілгендерді, мысалы: *ажабқа қалды, ақлға кірді, умр кечүрді, фарманыға келді, хамила келтүрді* тәрізді сөздерді қоса есептегенде, біз талдап отырған шығармада 160-қа жуық араб, парсы сөздері қатысқан күрделі етістік қолданылғаны көрінеді. Демек, бұлар орта ғасырлар үшін норма болуымен қатар, тіпті өнімді тәсілмен жасалған лексика тобы екенін олардың басым көпшілігінің күні бүгінгі біраз түркі тілдерінде қалыптасып орын алғандығы дәлелдейді. Мысалы, қазіргі қазақ тіліндегі *мақсат ету, ниет ету, пайда тигізу, неке қию* дегендерге көңіл аударалық.

Тек зат есімдер мен етістіктер емес, араб тілінен енген сын есім мен үстеулер де едәуір кездеседі. Аууал (әуелі), *батн* (ішкі), *ғайат* (өте, аса), *ғариб* (жалғыз), *ба зи* (кейбір), *мақбұл* (құпталған), *мафсил* (жіті, тегіс), *машһур* (атақты, белгілі), *ма табар* (қадірлі, беделді), *ма руф* (атақты), *мисал* (секілді), *ғайри* (басқа), *азим* (үлкен, ұлы) сияқты сөздер жиі пайдаланылған. Бұл қатарға түркінің *-ғы/-гі, -сыз/-сіз, -лық/-лік* жұрнақтарымен жасалғандары да кіреді: *аууалгі* (алғашқы, әуелгі), *ниһайатсыз* (шексіз), *кітабсыз* (халық), *тартиблі*, т.б.

Араб сөздерінің бірқатарының бұл тексте түркіше эквиваленті де кездеседі: *машһур* /белгілі, гайри/ *башқа*. Дегенмен мұндай жарыспалылықтың көп емес екендігі — түркі сөздерінің орнына олардың арабтық теңдесі жиірек қолданудың өз заманындағы түркі жазба әдеби тіл нормасына ден қоюдың салдары. Бұл ден қоюшылық тіпті тұтас изафет тіркестерді еркін пайдалануға алып келген. Мысалы, Қадырғали авторы *аһл Таңқұт* (танқұт халқы), *аһл ислам* (ислам дінін түтушылар), *мухаддам ләшкер* (алдыңғы саптағы әскер), *мулазим Мәңгү хан* (Мәңгү ханның қол астына) сияқты штамптарды олардың *Таңқұт қаумы, мусулман лар, Мәңгү хан алында* деген түркілік эквиваленттерімен жарыстыра қолдана береді.

*Уа ликин, һәм, амма* (бірақ), *йә'ни* тәрізді араб тілінің шылауларының қолданылу жиілігі тіпті жоғары, бұл да жазба кітаби тіл нормасының талабынан туған. Үстеулердің ішінде *балахира* (ақырында), *фил хал* (сол бойда), *дайим* (әрдайым), *бағайат* (өте, аса), *тамам* (түгел) сияқты бес-он сөз болмаса ескі өзбек тілінде актив қолданылған *ғалиба* (мүмкін), *мукарраран* (бірнеше рет), *алалхусус* (әсіресе), *филджумлә* (жалпы), *хала* (енді), *филвакы* (сол бойда), *алқисса* (қысқасы) деген тәрізді араб тілінің үстеулері мұнда жоқ. Өз тұсындағы жазба тіл нормасына қаншама бағынғанымен, Қадырғали тарихшы бұл дәстүрге көзсіз бой ұра бермеген.

Бөгде тілдік лексика қабатының екінші үлкен тобы — парсы сөздері. Бұл шежіре Рашид ад-диннің парсы тіліндегі атақты «Жами ат-тауарихынан» еркін аударма (немесе мазмұнын түркіше баяндау) болғандықтан, мұнда иранизмдердің (парсы сөздерінің) жиірек кездесуі заңды. Бұлардың да дені есім сөздер болып келеді. Олардың ішінде *надан, намус, рәнж, арзу, гуман, гунаһ, пак, пакиза, пәри, худай, панаһ, лафз* (тіл), *нәсл, фарзанд* сияқтыларын, сірә, түркі тілдеріне әр алуан жолдармен ертеде еніп, Қадырғали заманында қалыпты элементтерге айналған сөздер деп тану керек, өйткені бұлар қазіргі түркі тілдерінің көбінде, солардың бірі қазақ тілінде тек жазба дәстүрінде емес, халықтың сөйлеу тіліне де еніп, сіңісіп кеткен сөздер. Қазіргіден айырмасы — түпнұсқа тұлғасында жазылуында: *фарзанд*, қазақша *перзент, намус* (намыс), *лафз* (лебіз), *панаһ* (пана), *гунаһ* (күнә), т.т.

Ал мұнда *даст* (қол), *дуйм* (екінші), *бисіар* (көп, өте), *һануз* (бүгінге дейін және дегенмен), *һамиша* (әрдайым, үнемі), *бузург* (бас, негізгі, үлкен, ұлы, кең, ересек, дана) деген иранизмдердің өте жиі қолданылуын біз түпнұсқа тілінің тікелей әсері деп табамыз. Өйткені бұлардың (және жоғарғы көрсетілгендердің) түркілік адекваттары жарыса қолданылған: *лафз* /тіл, бийар/ көб, насл/уруг, фарзанд/оғул, даст/қол, дуйм/екінші, хуб/йахшы, бузург/улуғ, чопан/қойчы. Түпнұсқа тілінің әсері деуге және бір дәлел біздің авторымыз әуелі парсыша сөзді жазып алып, кейін *йа'ни* деген шылаудың дәнекерімен түркіше аудармасын келтіреді: қисм дуйм, йа ни екінші бөлек (56), пак Алан Куа, йа ни курсағы ариғ Алан Куа (30), даст чаб, йа ни сол қол (15).

Түпнұсқа тілінің ізі тағы бір тұста айқын көрінеді, ол — парсы тіліндегі штамп тіркестерді өзгертпей сол күйінде жиі пайдалануы (бұл тіркестер парсы, араб, тіпті түркі сөздерінің қатысуымен жасалған болуы мүмкін). Мысалы тайпалардың көбі дегенді әрдайым дерлік *аксар қаум* деп береді, сол сияқты *асл ләшкер* (әскердің негізі, басымы), *лафз моғол* (моңғол тілі), *тахт Қазан* (Қазан хандығы), *әмрә улуғ* (бас әмір). Бұл қатарға «парсы изафеті» деп аталатын тіркес типтері де жазады. Мысалы: *мыңар Жади нойан* (74) (Жади нойанның мыңдары), *хиса екінші оғлы Чағатай ханның* (Чағатай ханның екінші ұлының үлесі), т.т.

Араб сөздері сияқты, парсы сөздері де түркі көмекші етістіктерімен келіп, күрделі етістік тұлғаларын жасайды: *ашкара қылу* (әйгілеу, табу) *маст болу*, *хуш келу*, *забун қылу* (әлсірету), *бәнде қылу* (тұтқынға алу), *фарман қылу* (бұйыру). Шежіреде қолданылған мұндай етістіктердің көбі түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне сіңісіп, үйреншікті сөздерге айналған: Мысалы: *пенде қылу* (Жалайырида бәндә қылу), *шара қылу*, *қош келу* (хуш келу), *кіріптарлық шегу* (кирифтарлық чекті).

Сөйтіп, араб, парсы сөздері Қадырғали шежіресінің тілінде едәуір мол қолданылғанын атауға болады. Бірақ олардың барлығын кірме сөз қатарына қосу қиын: «қатып қалған синтаксистік құрылымдар» немесе дайын клишелер ретінде келген араб, парсы сөздері шығарма тіліне енген кірме элементтер емес, жапсырмалар. Мұндай жапсырма элементтер (олар көбінесе бір-екі реттен ғана келеді) автордың парсыдан олақ аударылған текст

бөліктерінде кездеседі. Бұл бөліктер Рашид ад-диннің орысша «притчи» деп аталатын ой-толғаулары болса, осы «ақылды» сөздерді Қадырғали аудармашы онша жатық түркішелеп бере алмаған. Сондықтан араб, парсы сөздері түпнұсқадағы тұрған орындарында сол күйінде келтірілген. Оған «Алан Қуа мен оның балалары туралы әңгіме» деген жердегі «притчаның» аудармасын келтіруге болады: Айталық, мына сөйлемдегі арабизм, иранизмдер тексте өз орнын (мағынасын) тауып, түсінікті түрде пайдаланылған деу қиын: Уа йақын біліңіз ки силсала такиун мужудат қали уа чазуы барадат халк бичун уа машун сан кап фикун маснут уа марбут турур, һәр не тілесе қылур уа һәр қали тіләсе айтур (29). Бұл сөйлемді не түркіше, не түпнұсқаша, не арабша баяндау деуге болмайды, мұндағы бөгде тілдік тұлғалардың көбін не түркі жазба әдеби тіліне, не түркі халықтары тіліне енген, түсінікті сөздер деп тануға және болмайды.

Өзге тілдік сөздік қабатының үшіншісі — монғол сөздері. Сан жағынан монғолизмдер жоғары екі қабаттан кем түседі. Оның үстіне біз әрі түркі, әрі монғол тілдерінде бір мағынада кездесетін *хан*, *хатун*, *олжа*, *орда*, *улус*, *чериг*, *қарачу*, *баһадур*, *ахтачы* сияқты сөздерді монғол тілінен енген кірме сөз деп танудан тартынамыз: бұлар «урал-алтай тіл туыстығы» теориясымен қарастыратын түбі бір «ата сөздер» ме, әлде бағзы бір кезеңдерде бірінен біріне өткен сөздер ме — бұл өз алдына мәселе (оны шешу біздің бұл жұмысымыздың міндетіне жатпайды), сондықтан бұларды түркіше жазылған шежіре тіліне енген монғол сөздері деп қарамаймыз (рас, кейбір зерттеушілер *орду*, *улус*, *хан/қаһан*, *баһадур*, *ахта*, *бавирчи*, т.б. сөздерді таза монғолдық деп санайды).

Біздің шежіреміздегі монғолизмдердің бір тобы әскери-әкімшілік, туыстық, т.б. дәреже атауларының термині ретінде келеді. Мысалы, *нойан*, *гүрген* (күйеу бала), *отчигин* (кенже бала), *тегин* (мұрагер, ханзаде), *нукер* (дружинник), *қуа* (сұлу), *еке* (ханым, түпкі мағынасы «ана»), *мерген* (дана), *сечен* (дана), *йеке* (үлкен, ұлы), *анда* (анттасып бауыр болған адам) сияқты сөздер жалқы есімдермен тіркесіп, титул немесе сипаттаушы қызметінде келеді: Алан Қуа (Алан сұлу), Туралчы гүрген, Тажу гүрген, Алақут тегин, Қойулдар сечен, Самуқа сечен, Белгугу нойан.

Біздің авторымыз 12 жылдық циклмен жыл қайырудың әуелі монғолшасын келтіріп, іле-шала *йа ни* шылауымен түркіше атауын береді: моғай йыл, йа ни йылан йылы болғай. Осы ретпен: тақақу йыл, йа ни тауық йылы, ноқай йыл, йа ни ит йылы, тауалы йыл, йа ни қойан йылы, қақай йыл, йа ни тоғуз йылы, һукәр йыл, йа ни сығыр йылы, бечин йыл, йа ни бузина йылы. Шыңғыс ханның ата-бабасын сөз еткен тұста *ичигә* (өз әкесі), *бурқы* (атасы), *алынчил* (үшінші атасы), *будугту* (төртінші атасы), *укуқу* (бесінші атасы), *буута* (алтынчы атасы), *дудақу* (жетінші атасы) деп жеті атаға дейінгі туыстық атауларын монғолша келтіріп, қасына йа ни сөзімен түркіше атайды.

Бұл көрсетілген монғолизмдерді кірме сөздер емес, стильдік мақсатпен қолданылған келтірінді элементтер деп қараған жөн. Өйткені монғол ханы Шыңғыстың өмірін оның жорықтарын баяндауда түпнұсқа авторы Рашид ад-диннің өзі монғол тіліндегі жазба ескерткіштерді пайдаланған, сондықтан парсы тексінің өзінде де осындай монғол қыстырмалары бар, осы стильді аудармашы Қадырғали да ұстаған тәрізді. Мұндай келтірінділердің араб, парсы сөздерінен де табылатыны жоғарыда айтылды.

Жалайыр шежіресінің көп «дастандары» монғол империясының тарихына арналғандықтан, мұнда монғол тайпаларының жер-суының, әскери әкімшілік-әлеуметтік құрылысының, тұрмыс-тіршілігінің атаулары молынан кездеседі. Әсіресе, монғол империясының әскери-әкімшілік құрылысына қатысты атаулар еркін қолданылған. Олар: *шусун* (әскерге арналған азық-түлік, Шоқан бұл сөзді қазақтың *сусын* сөзі деп жаңылыс пікір айтқан), *түмен* (он мың әскер), *жунқар* (сол қанат, майсара), *боқауыл* (бақауыл, бөкеуіл), *күрен* (1000 үйден құралған ауыл), *құрылтай*, *йаса* (заң), *йосун* (жосын, әдет), *білк* (даналық), *курчы* (телохранитель, құршы), *улағ* (ылау, көлік).

Кейбір монғол сөздері жалқы есім құрамындағы сипаттама эпитеттер ретінде келген. Мысалы, *өкин* (қыз), *Өкин Тархан* (қыз сияқты сұлу жүзді Тархан), *отчигин* (кенже бала), *буржиқин* (көк көзді).

Монғол сөздері қатысып жасалған кейбір күрделі сөздердің беретін мағынасы қызғылықты. Мысалы «әміршінің некелі әйелі болды» деген мағынаны екі түрлі тұлғада береді: бірі — *башына буғтақ салынды*, екінші-

сі — *хатун болды. Бугтақ (бохтақ)* — монғолша әйелдің бас киімінің аттары, оны күйеуге тиген әйелдер киеді. Демек, *басына бугтақ салу* «біреудің әйелі болу» деген жай ұғымнан ауысып, «хан әйелі болу» (*хатун болу*, ал *хатун* сөзі ол кезде әмірші әйелінің титулы) сияқты терминдік ұғымды беретін болған.

Өзге тілдік сөздердің төртінші, аса шағын тобы — қытай сөздері. Оның өзінде де бұлар әр түрлі лауазымдық дәрежені атайтын титулдар ретінде жалқы есімдермен тіркесте келгендер. Бұл сөздер: *фужин* (ханым), *тайшы* (сановник), *гөйәң* (ұлы әмірші), *аңшы* (түменнің әміршісі), *гөрхан* (хандар ханы — Қарақытайлар әміршісінің титулы). Және бір қызығы бұларды да автор қолдана отырып, сол бойда осы сөздердің беретін мағынасын түркіше түсіндіріп отырады: ма ни гөйәң улуғ бек демек, ма ни аншы түмен бегі болғай.

Индоевропа тілдерінен екі-ақ сөз (этнонимдер мен жалқы есімдерді қоспағанда) кездеседі. Олар *көрәл* (корольдық, королевство), *улкристан* (христиан).

Қадырғалидың «Тауарихы» ерте дәуірлер мен орта ғасырлардағы түркі-монғол қауымдарының тарихын баяндайтындықтан, мұнда қоғам мүшелерінің билеуші-әкімшілік, әскери-қолбасшылық, туыстық-династиялық дәрежелерін танытатын түркіден өзге тілдік титул сөздердің болуы — заңды құбылыс. Бұлардың бірқатарын жеке-жеке талдап көрсетуге болады.

*Гүрген* (қазіргі монғол тілінде *хургэн* болып жазылады) «күйеу (бала)» мағынасындағы монғол сөзі. Тексте осы мағынаны жай баяндауда түркінің *күйеу* сөзі қолданылады, ал *гүрген* жалқы есімдермен тіркесіп титул ретінде келеді: Буту гүрген, Туралчы гүрген, Тажу гүрген. Оның титул болатын себебі түркі-монғол халықтарының Шыңғыс хан тұсындағы және одан кейінгі әлеуметтік-саяси құрылысында күйеулердің сословиелік орны болған, яғни беделді, батыр күйеу балалары ханның балаларының дәрежесіне теңестіріліп, олар ел басқару, қол басқару істеріне қатыстырылатын болған, бұларға *гүрген* дәрежесі (титулы) берілген. Демек, бұл сөз кез келген күйеу балалардың есіміне тіркелмеген. *Гүрген* сөзі қосақталған кісі аты қазақша Қобыланды батыр, Біржан сал, Ақан сері деген сияқты күрделі есімге айналған, айырмасы *гүрген* — ресми дәреже атауы, *батыр, сал, сері* — халық осылайша танып қойған қосалқы, анықтама компонент.



Осы тәрізді титул сөздердің бірі — *тайшы* (*тайши* деп жазуға да болады), бұл қытай тілінде «ұлы, үлкен ұстаз» деген мағынадағы сөз, түркіше мұның эквиваленті *бахшы/бахши* сөзі. Бұларды Қадырғалидың өзі осылайша түсіндіреді. Уа тайшы бу луғат қытай улуғ бахшы темек болур (79). В. В. Бартольдтың сөзіне қарағанда о баста *бахши* (санскр. бхикшу) деп будда дін қызметкерлерін (отшельниктерін) атаған, ал монғол мемлекетінде бұл сөз «қағаз жазушы, чиновник» мағынасында қолданылған. «Ұлы бахшы» атағын, яғни белгілі бір жердің азаматтық (әскери емес) басқарушысы атағын қытайдың *тайши* сөзімен де атаған. Шыңғыс ханның өз тұсында қытай жеріндегі монғолдың басқарушысы (әскери емес) осылайша аталған<sup>1</sup>. Пельоның тануынша, *тайши* — ең жоғары сановниктің атағы. Біздің тексімізде де *тайши* титулы «сановник» ұғымын білдіреді де жалқы есіммен тіркесіп, титул ретінде келеді: Қадан тайши, Нәкүн тайши, һесу Бука тайши, Қон тайши. *Уаң/оң* (орысша транскрипциясы *Ван*) деген де «патша» мағынасындағы қытай сөзі, бұл да қытай императорларының титулы. В. В. Бартольдтың айтуынша, Шығыс Монғолияда бұл есімге алғаш ие болған әмірші кераит ханы, оның баласы Сенгун деген есім алған, бұл да титул. Бұл мәліметті біздің шежіреміз де растайды. Біз қолжазбадағы жазылуына қарап (كوانك) бұл титулды *Оң* деп транскрипцияладық. Кераит [ның] падишаһы Оң хан улуғ падишаһ ерді.

*Беки/бики* сөзі шежіреде үлкен тайпалардың бірқатар әміршілерінің есіміне тіркеліп айтылады. В. В. Бартольд *беки/бики* атағы Шыңғыс ханға дейін де көп бұрын болғанын айтады, ол жоғары дін иесін (басшысын — первосвященник) білдіріп, ер адамның есіміне қосылатын титул болған<sup>2</sup>. Б. Я. Владимирцов бұл сөздің түп төркіні түркіше «мықты, берік, күшті» деген сөз дейді. Бұл терминді түркінің «әмірші, канцлер, қолбасшы», мағынасындағы *бек/би* сөзімен шатастырмау керек. Сондай-ақ әйел есімдеріне тіркесе айтылатын, яғни үлкен билеушілердің қыздары мен әйелдеріне берілетін *беки/бике*, *биги/бикеш* атағымен де шатастыруға болмайды. Біздің тексімізде соңғы атақ (*беги*)

<sup>1</sup> Бартольд В. В., Соч., т.1. 458-б.

<sup>2</sup> Бартольд В. В., Соч. т.1. 458-б.

әйел жалқы есімдерімен келеді: Сойур Қоқты беги, Алақай беги, Шыңғыс ханның қызының аты Фужин беги. Бұл сөз ұйғыр-монғол жазбаларында *беки* түрінде таңбаланғандықтан, біз оны *беки* деп транскрипцияласақ та болар еді, бірақ алдыңғы ер адамдардың есімімен келетін «қауым басшысы, әміршісі» мағынасындағы *беки* титулымен шатастырмас үшін және осы шығармада қазақ ханшалары *бегім* деп аталғандықтан (Байм бегім, Йахшым бегім), біз бұл атақты *беги/бике/биги* деп транскрипциялауды жөн көрдік. Бұл сөздің *бике/бикеш* тұлғасы қазақ тілінде жалқы есім құрамында да (Жанбике, Ұлбике), «біреудің қызы» (Бұхар жыраудағы: байдың қызы — *бикештер* деген өлең жолына назар аударсақ) деген ұғымда да қолданылады.

Әйелдерге берілетін атақ, титулдардың және бір тұлғасы — *ханым* сөзі, бұл Қадырғали «Шежіресінде» алтын ханым деген күрделі атау түрінде кездеседі. *Алтын ханым* деп қазақ хандарының жұбайын атаған. Мысалы, Оразмұхаммедтің анасының есімі *Татлы* (Тәтті) *ханым* деп, Күчүк (Күшік) сұлтанның анасы *Сүйім ханым*, Шығай ханның әйелі *Дәдем ханым* деп берілген. Шығай ханның тағы бір әйелі Байм бегімді (ол Оразмұхаммедтің әжесі, Ондан сұлтанның анасы (шежіреде *алтын ханым* деп те атайды. Соңғы атақтың қазақ ханымдары мен ханшаларына қатысты айтылатындығын зерттеуші М. Усманов дұрыс танып көрсекен<sup>1</sup>. Алтын сөзі монғол дәстүрінде ұлылықты, мықтылықты және даңқты білдіретін эпитет болып табылады. Демек, *алтын ханым* «атақты ханым, бәйбіше ханым» дегенді танытады.

Өзге тілдік сөздердің бір тобы тек қана жалқы есіммен тіркесіп келіп титулды білдіреді. Олар: *йарғучы*, *сейид*, *хожа*, *черби*, *сечен*, *гәйяң*.

*Йарғучы* (Букай йарғучы) «қазы, судья» деген мағынадағы сөз, түбірі түркі-монғолдың *йарғы/йарғу* «сот ісі, тереу» сөзін, оған әрекет иесін білдіретін *-чы* жұрнағы жалғанған. *Жарғы* сөзі «заң, ереже» мағынасында қазақ тілінде де бар, бұған атақты Тәуке ханның (XVIII ғ.) әдет-ғұрып заңдарының «Жеті жарғы» деп аталғанын дәлелге келтіруге болады.

*Сейид* (Бөләк сейид) деп В. В. Вельяминов-Зерновтың түсіндіруінше, Мұхаммедқызы Фатимадан тараған

<sup>1</sup> Усманов М. А., Татарские исторические источники... 92-б.

ұрпақты атаған. Ал Қазан хандығында *сейид* деп Мұхаммед пайғамбардың ұрпағынан сайлап немесе тағайындап қойылған дін басын (басшысын) атаған.

*Хожа* (Жамал хожа, Абдрахман хожа), *хафиз*, *молла* сөздері де дін иелерін танытатын атаулар ретінде қолданылған.

*Черби* («адал ниетті») сөзі тек ер адамдардың жалқы есімімен келеді; Сүкәту черби, Өкәлә черби, Толун черби, Дуклыку черби. Бұл сөздің мағынасын Рашид ад-диннен алып, Қадырғали автордың өзі түсіндіреді: черби, йа ни раст көңүллі, ічі ару болғай, қазірше бір сөзбен анықтасақ, «көңілі адал, таза».

*Гөйәң* — қытай сөзі, оның да мағынасын шежіре авторлары (Рашид ад-дин мен Қадырғали) өздері түсіндірді: [Мұқаы гөйәңні] қытай халқы гөйәң атады, йа ни улуғ ма табар темек болур, қазіргіше айтсақ, *гөйәң* — «аса қадірлі», құрметті (адам) деген ұғымды береді.

Қытай титулы *аншы/уаншы* (орысша транскрипциясы *ваншай*) деген сөзді шежіреші: ма ни аншы түмен бегі болғай деп түсіндіреді. Бұл титулды мың ағалары Ойар аншы, Туған аншылар иемденген.

*Сечен* — монғолша «дана» деген мағынаны береді, бұл сөз — жалқы есімдерге тіркесетін анықтама компонент: Қойулдур сечен, Жауур сечен, Самуқа сечен. Қазақ тілінде де Жиренше шешен деген фольклор кейіпкері о баста Дана Жиренше деп ұсынылып, кейін келе сөзге шешен (сөз тапқыш, ақылды, яғни дана) деген мағынаға ауысқан деп табамыз.

*Черби*, *гөйәң*, *сечен* атақтары, тегі, ресми атақтар емес, сипаттама эпитеттер (біздегі *батыр*, *сері*, *сал*, *шешен*, *ер*, *қыз* дегендер сияқты) болғанға ұқсайды.

Шежіре тексінде жиі кездесетін сөздердің бірі — *нойан*. Бұл монғол сөзі ақсүйектікті, князьдікті білдіретін титул. Көшпенділер қауымдарының билеуші топтарының өкілдері: онбасы, жүзбасы, түменбасыларына берілетін лауазым болған. Бұл лауазым кейіннен осы атаққа ие болғандардың ұрпағына көшіп отырған<sup>1</sup>. Жалайыр тарихшының шығармасында бұл сөз тек хан ұрпақтары емес, жалпы билеуші топ өкілдеріне де қатысты қолданылған, тіпті ол Шыңғыс ханға дейінгі түркі-монғол билеуші топтарының есімдерімен де келеді.

<sup>1</sup> Рашид ад-дин., Сборник летописей. т.1. кн.2. 23-бет.

Мысалы, Шыңғыс ханның бәйбішесі Бөрте фужиннің әкесі туралы: Аталары Дай нойан ерді, қонрат нын падшаһы ерді (46) деп жазады (бұл жерде *padshah* сөзі орысша «царь» емес, жалпы «әмірші, қауым басшысы» деген мағынада). Шыңғыс ханның өзінің ата-бабалары жайындағы аңыз әңгімелер тұсында да Куки нойан (Шыңғыстың атасы Бартан баһадурдың баласы Мунаду Қийан, оның баласы Чаншиут, ал Чаншиуттың баласы — Куки нойан), Шыңғыс ханның інілерінің (әлде ағаларының ба) бірі Есугей баһадурдың бір баласы Белгүтү нойан атанған. Демек, *нойан* сөзі о баста түркіше *бек*, араб-парсыша *әмір* деген сөздермен мағыналас болса да, кейін келе түркі жазба ескерткіштерінде ол *бек*, *әмір* титулдарының синонимі ретінде қолданылмайды, негізінен *нойан* сөзі жалқы есімдерге тіркелетін титул ретінде қолданылғанын біздің тексіміз де көрсетеді.

Қазақ оқырмандары үшін қызғылықты болып келетін термин сөздердің бірі — *қарачу*. Бұлай болатын себебі «Хан — қазық, қарашы — азық». «Ханның ісі қарашыға да түседі» деген мақалдарға қарап қазіргі қазақтар *қарашы* деп әдетте «тәуелді, бағынышты» қара халық уәкілін түсінеді.

Қазақтың XVIII—XIX ғасырлардағы ақын-жыраулары осы мағынаны пайдаланған. Бұған Бұхар жыраудың (XVIII ғ.) «Ханның жақсы болмағы — қарашының елдігі» немесе Абылайға «Уақытыңыз болғанда, Қарашың қашар қасыңнан» дегендерін, Махамбет ақынның (XIX ғ. I жартысы) Баймағамбет сұлтанға: «Жай-қоныстан айырылып, Мен бір қаңғып жүрген қарашы» дегенін дәлелге келтіруге болады. Бұл жолдардың барлығында да *қарашы* — «бағынышты, тәуелді қара халық өкілі». Бұл сөздің семантикалық өрісі әрі қарай барғанда тағы өзгеріп, XIX ғасырдың соң кезінде *қарашы* деп бай ауылға қоңсы қонып, байдың малын бағып, шаруасын істеуші кедей семьясын атаған, демек, бұл тұстағы *қарашы* — белгілі бір әлеуметтік топтың (сословиенің) терминдік атауы.

Ал түптеп келсек, о баста қазақ қауымы да *қарашы* деп ханның қеңесшісін, ханға жақын адамды атаған. Мұны: «Хан қасында қарашың болса, қара жерде кемең жүрер». «Ханды құдай атайын десе, қарашысымен қас болар» деген мақалдардан көреміз. Қадырғали шежіреші де *қарачу* сөзін осы соңғы ұғымда жұмсайды: Оң ханның бек лері қарачу лары айды; Орус

падшаһы Барис Федурауич нің хукмі-йарлығы білән онда-солда қарачу, хизмат беклері олтуруб. Соңғы сөйлемдегі *қарачу* сөзін В. В. Вельяминов-Зернов «вельможи» деп аударады, ал екінші бір жерде бұл сөзді аудармай, *қарачии* деп термин ретінде қалдырады. Жалайыридың шығармасында *қарачу* сөзінің «тәуелді, қара халық уәкілі» мағынасында қолданылуы кездеспейді.

*Қорчы (құршы)* сөзі — Шыңғыс хан енгізген тәртіп бойынша 10 түрлі қызмет иесінің бірінің атағы. Ол әміршінің садағын алып жүруші, орысша «лучник». Рашид ад-дин шежіресін орысшаға аударушылар мұны «телохранитель» деп береді, өйткені әміршінің қорғап-сақтаушылары лучниктерден болғаны мәлім. *Қорчы* сөзі біздің тексімізде титул ретінде де келеді. Бутачин қорчы, Қойлай қорчы. Бұл сөзден жасалған *қорчылық* деген дерексіз ұғым атауы да кездеседі.

*Казик* (монғолдың *кәшик/кэсик* «гвардия» деген сөзінен) сөзі «Шежіреде» әміршінің жеке күзетшісі (личная охрана) мағынасында келеді. Бұл сөзді екінші бір жерде автор *чора* сөзімен алмастырады: Чиңгиз ханның ол [Бургучы нойан] *чора* ағасы ерді.

*Боқаул* сөзі түркінің *баурчы* сөзімен бір мағынада. Ол да 10 түрлі қызмет иесінің бірінің атауы, «асуды басқарушы», орысша *кравчий, стольник* деп аталатын адам: Толадай бек баурчы ерді. Бір жерде бұл екі сөзді қатар қолданады, сірә, біреуінің мағынасын екіншісі арқылы айқындай түскені болар:

[Онгур нойан] уа боқаул баурчы улуғ ерді Чиңгиз да.

Сөйтіп, жалқы есімдермен тіркесе қолданылған сөздер екі түрлі қызметте келген: бірі — лауазымды білдіретін титул сөз, екіншісі жай атақ (орысша прозвище, прозвание). Шоқан Уәлиханов бірінші топқа *хан, гурхан, ван* (оң, уан) *гован*, (гөйәң), *нойан, тайши, бек* сөздерін, екінші топқа *цецен* (сечен), *бахадур* (баһадур), *мерген, бахчи, текин* сөздерін жатқызады. Ал біз әскери-әкімшілік, әлеуметтік титулдарға жоғарыда аталғандардың үстіне *аға, хатун, еке, фужин, гөрген, аншы, бек, атабек, ақтачы, емелдеш, султан, оғлан/улан, беки, беги/бегім, ханым, отчигин, екечі, қуа, йеке* сөздерін жатқызамыз; «сипаттама атақтардың» қатарына *сейид, хожа, черби, гөйәң* сөздерін қосуға болады. Титулдар да, атақтар да негізінен әмірлердің жүзбегілері мен мыңбегілердің есімдеріне тіркесетін болған. Мысалы, жүзбегілерден: Чаған нойан, Елтемүр гүрген, Кеңкиятай

нойан, Толун черби, Муқали гөйән, Буқа тайши, Харан баурчы, Бартай курчы, Қойулдар сечен, Субадай баһадур. Ойан аншы, Туған аншы, т.б.

*Султан* сөзі жалқы есімдермен келетін титул компонент ретінде қолданылғанда тек қазақ хандарының өкілдеріне (төрелерге) қатысты айтылған: Шаһ Бутақ султан, Жаныбек султан, Келімберді султан. Ал қалған жағдайда *султан* сөзі жалпы «ханзада» («царевич») ұғымын береді. Қадырғалида *султан* сөзінің синонимі *төре* сөзі жоқ.

*Нөкер* сөзі мұнда «жасақшы», «әскери қызметші» мағынасында қолданылған: Оғуз нөкерлері білән, ба'зи достлары білән йазыда аңға чықыб ерді. Бұл — монғол сөзі, негізгі мағынасы — «дос». Сірә, бұл сөз әскери лексика ішінде қолданыла келе «иесіне ең жақын дос адам, жасақшы» мағынасына ие болған тәрізді. Қазақ тілінде де бұл сөз осы мағынада қолданылып келген. Шежіреде *нөкер* сөзі титул ретінде қолданылмаған.

*Мырза* сөзі де мұнда титул емес, «билеуші топтың уәкілі», «князь» мәнінде жұмсалған. Ол қазақ, татар, қырым бекзадаларының аттарына тіркесіп айтылған: Орақ мырза, Шығым мырза, Нұрадин мырза (Едігенің немересі), Алшағыр мырза, Шеи Мамай мырза.

*Баһадур* тұлғасы «Шежіре» тілінде екі мағынада: бірі — «батыр жүректі адам», екіншісі — сол батыр адамға берілген атақты білдіру, сонымен қатар *баһадур* сөзі монғол билігі тұсында феодалдық қоғамдағы әскери иерархияның бір сатысының титулы болған. Бұл титулды Шыңғыс ханның аталары мен ұрпақтары иемденген: Бартан баһадур, Субутай баһадур, Тоқучар баһадур.

*Падшаһ* — парсы сөзі, ол жалпы «билеуші», «рутайпалардың бас билеушісі» мағынасында қолданылған: Буқа атасының орнына падшаһ болды. Бұл жерде Алан-Қуаның үшінші баласы Боданчардың, яғни қаум басы болған адамның ұлы жайында. Шыңғыс ханның әкесі туралы: Иесуга баһадур қаум моғол ішінде падшаһ ерді дейді. Қадырғалида *падшаһ* сөзі *хан* сөзінің эквиваленті ретінде де кездеседі. Бұл сөздің орысша «царь» мағынасы тек қана орыс монархы Борис Годуновқа қатысты айтылған тұста кездеседі. Демек, *падшаһ* сөзінің билеушінің белгілі бір нақты біреуін білдіретін қызметі мұнда жоқ. *Падшаһ* сөзімен салыстырғанда *шаһ*, *малик*, *халиф*, *хаким* сөздерінде билеушілердің белгілі біреуін атайтын нақтылық мағына бар: *шаһ* —

Орта Азия билеушілерінің атауы (Мубарак шах, Махмуд шах), *хаким* — қала не уалаяттың монғол ханы тағайындаған билеушісі, ол әкімшілік және билік қызметін атқарады: Түркістан хакімі, *малик* — Кіші Азия мен Таяу Шығыстағы билеушілерге қатысты қолданылады: малик Истамбул, малик Шам; *халиф* деп Бағдад әміршісін атайды, *сейид* — Мухаммед пайғамбардың ұрпағына телінген сөз. Соңғы талданған әміршілердің атауларын білдіретін сөздердің барлығы да арабтікі.

Шежіре тексінде кездесетін *көрәл/қурал* сөзі назар аударады. Ол *немц көрәл* тіркесі түрінде 2-3 жерде (3, 4, 6-беттерде) қолданылған. Бұл «король, корольдік» дегенді білдіретін сөз деп табамыз: *немц көрәл* «неміс корольдігі».

Арабтың *қаум* сөзі — мұнда термин, ол «ру-тайпа», «тайпалар одағы» мағынасында. Бұл термин көбінесе парсы изафетімен тіркеседі (бұған, сірә, түпнұсқа тілі әсер еткен болу керек). Қаум қоңқырат (түркі изафеті бойынша *қоңқырат қаумы* болу керек), қаум найман: Чингиз хан [ның] қаум найман [дың] бір қумасы бар ерді (50). *Қаум* сөзінің арабша көпше тұлғасы *ақуам* сөзі де қолданылған. Кейбір зерттеушілер бұл тұлға тек «түркі тайпалары» деген ұғымды білдірген деп шамалайды. Ал, біздің байқауымызша, Қадырғали бұл сөздің жекеше-көпше тұлғаларын айырып жұмсамаған, тіпті екеуін ақуам-қаум деп қос сөз ретінде қатар жұмсаған тұсы да бар. Бұл шығармада қаум сөзі «халық» («демос») мағынасында келмейді, бірен-саран тұста ғана «этнос» ұғымында жұмсалғаны байқалады. Ал «халық» («демос») мағынасында арабтың *халқ* сөзі жиі қолданылған. Халқ сөзі де, оның көпше тұлғасы *халайқ* сөзі де жалпы «қол астындағы адамдар» («подвластные, подчиненные») деген тар ұғымда да, жалпы адамдар (қазақша «жұрт») немесе тұрғандар деген ұғымдарда да келеді. «Қара халық» ұғымы мұнда да *қара халқ* деп берілген.

«Ел, патшалық» мағынасында *мамлакат* сөзі қолданылған: Бату мамлакат лар ны бисйар алды (қазақша: «Бату көп елдерді жаулап алды» деген мағынадағы сөйлем). Мұнда мамлакат жоғарыда талданған улус сөзімен мағыналас, сондықтан болар, жалайыр тарихшы бұл екеуін кейде қатар қос сөз етіп жұмсайды: [Чингиз хан] анларны [екі оғлын] өз улус-мамлакат ларына йіберді. Дегенмен автордың *мамлакат* сөзін монғолдан



өзге елдердің «мемлекетіне» қатысты қолдануға бейімірек тұрғаны байқалады.

Арабтың *улайат/уалайат* сөзі жалпы «ел» (территориялық тұтастық ретінде) мағынасында жұмсалған, оны автор Дашт Қыпшақ, Қытай, Иран сияқты ірі елдерге де, түркі-монғолдың жеке ірілі-ұсақты елдеріне де қатысты қолданған.

Сөйтіп, біздің «Шежіреміздің» тілінің араб, парсы, монғол, ішінара қытай сөздерінен тұратын лексикалық қабатының орын алу себептері әр қилы. Ең алдымен, араб сөздерінің еркін және молынан қолданылуы осы ескерткіштің жазылу кезіндегі түркі әдеби тілінің нормасына қайшы емес.

Сан жағынан мұндағы араб сөздері өзге ортағасырлық түркі тарихи шығармаларындағыдан кем түспейді. Ал парсы сөздерінің қатысу мотиві де бір жағынан осындай, яғни сол кезеңдегі дәстүрлі нормаға саяды, екінші жағынан, Қадырғалидың бұл шығармасының басым бөлігі парсы тілінен аударма екендігіне байланысты, яғни автор тіліне түпнұсқа тілінің әсері тиген. Бұл әсер, әсіресе бір мағынадағы парсы мен түркі сөздерін кезек-кезек жұмсауынан да айқын көрінеді: бірде автор түпнұсқадағы сөз тұлғасын бұзбай парсыша *әмрә назари* десе, екінші бір жерде оны түркішелеп (қазақшалап) *мың бегі* деп береді. Осы сияқты *көп, тіл, ариғ, екінші, бөлек, уруғ, оғул, йахшы, улуғ* деген түркі сөздерін жақсы білетін және оларды дұрыс пайдалана білген Қадырғали шежіреші келесі бір тұстарда бұлардың орнына *бисйар, лафз, пак, дуйим, қисм, нәсл, фарзанд, хуб, бузург* деп парсы сөздерін жұмсап жібереді. Бұлардың бірқатарының жұмсалыу жиілігі тіпті түркілік тұлғалардан асып түседі.

Қадырғалидың «Тауарихында» монғол сөздерінің орын алуы — осы шығарманың мазмұнына тікелей байланысты: мұнда негізінен монғол тайпалары мен монғол империясының тарихы баяндалады. Ортағасырлық тарихи және поэтикалық түркі жазба ескерткіштерінің ішінде жалайыр Қадырғали туындысының бір ерекшелігі — мұңия *нойан, тегин, гәйән, еке, мерген, қурчы* сияқты титулатура атаулары мен әлеуметтік-саяси және әскери құрылысқа қатысты *күрең, түмен, жунқар, боқаул*, т.б. сияқты монғол сөздерінің қолданылуында.

Ортағасырлық түркі поэзиясы тілінде бір мағынадағы араб-парсы сөздері мен түркі сөздерінің жарыса

қолданылуы, бір жағынан, сол кездегі түркі поэтикасының нормасы мен өлең құрылысы (ұйқас, ырғақ, өлшем сияқты) талабынан туған болса, біздің талдап отырған ескерткішіміздегі шет тілдік элементтердің орын алу себептері (мотивациясы) мүлде басқаша болып келеді. Мұның бірі түркі жазба әдеби тіл дәстүрі мен автордың ана тілінің арасындағы тартыс екені байқалады, екіншісі — шығарманың аударма сипатына байланысты, әсіресе түркі мен өзге тілдік параллельдердің жарысуы осыны танытады.

### Фразеологизмдер (тұрақты тіркестер)

Қадырғали шежіреші өз шығармасында тұрақты сөз тіркестерін (фразеологизмдерді), оның ішінде идиом мен фразаларды едәуір мол қолданған. Фразеология категориясын арнайы зерттеушілер бұл элементтің ғылыми және қоғамдық-публицистикалық әдебиеттен гөрі, көркем әдебиет, поэзия тілінде көбірек жұмсалатынын айтады. Ал біз сөз етіп отырған «Шежіре» — тарихты баяндайтын шығарма, яғни өз заманындағы ғылыми әдебиеттің үлгісі. Демек, автор стильдік жағынан осы әдебиетке тән сөз қолданыс нормасын ұстанған. Дегенмен көркем жанрдан өзгелерінде фразеологизмдер орын алмайды деп тұжырымдауға мүлде болмайды. Оның үстіне біздің авторымыз «Шежіресінің» кіріспе жағындағы Борис Годуновқа арнаған «Мадақ сөзінде» қызыл тілді шешендерше толғап кетеді, шығыс әдебиетіне тән мадақтау дәстүрін сақтап, бейнелей, теңей, әсірелей жазады. «Шежіренің» Борис Годуновқа арнаған бөлігін осы ескерткішті зерттеуші ғалымдар «көркемдігі мен түрі жағынан тамаша жазылған шығарма» деп табады (М. Усманов).

Бұл «Мадақ сөзде» шежіре авторы өз «қолтаңбасын» танытады, әдеби-көркемдеу дәстүрінің қай үлгісін ұстанғандығын көрсетеді. Бұл жерде Қадырғали қазақ шешендерінше сөйлеп береді. Қазақтың шешендік сөздеріне тән белгілердің бірі эвфония (аллитерация мен ассонанс тәсілдері) мен параллелизм сияқтылар болса, олар шежіренің Борис Годуновқа арналған бөлімінде мольнан орын алған. Мысалы, *айналасы алты хан, төгүрегі төрт хан* деген тіркес аллитерация (т-т) мен ассонансқа (а-а) құрылған. Бұл жердегі *алты* мен *төрт*

сан есімдері номинативтік мағыналарынан айырылып, дыбыстық үйлесім үшін (*төгүрәгі төрт, айналасы алты*) алынғандығы көрініп тұр. Бұларды қазақша *айрандай аптап, күбідей күптеп, ай дер ажа, қой дер қожа* дегендермен салыстырыңыз. Текстегі осы тәсілмен құрылған *ойда орыс, қырда татар* немесе *тағда туман, қырда черкес, ойда ештек, кечә кетіп, күндүз болғусы, ала барғаһ ақ ордаң, дүнийаның төрт бурчи* деген тіркестер де қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерінде кездесетін *ойда орыс, қырда қазақ, алты қанат ақ орда* сияқты фразеологизмдерге өте ұқсас келеді. Шежіре тіліндегі осы тәрізді үйлесімді-ұйқасымды құрылымдар бірден көзге түседі. Кейбір зерттеушілер Жалайыри тілінде қазақтың мақал-мәтелдері көптеп кездеседі дегенде<sup>1</sup>, сірә, осылар тәрізді фразеологизмдерді айтқан болар. Әйтпесе 171 беттік шығарма тексінде бір-ақ жерде кездесетін «Еділ тоңса, кім кечмес, Едіге өлсе, кім бармас» деген бір ғана мақалдан басқа мақал жоқ. Оның есесіне мұнда, жоғарыда көрсеткеніміздей, қазақ тілінде күні бүгінге дейін қолданылатын фразеологиялық тіркестер аз емес. Сонымен қатар біздің шежірешіміз қазақтың шешендік сөз саптау өнеріне тән келесі бір тәсіл — жұптасып келген параллель элементтерді еркін қолданған. Мысалы, *ойан хан, бойан хан, қыш уа йаз, ай уа йыл, йыл ашасун, йүз йашасун, достуна дост болуб, душманына душман болуб* дегендер демеулікті, демеуліксіз құрылған сөз немесе тіркес параллельдері.

«Борис ханға» арнаған мадақ сөзі композициялық құрылымы жағынан ұйқасты-ырғақты ақ өлеңге немесе толғауларға ұқсайды: белгілі бір сөздер немесе тіркестер рефрен ретінде қайталап келіп отырады да, тексті бірыңғай бөліктерге айырып тұрады. Мысалы, мына бір үзікке назар аударталық: Жүмләт улкристан падшаһ хазратлары Барис Федурауч улуғ бек ақ хан дур.; айналасы алты хан, төгүрәгі төрт хан; дүнийаның төрт бурчын билеген хан; халайқынһаддлік білән сурған хан; йетім лер ге рахим қылыһ, чығай лар ны тойдурған хан; қыш уа йаз; ай уа йыл хазина да бар малын хақ йолында ихсан қылған хан; йеті иқлим кашур ны алған хан; тахт Қазан, тахт Хажы тар хан, тахт Тура, тахт Сарайчық мусаллам хан; тағда туман, қырда чер-

<sup>1</sup> Масанов А., Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. Алма-Ата, 1966, 26-б.

кес, ойда ештек — барча тасрафында хан; мажар, бачқыр, рум уилайаты [білән] барыш-келіш қылған *хан*, йахшы атың жабылса білән жабулқага дегәч чыққан *хан*... Қысқасы, әрі қарай осылайша құрылған және екі-үш жол текст кетеді. Бұл кіріспенің бірыңғай болып келген әрбір бөлігі *хан* сөзін рефрен етіп әсем құрылған. Бұл жерде қазақ жырауларының қайталама сөздермен келген толғауларын салыстырыңыз:

Балпаң-балпаң басқан күн,  
Бай ұлынан асқан күн,  
Ормамбет би өлген күн,  
Жез қарғылы құба арлан  
Жетіп түлкі ала алмай,  
Қорашыл төбет болған күн.  
Оң қанатын теріс соғып,  
Лашын күс қу ала алмай қалған күн...<sup>1</sup>

Екінші бір мысал. Осы бөлімнің біраз жері «(пәленнен) мурад ол турур» («пәлен болатын себебі сол») деп басталатын үзіктерден немесе синтаксистік тұтастықтардан құрылған: Ниһайат сыз ханлар, султан лар өзіне куллук қылдурғандын мурад ол турур, кім төрт йақта төрт ханның йуртын алыб, өзіне масаххар қылдурды... *тағ дын мурад ол турур*, кім сенің тахтыңны тағға мисал қылды лар... халқ дын мурад ол турур, кім.. (әрі қарай осылайша кете береді). Мұнда да санамалап келген біркелкі құрылымдар шығарма тіліне белгілі бір стильдік өң беріп тұр.

Шежіредегі тұрақты тіркестерді грамматикалық құрылысына қарай етістік және есім тіркестер деп екіге бөліп қарауға болады. Есім фразеологизмдердің ішінен ең алдымен тұрақты элементтермен келгендерін атаймыз. Мысалы, *ақ хан*. Қадырғали тарихшы осы тіркеспен орыс патшасы Борис Годуновты атайды, *ақ орда*, бұл тіркес «хан ордасы, бас әміршінің тұрақты мекені» дегенді білдіреді. Осы тіркестердегі *ақ* сын есімінде түсті білдіретін негізгі мағынасы жоқ. Түркі тілдерінде (сондай-ақ өзге тілдерде де) *ақ* сөзі *қара* сөзіне қарама-қарсы қойылып, «ең жағымы, ең тәуір» деген ауыспалы мәнде жұмсалады. Бұған қазіргі қазақ тіліндегі *ақ көңіл* (ең адал көңіл), *ақ бата*, *ақ жол* (әділ жол), *ақ жауын* (ұзақ жауын), *ақ неке*, *ақ тілеу*, т.б. дегендер дәлел бола алады. Біздіңше, Қадырғали тарихшының

<sup>1</sup> Ертедегі әдебиет нұсқалары, Алматы, 1967, 115-бет.

*ақ орда, ақ патша* дегендеріндегі *ақ* эпитеті қазақ тілінен келтірілген мысалдардағы *ақ* сөзімен қызметтес, мәндес түседі.

«Жамиат-тауарихта» кездесетін *йети иқлим қашур* («жан жақ»), *аш арслан тек* («аш арыстандай», яғни «айбатты»), *төрт тарап, темүр қадақ, йахшы ат* («даңқ»), *раст көңүллі, йаман көңүл, ахта ат, татлы ет* («адам денесі» мағынасында), *төрт хан, алты хан, ічі ару* («адал көңілді») деген тіркестер де тура мағынасынан айырылған тұрақты эпитетпен келгендер. Бұл көрсетілген фразеологизмдердің бірқатары қазақ тілінде барлар: *жақсы ат* («даңқ»), *аш арыстандай, ақ орда, төрт тарап, темір қазық, тұщы ет* (тұщы етіме ащы таяқ тиді).

Есім тіркестердің бір парасы күрделі атаулар болып келеді: *туар қара* («ірі мал»), *күн туғыш* («күншығыс»), *күн көзі, ер оғул* («ер бала»), *оғлының оғлы* («немере»), *қыз қарындаш* («қарындас»), *йер йүзі, көңүл йүзі* («ойы, ниеті»), *ата йурты* («ұлысы»). Термин-атау болып келетін күрделі сөздерді де осындай тіркестердің қатарында қарау керек, олар: *он бегі* («он кісінің басшысы»), *йүз бегі* («жүз кісінің билеушісі»), *мың бегі, мың ағасы* («мыңның әміршісі»), *түмен бегі* («он мың кісінің әміршісі»), *чора ағасы* («хан күзетшілерінің басшысы»), *алач мыңы, алтын ханым* («ханша»), *хан оғлы* («оғлан», орысша «царевич»). Бұлардың қатарында *шаһар олтуруш лық, сахарада олтуруш лық, кітабсыз қаум* деген тіркестер өзіне назар аудартады. Үшеуі де термин ретінде қолданылған: алғашқысы «отырықшылық», екіншісі «көшпелілік», үшіншісі «жабайы мәдениетті», яғни құран, енжіл, тәурат сияқты кітаптары жоқ түркі тайпалары (ақуам атрак) дегенді білдіреді. Сол сияқты *меркіт сүңгәклік, керейт сүңгәклі* дегендер де терминдік сипаты бар тіркестер. Бұлар қазақ тіліндегі *сүйегі найман, сүйегі алышын* деген сияқты сөз қолданыстарға сай түседі. Бұл тіркестерді фраза немесе идиом деп қарамай, бір мағына беретін күрделі сөз, яғни лексикаланған тіркесте деп таныған жөн.

Белгілі бір ұғымды екі (кейде үш-төрт) сөздің тіркесімен білдіру орта ғасырлардағы түркі әдеби тілдерінің де грамматикасындағы өнімді тәсілдердің бірі болған. Бұған жоғарғы мысалдар дәлел бола алады. Орта ғасыр жазбаларында сөз мағынасын айқындай, дәлелдей түсу керек болған сәттерде де осы тәсілге иек артқан. Мысалы, бұларда *оғул* сөзінің «біреудің баласы» деген

мәнде емес, «ұл бала» мағынасында қолданылып тұрғанын дәлелдегісі келгенде, автор ер оғул тіркесіне жүгінеді, сондай-ақ *қарындаш* сөзі мұнда «туыс, рулас, ағайын» ұғымында да келетіндіктен, оның «ер адамның жасы кіші әйел жынысты туысы» мағынасындағы қолданысын *қыз қарындаш* деп айқындайды. Қадырғали үшін парсының *набира* сөзімен қатар, «немере» мағынасын беру үшін *оғлының оғлы* тіркесі де қолайлы, айқын көрінеді.

Фонетикалық немесе морфологиялық жағынан деформацияға ұшыраған тіркестер (яғни біріккен сөздер) — біз зерттеп отырған дәуірде өте сирек, тіпті жоққа тән құбылыс. Біздің шежіремізде өте ерте замандарда бірігіп, кіріккен *бүгін* (бұл күн), *әкет* (алып кет), *әкел* (алып кел) сияқты сөздер де ұшыраспайды. Текстегі лексикаланған тіркес компоненттерінің барлығы да бір-бірінен бөлек жазылған.

Ортағасырлық кейбір түркі ескерткіштерінің тілінде мағыналас сөздерді қатар қолдану тәсілі едәуір орын алған. Мысалы, *қарағу көзсіз* («соқыр»), *ортақ еш* (дос), *еш дуст* (дос), *қамуғ йумғы* («барлық»), т.б. Бұлар, әсіресе XI—XIV ғасырлардағы аударма әдебиетте (мысалы, ортаазиялық тефсир сияқтыларда) жиі қолданылған<sup>1</sup>. Ал Жалайыри тілінде бұл тәсіл кемде-кем ұшырасады: *хүкімі йарлығы* білән, *атқычыл мерген*, *бисйар үкүш*. Мұның себебі, біздіңше, мынада тәрізді. Орта ғасыр жазбаларында мағыналары бір-біріне тепетең немесе жуық келетін сөздерді қатарынан тіркестіре қолданушылық бір сөздің мән-мағынасын екінші сөзбен түсіндіре түсу қажеттігінен туған. Әсіресе, бұл қажеттік жазба әдеби дәстүрлері тоғысып келген үлгілер мен әр түрлі диалектілердің элементтері араласқан шығармалар тілінде өте-мөте байқалады. Оның үстіне шет тілдік сөздерді түркі сөздерімен түсіндіре түсу немесе көне түркі элементтерін орта ғасырларда кәнігі болып қалған араб-парсы сөздерімен айқындау амалын да жазба дүние авторлары жатсынбай пайдаланған. Ал бертін келе XVI—XVII ғасырлардағы жазбалар тілі бұл тәсілге көп бармаған болса, оның себебі жоғарыдағыдай параллельдердің келе-келе біреуі тұрақталғандығының, яғни лексикалық нормалану процесінің нәти-

<sup>1</sup> Боровков А. К., Лексика среднеазиатского тефсира. М., 1963, 15—16-беттер.

жесі болуы мүмкін немесе грамматикалық тәсілдің өзі пассивтенген тұсы болуы ықтимал.

Қадырғали шежіресінде етістік тіркестер үлкен топ құрайды. Бұлар есім мен етістіктен тұрады да, қимылды, іс-әрекетті атайды. Бұл жерде біз ондай тіркестердің фразеологизм болып келетіндерін сөз етеміз. Атап айтқанда: компоненттерінің біреуі, кейде екеуі де номинативтік мағыналарынан айырылғандарын, яғни метафораланғандарын (бейнелеу мәніне ие болғандарын) және сол түрінде тұрақты сипат алғандарын талдаймыз. Олар: *йуртын ал-* («жаулау, бағындыру»), *айақ асты бол-* («бағыну»), *көңлүде тут-* («есінде сақтау»), *уотан қыл-* («мекендеу»), *сөзіңден ықмайын* («айтқаныңа көнейін»), *ләшкәр тарт-* («жорыққа аттану»), *қыз ал-* («үйлену»), *қан қой-* («өжет қимыл көрсету»), *ел бол* («еркімен бағыну»), *қыз айттур-*, *қыз тіле-*, *қыз ата-* («құда түсу»), *йаман көңүл бағла-* («жаман ниет ойлау»), *башына бағнақ салынды* («тәуелді болды»), *бір йашады* («бір жасқа толды»), *хатун йібер* («қатын жіберу»), *йол тос-*, *йүз үр-* («бетке алу»), *қуш чуй-*, *ит йүгүрт-*, *тәңрі ішімні оңарса*, *падишаһ лық тайды*, *йолдын чық-*, *әшкәрін түшірді* («әскерді қуып жетт»), *мәртәбадан түшті* («биліктен айырылды»), т.т.

Болған уақиғалар мен ұрыс-соғыстарды суреттеу үстінде біздің тарихшымыз өз ойын білдіру үшін осы көрсетілгендей фразеологизмдерді қолданады және бұларды бір образдылық үшін, бейнелеп айту құралы ретінде әдейі жұмсамайды, белгілі бір іс-әрекет, қимыл атауын білдіретін актив сөздер ретінде келтіреді. Шығарма авторының ана тілі қандай тіл болғандығын ілуде оны осы тұстан «ұстап алуға» болады. Түркі тілдерінің бір-біріне орасан жақындығына қарамастан, фразеологизмдер мен сөз орамдарына, мақалдар мен мәтелдерге келгенде, әр тілдің өзіне хас ерекшеліктері мол екенін мойындауға тура келеді. Бұл ретте Қадырғали Жалайыридің тілі қазақ тіліне жақындайды: мұндағы есімді де, етістікті де тұрақты тіркестердің дені сөз құрамы, морфологиялық тұлғалануы және беретін мағынасы жағынан қазіргі қазақ тіліндегілермен бірдей түседі. Олар (алфавит тәртібімен):



### «Шежіреде»

айақ асты болды  
әшкәрін түшірді  
балдыздай берді  
бар малы  
бір йашады  
бір йашар  
бір йолы  
дүнийаның төрт бурчы  
дүния мүлкі  
душмандарға көб дүр  
екі бөлүнді  
ел болды, «бағынды» «достасты»  
ит йүгүрткенлер  
йапрақ дек тігіреткен  
йахшы атың «даңқ»  
(хатунын) йеңгелете алды  
йер йүзінде  
йолун тосуб  
һыл ашасун, йүз йашасун

көңүл қалышты  
күнлерде бір күн  
куш чуйгенлер  
қыз айт (т)урды  
қыз алыб ерді  
ләшкер тартты  
падшаһ лық тайды  
сансыз түмен халқ  
сөзіңден чыкмайын  
тәңрі ішімні оңарса  
тілегін тіледі  
(екі) хатунны ййбермес ерді  
хатунны айырды  
үстүнә атланды

### Қазіргі қазақ тілінде

аяқ асты болды  
әскерін түсірді, қуып жетті  
балдыздай беерді  
бар малы  
бір жасады, бірге шықты  
бір жасар  
бір жолы, бірде  
дүниенің төрт бұрышы  
дүние-мүлкі  
дұшпандарға көп-ті  
екі бөлінді  
ел болды  
ит жүгірткендер  
жапырақтай тігіреткен  
жақсы ат  
жеңгелей алды  
жер жүзінде  
жолын тосып  
жасарын жасап, асарын  
асасын  
көңілдері қалды  
күндерде бір күн  
құс шүйгендер  
қыз айттырды  
қыз алып еді  
ләшкер тартты  
(басынан) патшалық тайды  
сансыз көп халық  
сөзіңнен шықпайын  
тәңрі ісімді оңарса  
тілегін тіледі  
қатын жіберу  
қатын айырды  
үстіне аттанды

Әрине, бұлардың бірқатары өзге түркі тілдерінде де бар. Зерттеуші М. Усманов Қадырғали шежіресінің тілінде Алтын Орда дәуірі поэзиясының ізі мықтап сақталған, әсіресе оған Рабғузидің «Қысас-л-анбиясы» қатты әсер еткен, мұндағы йыл ашасун, йүз йашасун деген фразеологизм содан алынған дейді.<sup>1</sup> Бұл тіркестің түп төркінін іздей қалсақ, ол өте әріге кетеді. Мұны біз қазақ тілінен де табамыз. Ол қазақша асарын асап, жасарын жасап («ұзақ өмір сүріп») деген мәтел түрінде сақталған. Жалғыз қазақ емес, өзге түркі тайпалары тілдерінде де бұл тіркестің бар екенін білеміз. Абылғазыда: ашын ашап, йашын йашап, узақ умр тапып деп келеді. Қазіргі түрікмен тілінде: ашыны ашады, йаашыны

<sup>1</sup> У с м а н о в М., Көрсетілген кітап. 73-б.

йаашады («ұзақ өмір сүрді»). Сондықтан оны тек алтын Орда әдебиетінің тіліне теліп, сол арқылы Қадырғали «Шежіресінің» тілін ескі татар тіліне жақындастыру (ал зерттеуші ескі татар тілін Алтын Орда тілінің жалғасы деп санайды), біздіңше, қисынсыз сияқты.

Сонымен қатар мұнда (шежіреде) қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын фразеологизмдер ондап кездеседі. Олар: *қан қойды* («өжет қимыл көрсетті»), *күч қыл-* («бағындыру»), *күч бер-* («қызмет ету»), хан алдында ерді («ханға қызмет етті»), *жұда болды* («айрылды, ажырады»), *бір кечә* («бір күні түнде»), *көңүлләрі ағрыды* («ашуланды»), *талаудын ет-* («тұтқынға алу»), *қыз тілә-* («қыз айттыру»), *туар қара* («мал, қара мал, ірі қара»), т.т. Бұл тіркестердің дені шағатай тілінің элементтері екені байқалады. Ал Жалайыри болса, оны шағатай тілінде жазуға тырысқаны мәлім.

Ескерткіш тіліндегі тұрақты тіркестердің келесі тобы — қосар тіркестер, яғни қосарланған элементтер. Олар 1) антоним парлардан тұратынар: *қыш уа йаз*, онда *уа солда*, *баш-айаққа* дегәч, *кечә-күндүз* («күні-түні»), 2) мағыналары бір тектес сөздердің қатар келгендері: *ай уа йыл*, *барыш-келіш*, *от-чечәкләр*, *йүрүр-кечәр*, *аты-чауы* («аты-шулы»), *аға-інісі*, *хал-қууат*, *арып-ачып*, *ач уа йалаңач*, *тағлы-ташлы*, *атын-улағын* («ат-көлігін»), *ата-анасы*, *үй-елі*, *отлуқ-сулық* йер; 3) бір тұлғаның қайталап қосарланған түрлері: *баса-баса йүрүр*, *пара-пара* болды, *ала-ала* келді, *йыл-йылдың*, *күндін-күнге*, *мыңар-мыңар* («мың-мыңдаған»), т.б. Акад. К. Залеман Сулейман ата Бақырғанидың «Хикайат Хаким Ата» деген трактатының тілін зерттегенде, мұндағы «қосар сөздерді» («двойные слова») осы шығарманың лексикалық ерекшеліктерінің бірі деп табады және бұл ескерткіш авторының ауызекі халық тілінен алып, өзі сүйіп қолданған элементтері деп есептейді<sup>1</sup>. Ал біздің байқауымызша, қосарланған тұлғалар — тек «қарапайым», яғни ауызекі сөйлеу тіліне ғана емес, әдеби тілге де тән құбылыс, ол тіпті кейде көркемдеуіш тәсілдерінің негізі болып кететін сияқты. Мысалы, Жалайыри тіліндегі *ойда орус*, *қырда татар* деген тіркес *ойда-қырда* деген қос сөздің «кеңейтілген» түрі, сол сияқты *кече кетіб*, *күндүз болғусы* деген тіркес

<sup>1</sup> Залеман К. Г., Легенда про Хаким-Ата.— Известия Имп. АН. 1898. қыркүйек, т. IX. № 2. 128-б.

*кече-күндүз* деген қос сөзге негізделіп жасалған. *Ешіткенім йоқ, білгенім йоқ* деген фразаның негізі — *ешіткен-білген* деген қос сөз, т.т.

Сонымен қатар сөздерді қосарлау арқылы жинақтау мағынасын білдіру — түркі тілдерінің күні бүгінге дейінгі актив тәсілдерінің бірі. Демек, бұл амал орта ғасыр әдеби тілдеріне де жат болмауы тиіс. Мысалы, біздің ескерткішіміздегі *ат-улағ* қос сөзі жалпы «ат-көлік» (*улағ* — жүк артатын көлік малы) деген жинақтау ұғымын береді, сол сияқты *үй-елі* (жалпы «отан»), *ата-ана, аға-іні, таулы-ташлы, от-чечеклер* дегендердің әрқайсысы жинақтау ұғымы бар тіркестер. Осылардың қатарында шежіре тілінде қолданылған *Еділ-Жайық* қосар сөзін талдауға болады. Бұл қос сөз жайында Ш. Уәлиханов қызғылықты пікір айтқан-ды. Ол осы «Шежіреде» *Еділ-Жайық* деген атау орыстардың *Алтын Орда* (Золотая Орда) дегеніне сай келеді, ал Тоқтамыс жарлықтарында *Алтын Орда «улуғ улус»* деп аталған, қазақтың өлең-жырларында «ноғайлының ауыр жұрт» деп келеді дейді<sup>1</sup>. Біздің байқауымызша, *Еділ-Жайық* тіркесі Алтын Орданың хандығын емес (саяси-этникалық единицаны емес), жерін, территориясын білдірген сияқты, өйткені бұл тіркеспен бес рет келген бір сөйлем (пәленше *Еділ-Жайықта хасил болды* — көрінді, жасап өтті) сөз болып отырған адамдардың қай жерде жасап өткенін баяндайды. Бұл тіркес шығарманың бас жағында және бір рет кездеседі, онда Борис Годуновты «Еділ-Жайық иесі хан» деп мадақтайды. Бұл жерде, әрине, әңгіме Алтын Орда туралы емес, территория туралы ғой. Шоқан тағы бір жерде «Шежіренің» кейбір тұстарын аударып отырып, ондағы сөздерге комментарий бергенде, *Еділ-Жайық* сөзі *Жайық* пен *Еділ* елдің атауы, яғни Қыпшақ дегеннің баламасы ретінде қолданылған дейді<sup>2</sup>. Осы мағынада, біздің байқауымызша, *Еділ бойы* деген тіркес те кездеседі: *Бамуз [Едіге] Еділ бойында өтті. Өзі (Бату) Еділ бойында уофат тапты. Қысқасы, бұл жерде айтпағымыз — шежіре тілінде сөз тіркестіру амалының әр алуан қажеттікті өтегендігі.*

<sup>1</sup> Валиханов Ч. Ч., т.1. 124—125-б.

<sup>2</sup> Сонда, 152-б.

## «Шежіре» тілінің қысқаша грамматикалық сипаты

Қадырғали Жалайыридың шығармасының морфологиялық және синтаксистік құрылысын біршама талдаған еңбектер<sup>1</sup> жарық көргендіктен, біз бұл жерде ескерткіш тілінің грамматикалық сипаттамасын қысқаша түрде береміз, онда да дәстүрлі тәртіппен барлық грамматикалық категорияны тізіп шықпай, негізгі-негізгі ерекшеліктерін жүйелеп көрсетсек, мыналар назар аударарды:

1. Ілік, табыс, шығыс септік жалғауларының басқы дыбыстарының фонетикалық варианттары жоқ, олар барлық сөзге (сөздің соңғы дыбысының дауысты, қатаң, ұяңдығына қарамастан) бір ғана тұлғада жалғанады: ілік жалғауы — *-ның/-нің*; табыс — *-ны/-ні/-н*; шығыс — *-дан/-ден/-дын/-дін*. Бұл, біздіңше, түркі емлесінің дәстүрін қатаң сақтау принципіне қатысты жайт. Мұнда септік жалғауының қатаң немесе ұяңнан басталып, құбылып келуі тек барыс септігіне тән: *-қа/-ға, -ке/-ге*.

2. I, II жақтағы жекеше тәуелдік жалғаулы сөзге барыс жалғауы *a-/-e* болып жалғанады.

3. III жақтағы тәуелдік жалғауы мен барыс, шығыс септік жалғауларының аралығына *n* қыстырма элементі (интерфикс) қосылады: *хақ йол+ы+n+да, душманлар+ы+n+a, дост+ы+n+a, ата+сы+n+дан*. Бұл да қыпшақ тілдерінің заңдылығы. Сонымен қатар мұнда бұл септеудің шағатайша-үйғырша типі, яғни *n* интерфиксі келмейтін варианттары да кездеседі: *көңіл+i+де, дариya йақа+сы+да, ана+сы+ға*. Алғашқы қыпшақтық норма ертеректегі (Науаиға дейінгі) түркі жазбалары тіліне тән болған болса, соңғысы шағатай тілінің, яғни Қадырғали заманындағы түркі жазба әдеби тілдің нормасы болып келеді. Екі түрлілік табыс септігіндегі сөздерде де кездеседі, қыпшақ тілдерінше: *йол+ы+n, барча+сы+n, халайық+ы+n* және шағатайша: *саба+сы+ны, қайсы+сы+ны*.

4. Шығыс септігі екі вариантта (*-дан/-ден, және дын/дін*) келеді. Мұның да алғашқысы қыпшақ тілдерінің нормасын ұстау болса, соңғысы кітаби дәстүрге ден қою

<sup>1</sup> Қордабаев Т. Р., Тарихи грамматика мәселелері, Алматы, 1965; Қордабаев Т., Томанов М., Тарихи грамматика мәселелері, А., 1975; Хисамиева З. А., Язык дастанов Кадыр-Ғалибека. Автореф. дисс... канд. филол. наук. Уфа, 1980.

болып табылады: шығыс септіктің *-дын* жалғауы — көне ұйғыр дәстүрінен келе жатқан элемент.

5. Септік жалғаулары жуан-жіңішке болып құбылып отырады, бұл — қыпшақ тілдерінің дауыстылар үндестігі деп аталаты нормасына бағыну.

6. Біздің тілін талдап отырған ескерткішімізде етістікті негізгі категориялары (шақ, рай, есімше, көсемше түрлері) қыпшақ тілдерінің нормасымен келеді. Атап айтқанда: жедел өткен шақ *-ды/-ді, -ты/-ті* жұрнағымен, ауыспалы өткен шақ *-а/-е/-й* жұрнақты көсемше тұлғасына жіктік жалғаулары жалғану арқылы, болжалды өткен шақ *-ыб/-іб/-б* жұрнақты көсемше тұлғасына *дур/дүр* қызметші элементінің тіркелуімен, бұрынғы өткен шақ *-ған/-ген* тұлғалы есімшеге немесе *-ыб/-іб/-б* тұлғалы көсемшеге *ер/-е/* көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалады.

Бұйрық райдың II жағы жұрнақсыз түбір етістік арқылы (*бар, айт*), ал оның кесімді түрі түбір етістікке *-ғыл/гіл* (*барғыл, келгіл*) жұрнағы жалғану арқылы білдіріледі. Соңғы тұлға XV—XVIII ғасырлардағы қазақ ақын-жазушыларының тіліне және қазіргі қазақ тілінің кейбір жергілікті сөйлеу түріне (говорларына) тән екендігін айту керек.

Мысалы: Адам әзіз айтар деп, Көңіліңді *салмағыл*. Нәпсі алдамшы дұшпанның насихатын *алмағыл* (Асанқайғы), Сыйлай *бергил* көнені (Бұхар жырау).

7. Өткен шақ есімше негізінен (көбінесе) қыпшақ тілдеріне тән *-ған/-ген, -қан/-кен* жұрнағымен келеді. Ара-тұра шағатай тілінің *-мыш/-міш, -ғұс/гүсі* жұрнақты варианттары да ұшарасады. Соңғы тұлғалар шағатай тілінде түркі жазба әдеби тілінен әріден келе жатқан дәстүрлі қолданыстар болып саналады. Есімшенің *ғу/-гү* жұрнақты тұлғасына тәуелдік жалғаулары жалғанған түрі *-ғусы/-гүсі, -ғум/-гүм* міндеттілік ренкі бар келер шақты білдіреді. Түркі ескерткіштері тілінде бұрыннан келе жатқан бұл дәстүрлік тұлғаның орнына қыпшақ тілдерінде *-ғай* жұрнақты етістік қолданылады.

Қыпшақ тілдеріне жатпайтын есімшенің осы тұлғасын автор «Мадақ сөзінде» қолданған, оның себебі — «Мадақ сөзді» Қадырғали мейлінше көтеріңкі стильде «мәдениетті» кітаби тілде жазуға тырысқан (сөйте тұра қазақ билерінше көсіліп, шешендік сөз үлгісін танытқан; кечә кетіб, күндүз *болғусы*, булут арасындын күн көзі *көрүнгүсі*, біздің падшаһымыз Барис ханның

даулаты ачылуғы...Мұндағы етістіктерді қазіргі тұлғамен айтсақ: *болуға тиіс (болуы керек), көрінуге тиіс, ашылуға (артуға) тиіс* немесе *артылуы керек* болып шығар еді.

-*мыш* жұрнақты есімшенің тәуелдік жалғаулы түрі түркі жазба тіл дәстүріне тән, ол біздің ескерткішімізде бір-екі жерде ғана жұмсалып (*hiç көрмемішім* «еш көрген емеспін», *алмамышым* «алған емеспін»), өткен шақ мағынасын береді.

Шежіре тексінде қазіргі қазақ оқырманының көзіне де, құлағына да жат көрінетін тұлғаның бірі -*мыш* жұрнақты есімшенің *қыл*- көмекші етістігімөн келген түрі. Мұнда -*мыш* жұрнақты есімше есім сөз ретінде, яғни қимыл, іс-әрекеттің атауын (қазіргі *бару, келу* деген -у жұрнақты етістіктер сияқты) білдіреді және бұл тіркес парсы тілінің қалыбымен калькаланып жасалған болып шығады: парсы тілінде түркілік -*мыш* (парсыша -*миши*) жұрнақты етістікке парсы тілінің көмекші етістігі тіркеседі, *башламиши кардә* (бастап), *йағламиши кард* (май жақты), *қушламиши кардә* (құс салып), т.т. Бұл күрделі етістіктердің беретін мағынасын негізгі түркілік сөзден шығады, сондықтан аудармашы парсының өз тіліндегі түркі сөзін сол тұлғасымен (-*мыш*, -*пен*) алып, оған енді парсы тілінің емес, түркі тілінің көмекші етістігін тіркестіреді, сонда Рашид ад-динде — түпнұсқада *суйурғамиши кунад* деген етістік *сойурғамыш қыл*- («сыйға тарту») *сойурға* сөзі түркі сөзі, ол хан, патша сияқты бас әміршінің қол астындағы кіші әміршілерге сыйлық ретінде бөліп беретін жер (территория), т.б. білдіреді, мысалы Борис Годунов Оразмұхаммедке Қасым хандығын (хандығының жерін) *сойурғамыш қылған*, яғни *сойурға* етіп берген, *йайламиши кард* — *йайламыш қыл*- «жайлау (ету)», *джашамиши кардан* — *йашамыш қылды* «тәртіп орнатты». Едәуір жиі кездесетін бұл тұлғаны Қадырғали шежіресінің грамматикалық құрылысын зерттеушілер Т. Қордабаев та, З. Хисамиева да дұрыс танымаған, -*ур/-үр/-р* жұрнақты есімше мұнда тек іс-әрекеттің белгілі бір шаққа қатыссыз қалыпты түрін көрсететін етістік мағынасында жұмсалған, ал оның *e-/ep-* көмекші етістігімен тіркескен түрі дүркінді немесе ұзақ орындалатын іс-әрекетті білдіреді: сығыр күтүб *йүрүр ерді* («сыйыр бағып жүретін»). Осы жұрнақты *тур* етістігі *турур* тұлғасында жеке келіп те, *ep-/e-* көмекшісімен тіркесіп

келіп те осы күнгі «болып табылады», «болатын», «болушы еді» деген мәнде жұмсалады: Түркстан уа Уйгурстан *машһур турур* «Түркістан мен ұйғырстан белгілі болатын».

8. *-ған* жұрнақты есімшенің, *-уб/-үб/-б*, *-ғалы/-гелі*, *-ғунча/гунче* жұрнақты көсемшенің қолданыстары (мағынасы мен қызметі) қазіргі қыпшақ (мысалы, қазақ, татар, т.б.) тілдеріндегідей. Сонымен қатар мұнда *-ғач/-геч* жұрнақты көсемше тұлғасы да қолданылған, ол негізгі етістік сөз білдіретін іс-әрекеттің өткен шақта болғандығын білдіреді, бұл тұста шежіре тілі қазіргі татар, ноғай тілдерінің нормасына сәйкеседі. Ескі татар әдеби тілінде кеңінен қолданылған көнеұйғырлық *-у/-йу* жұрнақты көсемше тұлғасы мұнда жоқ.

9. Қадырғали тілінің морфологиясында кездесетін бір құбылыс *-ғай/-гей* жұрнақты тұлғаның актив қолданылғандығы. Бұл жұрнақ қазіргі қазақ, татар тілдерінде етістіктің қалау райын жасайтын элемент болғанымен, біздің ескерткішімізде шағатай тіліндегідей аорист (өткен шақ) және ауыспалы шақ (яғни қазіргі *-а+ды* тұлғалы етістік) категориясының көрсеткіші болып қолданылған: қойын йыл, йа<sup>б</sup>ни қой йылы *болғай*. Бұл жердегі *болғай* тұлғасында қалау райының мағынасы жоқ, ол «*болады*» дегеннің баламасы.

10. Қалау рай мағынасын жекеше I жақ үшін *-ай+ым/-ей+ім* (сені алайым) және *-ай+ын/-ей+ін* (дос тұтайын) жұрнақтары, көпше түрі үшін *-лық* және *-лы* жұрнақтары береді, соңғысы (баралы) — шағатай тіліне тән тәсіл.

11. Қыпшақ тілдеріне жат *-алым/-елім*, *-алың/-елиң* жұрнағымен келген етістік тұлғалары шығыс түркістан жазба дәстүрінің қалдығы, ол осы ескерткіш тілінде болжалдық мәнді білдіреді: Біз нечүк андын *кечелім*, аның фарманын нечүк хилақ *қылалым* «Біз өз үлесімізді басқаға тастар ма екенбіз, оның (Шыңғыс ханның) жарлығына қарсы шығар ма екенбіз».

12. Мақсат мәні екі түрлі тұлғамен берілген: бірі — қазіргі қазақ тіліндегідей *-ғалы/-гелі*, екіншісі *-маққа/-маға* (тоқушғалы атланды, тоқушмақға атланды) жұрнақтарын жалғау арқылы.

13. Қимыл есімі мұнда *-ғу/ғу*, *-мақ/-мек* жұрнақтарымен жасалған. Бұл тұлғадан туынды сөздер де жасалады: *білмеклік*, *ешітғучі*, *оқығучы*. Шағатай тілінде қимыл есімін жасайтын *-ыш/-иш/-ш* жұрнағы мұнда



тек *барыш-келіш* сияқты туынды есім құрамында ғана келеді.

14. Шежіреші жекеше I жақтық *-ман* (барман, айтпан) жұрнақты тұлғаны дәл қазақ тіліндегідей шақтық мағынада жұмсайды. Ортаазиялық өзге түркі ескерткіштері тілдерінде бұл тұлғаның шақтық мәнде жұмсалуды кемде-кем.

15. Кейбір есімдіктер қыпшақ тілдеріндегі ерекше тұлғаларымен келеді: *менім* (*менің* варианты да бар), *аңар* (аңа варианты да бар) қазақша «оған», ол есімдігі септелгенде бастапқы дыбысы *а*, *ан* болып кетеді: *аның*, *андын* (қазақша: «одан»), *анға/аңа*. Мұнда көпше III жақ есімдігінің татарша *алар* тұлғасы да, қазақша *олар* тұлғасы да жоқ, орта азия түркі ескерткіштері тіліне тән *анлар* варианты ғана қолданылған. Сілтеу есімдіктерінен шағатайлық *ошбу* мен *ошул* түрлері кездеседі. Жіктеу есімдіктерінің септік тұлғалары қазақ тілімен бірдей емес: *меңе* (маған), *аңа/аңар* (оған), *мендін* (менен), *сендін* (сенен), бұлар шағатай тілінің септелу парадигмасына (жүйесіне) сай.

16. Шылаулар мен постпозитив есімдердің (көмекші есімдердің) ішінде жалпы түркілік *үчүн, соң, да, берү, йана, оқ* (тағы), *му* (*ма*), *таба* (қарай), *білән* (*бірлә*), *бірлән* (мен, менен), *үзә* (ішінде), *кібі* (сияқты), *дегәч* (дейін), *аның үшін* (сондықтан), *арасында, ішінде, үстіне, үстінде, йанында, алында* (қасында), *ғына* (ғана), *түгіл, кім, дур/дүр* сияқты түрлері қолданылған. Бұлар шағатай тіліне де, қыпшақ-оғұз тілдеріне де тән тұлғалар.

Сонымен қатар кейбір араб-парсы шылаулары да еркін және жиі қолданылған. Олар: *йа'ни, уа, ликин* (бірақ), *уа һәм*. Сондай-ақ шежіреші таза «кітаби» шылаулар: *сару* (/қарай), *хизматъға* (жанына), *тәгрәсідә* (айнала), *йараша* (сай); *йоқерсә* (болмаса), *кімерсә* (кімі) сияқты сөздерді ара-тұра қолданып жіберуден қашпайды. Жалпы зерттеушілердің танып көрсеткеніндей, түркі тілдерінде шылаулардың дамуы соңғы кезеңдердің үлесіне тиеді<sup>1</sup>.

Сондықтан болар, Жалайыридың қолданысында қазіргі *бірақ, біресе, ал, мен, бен, пен, алайда, сондықтан, өйткені* деген шылаулар жоқ. Мұндағы *таба* (қарай), *дегәч* (дейін), *му* (*ма*), *алында* сияқты шылаулар қазір-

<sup>1</sup> Мусаяев К. М., К истории союзов тюркских языках // Советская тюркология, 1980, № 6, 3-бет.

гі қазақ тілінде жоқ болғанымен, зерттеушілер олардың үстіміздегі ғасырдың 20-жылдарына дейін қазақ жазба дүниелерінде қолданылып келгенін айтады<sup>1</sup>.

17. Шежіре тексінде кездесетін үстеулер негізінен түркі тілдерінікі, оның ішінде басым көпшілігі қыпшақ тілдеріне тән болып келеді. Үстеулердің *үкүш* (көп), *үзә* (бұрын), *угру* (қарсы), *соңратын* (соң) сияқты көне тұлғалары мен *білән біргә* (бірге), *кечә күндүз* (күні-түні) сияқты тіркесті түрлерінің қолданылуы, тағы да жазба әдеби тіл нормасына мойынсұнудан туғаны байқалады. Бұл норма араб-парсы тілдерінен алынған көптеген үстеулерге де иек арттырған. Мұнда *тамам* (түгел), *аууал* (әуелі), *мажму*<sup>2</sup> (үнемі), *бағайат* (өте, орасан), *бисйар* (өте, тым), *балахир* (ақырында), *хануз* (тағы), *хала* (қазір, енді), *филхал* (әзір). Бұлардың бірқатары (*бисйар*, *аууал*, *бағайат*, *дайым*, т.б.) өте жиі қолданылған.

18. Сан есімдер қыпшақ тілдеріндегі тұлғаларында берілген: *екі* (еккі емес), *төрт* (дөрт емес) *йеті* (жетті емес), *секіз* (сәккіз емес), *тоқуз* (тоққуз емес), *мың* (бың емес), т.т. Жинақтау сан есімдері шағатайша тұлғада да (*екісі*, *үчісі*, *алтысы*), қазақша (*үчеу*) түрде де кездеседі.

Сөйтіп, Қадырғали шежіресі тілінің морфологиялық құрылымында қыпшақ элементтерінің үлесі басым болып келеді. Сонымен қатар мұнда жазба тіл — шағатай тілі арқылы келген оғыз-үйғыр тілдеріне тән тұлғалар да бар. Қыпшақ тіліне тән морфологиялық типтер, татар зерттеушілері айтқанындай, Еділ түркілері (татар) тіліне ғана жатпайды, қазақ тіліне де жатады, ал бірқатары Қадырғали негізге алып отырған шағатай тілінің өзіне де тән, өйткені мұнда қыпшақ-оғыз элементтері аз ұшыраспайды. Егер Қадырғали сияқты өз заманының білімді адамы Алтын Орда әдеби тілінің ескерткіштерімен, айталық, «Гүлстанмен» жақсы таныс болып, соның нормаларына бағынған күннің өзінде, ол шағатай тілі элементтерінен бас тарта алмаған болар еді, өйткені Еділ бойы мен Египетте қолданылған қыпшақ түркі жазба әдеби тілі мен шағатай тілінің түп төркіні бір екені мәлім.

---

<sup>1</sup> Әбілқасымов Б., XIX ғ. II жартысындағы қазақ әдеби тілі. Алматы, 1982; Сыздықова Р., XVIII—XIX ғғ. қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1984.

Шежіре тілінің синтаксистік құрылысына келсек, оның негізгі-негізгі категорияларын: септік, тәуелдік, жіктік, көптік жалғауларының қызметтері мен тұлғаларын, сөйлем типтерін, сөйлем мүшелерін Т. Қордабаев талдап шыққан болатын (Қара: Т. Қордабаев, Тарихи синтаксис. Алматы, 1967). Зерттеуші шежіре тілінде жай сөйлемдер көбірек қолданылғандығын айтады; түркі тілдеріне тән емес *Сархад Хорасан* (Хорасан шекарасы), *уалайат Тибет* (Тибет уалаяты) деген сияқты инверсияның бар екенін, сөйлем мүшелерінің орын тәртібінің бұзылып отыратындығын айтады.

Шежіре тілінің стильдік ерекшеліктеріне назар аудару керек, өйткені бұл шығарма — қазақ авторы қаламынан шыққан тұңғыш проза туындысы. Қадырғали мұнда тарихи шығарма жанрына барған проза жазушысы әрі проза аудармашысы. Борис Годуновқа арнаған «Мадақ сөзінде» Қадырғали жазушы болып көрінеді. Бұл — шешен тілмен көркем түрде берілген монолог, оның көркемдігін ауызша поэтиканың мәнерімен ұйқаса, үйлесе келген құрылымдар танытады. Мұнда қайталаулар, параллелизмдер, метафоралар, эпитеттер, теңеулер сияқты стильдік тәсілдер өте шебер пайдаланылған. Мысалы: *хан* сөзі әрбір сөйлемнің соңында қайталап келіп эпифора болады: Халайықын *бадл* лік білән сурған *хан*; йетім лер ге рахим қылыб, чығайлар ны тойдурған *хан*, ай уа йыл қазина да бар малын хақ йолында ихсан қылған *хан*... Әрі тағы бірнеше сөйлем *хан* сөзіне аяқталады. Немесе *айналасы алты, төгүрегі төрт хан* сияқты параллельдер автордың әдеби тіл тәсілдерін қолдана білетін көркем сөз шебері екендігін танытады. Ал тарих шежіресі ретінде баяндайтын тұстарда Қадырғали енді оқиғаларды атайтын автор болып көрінеді, мұнда әшекейлі элементтер жоқ, оқиғалар мен адамдардың аты-жөндері келтірілген жай сөйлемдер басым: Мысалы: Андын соң Токтаға өлді. Аның нәслі дін һіч кім қалмады. Бачқыр Токтуға бек улуғ әмрә бек болды. Андын [соң] Хорезми бек болды. Муса білән Иамғурчы бір анадын туған ерді...

Стильдік ерекшеліктері жағынан Қадырғалидың аударма тексі мен өз қаламынан шыққан төл баяндауларының тексі бір-бірінен өзгешеленіп тұрады. Ең алдымен, Қадырғали Рашид ад-диннің «Жами ат-тауарих» атты аса көлемді еңбегін тұтас аударған жоқ, өзіне қажет жерлерін ғана алған. Ол Рашид ад-диндегі түркі-монғол

әміршілерінің тарихына ғана көңіл бөледі, яғни өзінің қожасы Оразмұхаммед ханзаданың ата-бабаларының тарихын сөз етеді. Рашид ад-диннің қалған Иран, Хытай, Чин, Қара Хытай, Мачин, Рум, Шам, Мысыр сияқты елдердің тарихын, оларды билеген халифтардың, сұлтандардың, маликтердің, атабектердің тарихын шерткен тұстарын және кереметтермен ғажайып оқиғалар жайындағы баяндауларын тастап кетеді. Сондай-ақ Рашид ад-дин келтірген аңыз-әңгімелер (орысша притчи) мен кұраннан алынған үзіктерді, келтірілген өлең жолдарын беруді де мақсат етпейді. Бұған, біздіңше, бірнеше фактор себеп болса керек. Ең алдымен, Қадырғалидың мақсаты — Оразмұхаммедтің ата тегі «тегін» емес, оның өзге де әміршілермен «терезесі тең» екенін, Шыңғыстай әлемді тітіреткен ұлы адамның әулетінен екенін баяндау, сондықтан оған тек түркі-монғол хандықтары мен империясының арғы-бергі (тіпті өз тұсына дейінгі) тарихына қатысты материалды алады. Екіншіден, өз мүмкіншілігіне де қарайлайды. Оның И. Н. Березин жазғандай, «мұсылманша білімі едәуір болғанмен, араб, парсы тілдеріне аса жетік болмағандығы» Рашид ад-диннің парсының аса күрделі әдеби тіліндегі үлкен шығармасын дәлме-дәл аударып беруге жібермеген. Сондықтан кейбір зерттеушілер атағандай, Қадырғали шежіресінің кейбір тұстарының тілі түсінуге ауыр, стильдік ақаулары мол «кедір-бұдырлау» болып шыққан. Әсіресе, түпнұсқадағы күрделі ұзақ синтаксистік құрылымдар біздің тарихшымызға оңай тимегені байқалады. Оған Шыңғыс ханның өсиеттері баяндалған тұстары мысал бола алады. Үшіншіден, Қадырғалидың алдында не тұсында өзге тілдерден түркі тіліне аудару тәжірибесінің аздығы да автордың біраз тартынуына және баяндау стилінің жатық болу-болмауына әсер еткен. Мысалы, түркіше баламасы бола тұрса да, көп сәттерде Қадырғали шежіреші түпнұсқадағы араб, парсы сөздерін сол қалпында ала салады. Мысалы, *аксар* (көбі, басым көпшілігі), *атба* (бағынышты), *балахир* (соңында, ақырында), *бисйар* (өте, аса), *ғайат* (шек, соң) сияқты сөздер қайта-қайта қолданылса, *забт* (жаулап алу), *инс* (адамзат), *истарха* (әлсіреу), *марғзар* (көкал), *миhtar* (бас, ұлы) сияқты бірер реттен көрінген араб-парсы сөздері аудармашының балама іздеп көп қиналып отырмағандығын көрсетеді. Тіпті ол өз ана тілінде де, жалпы түркі тілдерінде кеңінен қолданылатын *өлік*,

өлген адам деген сөздің орнына арабтың *мутауаффа* сөзін, «көк (өсімдік), «шөп» дегенді *набат*, «жоқтау»-ды *нуха*, «күс» дегенді *туйур*, «жүкті, екіқабат» дегенді *хамил* деп беруді де аударма принципінің әлі жоқтығын танытады. Абстракт ұғым атауларын аудару Қадырғали түгіл, бүгінгі түркі тілдеріне оңай болмағандығын тіліміздегі сандаған арабизм, фарсизмдерден білуге болады. Сондықтан XVI ғасыр шежірешісінің тіліндегі арабша ондаған абстракт ұғым атауларын автордың «іздене білмеген» кемістігі деп санамаған күннің өзінде, бұл тексте «тұнып тұрған» араб сөзі мен түркі тілінің көмекші етістігі тіркесіп жасалған етістіктерді, ондаған арабша, парсыша сын есімдер мен үстеулерді, шылауларды, бір жағынан, біздің авторымыздың «қолтаңбасына» телісек, екінші жағынан, сол кезеңдегі (яғни орта ғасырлардағы) түркі әдеби тілдерінің кәнігі нормаларынан іздеу керек болады.

Қадырғали шежіресінің стильдік ерекшеліктерінің дені текстің синтаксистік құрылысына қатысты болып келеді. Мұнда түркі тілінің кейбір синтаксистік тәртіптері, мысалы, сөздердің орналасу тәртібі бұзылып берілген тұстар бар. Мысалы: дастанның «Добун Байан мен оның әйелі Алан Қуаның суреті және олардың балаларынан тараған ұрпақтар жайындағы екінші бөлім» деп берілуге тиісті атауын Қадырғали: «Қисм екінші сураты Добун Байан ның уа хатуны Алан Қуа ма лум оғлан лары» деп береді. Мұнда сөйлемнің әрбір үзiгiнде сөздердiң орналасу тәртібі парсы тіліндегі түпнұсқа бойынша келген. Парсы синтаксисінің мұндай тәртібі жиі кездеседі. *Дастан Дотум Мәнән (Дотум Мәнән дастаны* деудің орнына), *тахт Қазан* (Қазан тағы, яғни хандығы), *уилайат Хытай* (Қытай уалаяты), *ләшкер Хытай* (Қытай ләшкері). «Төртүнчі Кублай хан ның оғлы Нулуған» деп берілген тақырыпты (дастанның тақырыбын) түркі синтаксисі нормасына қарай түсінсек, төртінші болып тұрған Құбылай ханның баласы Нулуған емес, өзі болып шығады. Аудармашы кейде тіпті «беш йүзге йақын» деп түркіше айтылуға тиіс сөздерді «йақын беш йүз» деп «төңкеріп» жібереді. Түркі синтаксистік нормаларынан бұлайша ауытқулардың себебі — біз тілің талдап отырған шығарманың дені аударма болғандықтан, яғни парсы тілі синтаксисінің әсерінен ғана емес, біздің ойымызша, сол кезеңдегі түркі прозасының синтаксистік, стильдік нормасының әбден

қалыптасып, қатаң жүйеге айналмағандығынан деп білеміз. Оның үстіне Қадырғали не маман тарихшы, не маман аудармашы еместігін ескерсек, оның тіліндегі стильдік кедір-бұдырлар мен өзге де тұстардағы ағаттықтарды кешіруге болатын тәрізді.

Баяндау мәнеріне келсек, мұнда Қадырғали түпнұсқадағы сияқты стильді ұстанады, яғни шығарма өткен замандардағы оқиғалар болғандықтан, етістік тұлғалары көбінесе өткен шақпен (-ды/-ді жұрнақты, т.б.) келеді. Әсіресе, *ер-/е-* көмекші етістігінің *ерді/еді* тұлғасы өте жиі қолданылған. Мұнда автор тарихи шығарма жанрының хабарлаудың стереотип формулаларын пайдалану, адам, жер-су аттарын санамалап беру сияқты өзге де кейбір тәсілдеріне иек артады: мысалы, «Пәлен ханның пәлен деген ұлдары болды, оның аттары мынадай» деген мәліметті баяндауда: пәленшенің оғлы бар ерді, атлары мұндағ тафсил қылынды (немесе: тафсил үзе, мұндағ тартиб үзе, мұндағ туруп) деген стереотиптер қайталанып отырады, бұл сияқты қалыпты сөз орамдары: аның хатун лары, қумалары бисйар (немесе көб) ерді... (пәленше) хатун дын туғуб ерді... аның анасы (пәленше) хатун (немесе кума) ерді... (пәленше) (пәлен) қаум ерді деген сияқты болып келеді. Бұлар тексте бірнеше рет қайталап отырады.

Міне, біз тілін талдап отырған шежіренің грамматикалық және стильдік сипаты қысқаша осындай.

### **«Шежіре» тексінің жазуы мен емлесі жайында қысқаша мағлұмат**

Бұл кітапта ұсынылып отырған текст — Халфин нұсқасы, яғни проф. И. Н. Березин 1854 ж. жариялаған нұсқа болғандықтан осының графикасындағы (жазуындағы) ерекшеліктер мен емлесін сөз етеміз. Ескерткіш тексінің факсимилесі, яғни дәл көшірме бейнесі берілмегендіктен, бұл тақырыпты әңгімелеу қажетсіз сияқты болуы мүмкін, дегенмен қолжазбаларды немесе 1854 жылғы жарияланған тексті оқып, онымен жұмыс істеймін деушілерге қажет болар деп және осы кітаптағы транскрипцияны дұрыс түсініп оқуға көмегі болсын деп ұсынып отырмыз.

И. Н. Березин Халфин тапсырған қолжазбаны еш өзгертпей (түзетпей), сол қалпында жариялағанын айтады, яғни «Шежіренің» 1854 жылғы жариялануы —

литографиялық басылым болатын. Қолжазбада емле қателері, бір сөздің екі-үш түрлі таңбалануы, сөздердің түсіп қалуы немесе қажетсіз артық жазылуы сияқты ағаттықтарды кезінде И. Н. Березин де, Ш. Уәлиханов та атаған еді. Бұлардың дені, сөз жоқ, автордан гөрі көшірушінің еншісіне тиеді.

Графикалық және орфографиялық қателер мен өзге де ағаттықтар тексті дұрыс түсініп оқуға, оның тілін талдауға келгенде, белгілі бір әсерін тигізіп, аяққа оралғы болатыны даусыз. Олардың басты-бастылары мыналар: бір сөз екі түрлі таңбаланған. Мысаы: *булут/булыт, ордусы/ордасы, олтурушлық/олтурышлық, орныға/орнуға*. Бұл жерде еріндік-езулік дыбыстардың үндесу заңдылығы қатаң сақталмағандығы байқалады, екінші буындарда *булут, орнуға* болып еріндік дыбыс әрпінің жазылуы шығыс-оңтүстік түркі тілдеріне тән, ал олардың орнына езулік дыбыстың келуі солтүстік-батыс (қыпшақ) тілдеріне тән құбылыс. Бұл екі топтың тартысында біздің ескерткішіміздің тілі едәуір «қыпшақтанған» тіл екені сезіледі, өйткені мұнда езулік дыбыстың таңбасы басымырақ кездеседі.

Сөздердің екі түрлі таңбалануының бәрін көшірушінің салақтығынан көруге болмайды. Мысалы, *сүңгәклі* және *сүйеклі* деген нұсқалар — көшірушінің емле қатесі емес, біздіңше, негізге алынып отырған кітаби тіл нормасы мен автордың (немесе көшірушінің) ана тілінің «айқасынан» туған құбылыс. Осы қатарға кейбір жалқы есімдердің екі түрлі таңбалануын жатқызуға болады. Мысалы: *қоңқырат — қоңрат, Жәдік хан — Йәдік хан*.

Екі түрлі таңбаланғандардың ішінде жиі кездесетіні — сөз түбірі мен қосымшаның бірде қосылып, бірде бөлек жазылғандығы. Араб жазуымен хатқа түскен түркі ескерткіштерінің қолжазбаларында қосымшаларды сөз түбірінен бөлек жазу дәстүрі бар. Мұнда да сол дәстүрді ұстауға тырысқан, бірақ кейде салақтықтан немесе автордың (және көшірушінің) сөздің морфемдік құрамын жете айыра білмегендігінен, түбір мен қосымша біресе бірге, біресе бөлек жазыла берген. Біз тексті транскрипциялағанда бұл құбылысты дәл көрсетуді нысанаға алдық.

Қолжазбадағы ең бір үлкен ағаттық — көшіргенде кейбір сөздердің, қосымшалардың жазылмай, түсіп қалып отырғандығы. Біз мұндай түсіп қалған сөздер мен қосымшаларды квадрат жақша ішінде беруге ұмтылдық.



Ол ағаттықты сөйлемнің мағынасына қарай және Рашид ад-дин шежіресінің орыс тіліне аударылған нұсқасына қарай қалпына келтірдік. Мысалы: Ол заманда нұр[дың] пайда болған. Аның уруғы Чингиз хан[ға] барур. Чингиз хан[ға қаршу] уруш қылды лар. Өз хатунын, өз оғлын [танымады], хатулары ма лум [ермес]. Соңғы сөйлемде сөздердің түсіп қалғаны айтылмақ ойды мүлде бұзып тұр: қатындарының аты-жөндері мәлім емес деудің орнына мәлім болып шыққан. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Осы көрсетілгендей кемшіліктер мен ағаттықтардың бар екендігіне қарамастан, қолжазбада белгілі бір графикалық-емлелік жүйе (тәртіп) сақталғанын айту керек. Ол тәртіп мынадай:

1. Екпін түспейтін (көбінесе алғашқы) буындағы дауысты дыбыс әрпі жазылмаған:  $\text{قرل}$  қ/а/ра,  $\text{بردی}$  б/е/рді,  $\text{قرلاری}$  қ/ы/злары,  $\text{قرمасы}$

қ/у/масы. Бұл тексте харакет (араб әріптерінің қай дауыстымен айтылатындығын көрсететін таңбалар) қойылмағандықтан, мұндай дауысты дыбыс әрпі жазылмаған сөздерді сөйлем мағынасына қарай айыруға тура келеді. Шежіренің екі қолжазбасының екеуінде де оқуға қиын соғатын сөздер — жалқы есімдер: біріншіден, бұлардың көпшілігінің түркі-монғолша айтылуы біздің орыс әдебиетінен (орысша кітаптардан) көріп, оқып, көзіміз үйренген түрлерінен мүлде өзгеше болып келетінін айту керек. Мысалы, Добун Баянның әйелінің аты орысша *Алан-Гоа* деп жазылып келеді, біздің қолжазбамызда *Ала Куа*; Йесуге баһадурдың әйелінің есімін орысша *Оэлунфуджин* деп танысақ, түркіше-монғолша *Ауалун фужин* дейді екен. Біз тексті транскрипциялағанда ғылымда этноним, топоним, антропоним деп аталатын, адам, жер-су, халық аттарының баршасын түркі-монғолша дүп-дұрыс бердік дей алмаймыз, дегенмен араб әріптерінің дыбысталуына қарай және кейбір жалқы есімдерге қойылған харакеттерге қарап, оларды мейлінше түркіше-монғолша тұлғада беруге ұмтылдык.

2. Көптеген өзге де ескерткіштердің тексі сияқты біздің шежіреміздің тексінде де дауысты дыбыстар үндестігі сақталған. Оны әсіресе жуан-жінішке болып

келетін  $\text{ق}$  (к)  $\text{ك}$  (к),  $\text{غ}$  (ғ)  $\text{گ}$  (г)

таңбалары бар сөздердегі дауыстар үндестігі айқын көрсетеді. Сонымен қатар бірен-саран тұстарда үндестік заңының бұзылып жазылғандары жоқ емес (*бірісі ға* деген сияқты).

3. Қадырғали шежіресінің қолжазбасында ерін үндестігі кең орын алған, яғни алдыңғы буындағы еріндік дауыстының әсерімен екінші буында да еріндік *у, ү* дыбыстарының әріптері жазылған: *орус, улус, көңул, дост луқ*. Тіпті үндестіктің *a/e/~u/ү* типі де бар: *алтун, хатун, йаруқ, нечүк, берү*. Кейбір етістік қосымшалары тек еріндік дауысты дыбыс әрпімен берілген: *-дур/-дүр/-тур/-түр, -ғур, -сун*. Есім жұрнақтарының да (мысалы: *-луқ/-лүк/* еріндікпен берілген сәттері бар, тәуелдік жалғаулары да бірде езулік (*-ым, -ім, -ың, -ің*), бірде еріндік (*-ум, -үм*) дыбыс әрпімен жазылғанын көруге болады. Дегенмен соңғы жарыспа тұлғалардың езулік варианты күш алғанын айту керек, бұл — ескерткіш тілінің негізі қыпшақтық екендігінен туған.

4. Шежіре қолжазбасында дыбыстардың қатаң-ұяңдыққа қарай үндесуі негізінен сақталған: *чық+қан, булыт+қа, теңіз+ге*. Сөйте тұра түркі жазба дәстүрі бойынша қосымшаларды әрдайым ұяң дыбыстан бастап жазу фактісі де кездеседі: *қуллық+дын, халқ+дын, беш+де, айақ+ға*. Дегенмен біздің қолжазбамыз бұл дәстүрдің бірте-бірте ығыса түскенін көрсетеді.

5. Қолжазбада қазіргі қыпшақ тілдерінде сөз ішінде ұяң дауыссыз дыбыс келетін сәттерде қатаң дыбыс әрпі жазылған: *тоқуз* (тоғыз), *йақа* (жаға), *йоқары* (жоғары), *тақы* (тағы). Көп сәттерде сөз соңындағы қатаң дыбыс дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанғанда, осы күнгі қазақ тіліндегідей ұяңдап кетеді, хатқа да осылай түскен. Сонымен қатар ұяңдамай қатаң күйінде қалдырылған сөздер де бар: *су айақында, чықыб келді, қамчы соқыб*. Алдыңғы тәсілдің көбірек кездесетіндігі бұл ескерткіш тілін қазіргі қазақ, татар сияқты қыпшақ тілдеріне жақындатады.

6. Қолжазбада сөз соңында осы күнгідей сонор (үнді) *у* емес, оның орнына *ғ, г* дыбыстары келген сөздер хатқа түскен: *ариғ* (аруу), *туғды* (тұуды), *йағылашты* (жауласты). Сонымен қатар *ғ/г* түсіп қалған варианттар да бар: *туған* (тұғған емес). Қазіргі қыпшақ тілдерінде сонор *й* келетін жерлерде *ғ, г* таңбалары жазылған сөздердің қарлукша-үйғырша тұлғалары бар: *сығыр* (сыйыр), *бағлаб* (байлап), *йығар ерді* (жыйар еді).

7. Сөз ішіндегі *t* дыбысының алдындағы *л*-дың түсіп қалуы (*олтур* > *отыр*-), *ер*- көмекші етістігіндегі *r* дыбысының түсіп айтылуы (*еді, екен*) қыпшақ тілдеріне тән, сиректеу болса да бұл ерекшелік те орын алған.

8. Біз тілін қарап отырған қолжазбада сөз басында әдетте *ж* емес, *й* дыбысы келеді, бұл — сол кезеңдегі түркі жазуының нормасына бойұсыну болып табылады, ал сонымен қатар бірнеше сөзде, негізінен жалқы есімдерде *ж*-дан басталып жазылған сөздер де бар: *жауқашын* (өсімдік атауы, қазақша *жауқазын*), *жайна*- (етістік), *Жәдік*, *Жалайыр*, *Жақсу*, *Жайық*. Соңғы адам аттары *Йәдік*, *Йахшу* болып та жазылған. Өзге түркі ескерткіштерінде көбінесе *Йахшу*, *Йайық* деп таңбаланып еске алсақ, қазақ Қадырғалидың *ж*-мен сөйлейтін ана тіліне еріксіз айналып соғып кететінін аңғарамыз.

9. Араб-парсы сөздері әдетте сол тілдердегі қалпынша жазылған, бірақ әрқашан сауатты (қатесіз) шыға бермегенін И. Н. Березин мен Ш. Уәлиханов көрсетіп кеткен болатын.

10. Ара-тұра түркі сөздерінде *қ* орнына *х* әрпі жазылған сәттері бар: *йахшы*, *охшар* (ұқсар).

11. *ш* ~ *с* дыбыстарының алмасуына келгенде біздің қолжазбамызға *ш* дыбысты вариант тән: *йашады* (жасады емес), *қыш* (қыс емес), *баш* (бас емес), *кіші* (кісі емес). Шағатай тілінің бұл нормасын Қадырғали мен көшірушілер бұзбай ұстаған. *ш* ~ *ч* алмасуында *ч* дыбысты вариант тән: *сачылды*, *кечә*, *буруч*, *қылыч*, *чап*-, *ич*-, *үч*.

Міне, Қадырғали шежіресінің араб жазуымен қалдырылған қолжазбаларын оқып танысатындарға бұлардың қолданған графикасы мен орфографиясында көңіл аударып, еске тұтатын сәттер осындай.

### Қорытынды

Сөйтіп, Қадырғали Жалайыридың шежіресі тілінің негізі — қыпшақ тобына жататын түркі тілі. Сонымен қатар мұнда оғыз бен ұйғыр (қарлук) элементтері де бар, олар орта ғасырлардағы түркі жазба дәстүрінен келе жатқандар. Ескерткіш тілі *j* — тобына жататын (сөз басында *ж* орнына *й* дыбысы келетін) дәстүрде: бұл — шежіренің жазылу тұсындағы көптеген түркі халықтарына ортақ жазба әдеби тілдің нормасын ұстауға ұмтылғандықтың белгісі.

Әрине, *й*-мен сөйлеу Алтын Орданың әдеби тіліне де тән болатын. Алтын Ордадағы қыпшақ-оғыз әдеби тілі мен тимуридтер дәуіріндегі Орта Азияның әдеби тілінің негізі бір болғандықтан, олар бір-біріне жақын келетіндігін және «бұл жақындық татар мен өзбектің жазба әдеби тілдерінде өткен ғасырдың соңына дейін сақталып келгендігін<sup>1</sup> ескерсек, кейбір зерттеушілер кесіп айтқандай (мысалы, М. Усманов) Қадырғали Алтын Орданың әдеби тілінде жазды, демек, оның шежіресі ескі татар әдеби тілінің ескерткіші деп тану қисынсыз. И. Н. Березин, Ш. Уәлиханов, Әли Рахимдер жалайыр тарихшы өз тұсындағы жазба әдеби тіл — шағатай тілінде жазуға тырысқан дейді. Бұл пікірдің негізі бар. Қазақ даласынан шығып, алғашқыда Сібір билеушісі Сейдақтың, кейін қазақ ханзадасы Оразмұхаммедтің қарашысы (кеңесшісі) болған, ата-бабасынан бері қазақ хандарына қызмет етіп келген Қадырғали би Қосымұлы өз кезінің сауатты кісісі болған. И. Н. Березиннің тануынша «мұсылманша едәуір мол білімі бар» Қадырғали сол білімді Орта Азиядағы мәдени орталықтардың бірінде (Еділ бойында емес) алғаны даусыз, ал Орта Азияда білім-ғылым саласында шағатай тілі қызмет еткені және белгілі. Ал жалайыр тарихшының шағатай тіліне арқа сүйегені жоғарыда айтылды.

Шежіре тілінде бірқатар оғыз элементтері, Н. А. Баскаковтың терминімен айтқанда, тарихи синонимдердің орын алу себебін тек түркі жазба дәстүрінен ғана емес, жалпы түркі тілдері лексикасының құранды болып келетін сипатынан да іздеу керек. *Ілгері, өзге, игі* сияқты оғыз сөздері қыпшақтық *бұрын, басқа, жақсы* деген сөздеріне синоним ретінде қазақ тілінде күні бүгінге дейін қолданылып отыр.

Жоғарғы талдауларда айтылды, біздің шежіреміздің тілінде жарыспалы сөздердің орын алуы көзге түседі. Жарыспалы қатарлар түзетін сөздер тегі (генезисі — қай тілдік екені), көне немесе жаңалығы, әдеби норма немесе сөйлеу тілі элементі болып келеді. Әсіресе, Қадырғали қаламгер екі күштің ортасында қалған: бірі — жазба әдеби тіл нормасының екпіні, екіншісі — қыпшақтық ана тілінің тегеуріні. Мысалы, көне ұйғыр жазба дәстүрінен келе жатқан оғыздық, қарлуқтық *те-, -ай,*

---

<sup>1</sup> На д ж и п Э. Н., Тюркоязычный памятник XVI в. «Гулистан» Сейфа Сарай и его язык. Алма-Ата, 1975, т.1. 31-бет.

қырығ, йауық деген сөздерді қолдана отырып, олардың *де-*, *айт-*, *йақа*, *йақын* деген қыпшақтық эквиваленттерін де қатыстырады. Немесе кірме терминдермен жарыстыра олардың жалпы түркілік, кейде тіпті «жергілікті қазақи» параллельдерін қолданудан қашпайды. Мысалы, *әмір* сөзіне жарыстыра оның тепе-тең синонимі ретінде жалпы түркілік *бек* сөзін де, қазақтық *аға* сөзін де жұмсайды. Сол сияқты *үй*, *башлық*, *туғма*, *уруш* деген қыпшақтық сөздерді Қадырғалидың ана тілі — қазақ тілінің элементтері деп тануға әбден болады (тексте олардың *орда*, *бек*, *қарындаш*, *тоқуш* деген жалпы түркілік, оның ішінде оғыз, қарлұқтық синонимдері де бар).

Қадырғалидың шағатай тілінде жазуға тырыса тұрып, ана тілінің ықпалына бой алдырғанын, әсіресе оның лексикасы мен фразеологиясынан, сондай-ақ сөз көркемдеу (сигнификация) сипатынан тануға болады. Соңғы белгіге біз үлкен мән береміз.

Зерттеуші М. Усманов дұрыс көрсеткендей, шежіре авторы өз халқының, өзге де туысқан халықтардың ауыз әдебиетімен жақсы таныс болған. Ал ноғайлы-қазақ ауыз әдебиеті ол заманда өте бай, күшті дамыған болатын (бұл байлықты, әсіресе батырлар жыры сияқты көлемді дүниелерді ауыздан ауызға, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде қазақ халқындай ешбір жұрт жоқ болар). Сондықтан Қадырғали шежіресі тілінің ауыз әдебиеті тілімен ұштастығы заңды. Бұл ұштастық тек көркемдік-бейнелеуіш құралдар саласында емес, лексикасы мен грамматикасында да байқалады. Мысалы, ноғайлы-қазақтық «Едіге» жырының Шоқан Уәлихановта сақталып, 1905 жылы П. М. Мелиоранский жариялаған нұсқасымен Жалайыридың туындысын салыстырғанымызда, шежіреде кездесетін, бұл күнде қазақ тілінде қолданылмайтын бірқатар сөздер мен грамматикалық тұлғалар «Едіге» жырынан табылды. Олар: *сөзле-* (қазір сөйле-), *олтур-* (отыр-), *нешік* (қалайша, неліктен), *аның үшін* (сондықтан), *ұғұрлаған* (ұрлаған), *бірлән* (мен, менен), *сұрды* (сұрады), *оғыл* (ұл), *төгерек* (төңірек), *өпке* (өкпе), *көлмек* (көйлек), *үш жасына кіргенде* (үш жасқа келгенде), т.т. Сондай-ақ шежіредегі сияқты, жырда да шығыс септігі кейде *-дын/-дін* тұлғасында келеді: *басымдын*, *алдындын*, *соңындын* (олардың біразы *-дан/-ден* түрінде жазылған). Мысалы: *Артындан* келіп сынасам, қаһардан пайда болғандай...

[Едіге] үч йасына кіргенде, қолындан тұғыб молдаға берді, сегіз йасқаче оқуды... Еңкейіп, үйге кіргендін, қол қусырып тұрғандын... Чалғынды көл төгерек, сенің маған чалулы сөзің не керек. Қоғалы көл төгерек, маған қорлық та сөзің не керек... [Қыз] дарийа йағасында шачын тарап олтурған еді...

«Едіге» жырында кездесетін *жеткеч* (жеткен соң), *кіргендін* (кірген соң), *сегіз йасқаче* (сегіз жасқа дейін), *деділер* сияқты тұлғалар қазіргі қазақ тілінде жоқ, Қадырғали шежіресінде бар. Сонымен қатар «Едіге» жырының хатқа түскен нұсқасының өзінде бұрынғы тұлға мен оның қазақ тіліндегі (Шоқан кезіндегі) нұсқасы көбіне кезектесіп келіп отырған. Мұнда: *аны/оны, оғул/ұл, жер/йер, олтурды/отырды* параллельдері бар. Әрине, бұл параллельдер Шоқан қолына түскен текстте болған. Оның біразы (мысалы, сөз басында ж орнына й жазу сияқты) кітаби тілмен сауаттанған көшірушінің қолтаңбасы болуы да мүмкін.

«Едіге» — қазақ тіліндегі жыр. Мұндағы жоғарыда келтірген сөздер мен тұлғалар XV—XVI ғасырлардағы қазақ тіліне, әсіресе оның көркем сөзіне жат болмаған деп ойлаймыз. Өйткені «Едіге» эпосын Ш. Уәлиханов XIV—XV ғасырлар пайда болған дейді. Жырды кейінгі ғасырларға жеткізушілер ондағы «көненің көздерін» көркемдіктің, поэтикалық дәстүрдің белгілері деп санап, төрт ғасыр бойы көп өзгертпей сақтап келгенін бұл жырды XIX ғасырдың орта тұсында қазақ жыршысының аузынан Шоқан Уәлиханов жазып алған нұсқасы дәлелдейді.

Қадырғали тілінде кездесетін, бірақ бұл күнде қазақ тілінде актив қолданылмайтын бірқатар сөздер қазақтың өзге жырлары мен мақал-мәтелдерінен табылады. Мысалы, мұздың қатуы жайында қазір *тоңу* етістігі айтылмайды. Шежіреде «Еділ тоңса, кім кечмес, Едіге өлсе, кім бармас» деген мақал келтірілген. Мұздың қатуына қатысты осындағы сияқты тоңу сөзін «Ер Тарғын» жырынан кездестіреміз: Қабағынан қар жауып, кірпігінен мұз тоңып. Сол сияқты *нечүк, соңратын, сақын, йазы* (жазы), *жүмле* сөздерін қазақ поэзиясы XIX ғасырға дейін қолданып келгенін XV—XIX ғасырлардағы ақын-жыраулар мұралары көрсетеді (бұл жөнінде толығырақ мәлімет пен мысалдарды мына кітаптан қараңыз: Р. Сыздықова. XVIII—XIX ғ. қазақ әдеби тілінің тарихы, 1984). Демек, Қадырғали шежіресіндегі бүгінде қазақ тілінде

жоқ сөздер мен грамматикалық тұлғалардың баршасы шағатайлық немесе ескі татар тіліндік элементтер емес, олар бұдан 3—4 ғасыр бұрын қазақ тіліне де, әсіресе оның халықтық эстетикасы — көркем сөзіне тән болғанын айту керек. Бұған және бір дәлел — осындай сырт қарағанда тек қана қазақ үшін бөгде тілдік, кітабы болып көрінетін жеке сөздер мен тұлғаларды қазақтың жазба тілі ХХ ғасырдың басына дейін пайдаланып келгені. Әсіресе, өткен ғасырдың соңғы ширегінен бастап өмірге келген «Хисса» деп аталған жазба поэзия жанры мен қазақтың алғашқы баспасөзі ертеден келу жатқан жазба тіл нормаларын еркінрек қолдануға бейім тұрғанын, сөйтіп, тілдегі дәстүр жалғастығы орын алғанын бізден өзге де зерттеушілер жақсы көрсетіп берді<sup>1</sup>.

Осы фактілердің барлығы бізге түркі халықтарының жазба әдеби тілдерінің жергілікті түрлері туралы өз пікірімізді айтуға мәжбүр етеді. Ол пікір ескі өзбек, ескі татар жазба әдеби тілдеріне негіз болған шағатай тілі ескі қазақ жазба әдеби тіліне де арқау болды деген тұжырым, яғни «ислам дәуіріндегі ортаазиялық біртұтас түркі әдеби тілінің (шағатай тілінің)» тағы бір жергілікті түрі қазақ қоғамында, қазақ даласында, қазақтың рухани-мәдени дүниесінде өмір сүрді деген бұрыннан да тиіп-қашты айтылып келген пікірді қостаймыз. Бұл пікірді қуаттататын фактілер бар. Ең алдымен, қазақ қоғамында да, әсіресе XVI—XVII ғасырларда жазба дүниелерді қажет ету фактісі болғаны даусыз. «Келесі ұрпақтарға өсиет» ретінде ата-бабаларының шежіресін тарату, «жеті атасын білгізу» дәстүрі болған, әсіресе ру басы болған «текті» аталар мен билеуші хан-сұлтандардың арғы-бергі ата тегі туралы шежіре жазып қалдыру фактісін Қадырғали туындысының өзі дәлелдейді. Жалғыз шежіре саласында ғана емес, жазу дәстүрі хат-хабар алысуда да срын алған. XVI ғасырдың II жартысынан бастап қазақ хандары өзге жерлердің билеушілерімен және өзара қатынас қағаздар арқылы байланысқандары мәлім<sup>2</sup>. Дипломатиялық және шаруашылық, саясат сияқты өзге де жайларға қатысты жазба қарым-қатынас қазақ-

<sup>1</sup> Әбілқасымов, Б., Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы, 1971; Сонікі, XIX ғ. II жартысындағы қазақ әдеби тілі. Алматы, 1982.

<sup>2</sup> Казахстан в XV—XVIII вв.— Алма-Ата, 1969, 100-бет.



тың Орта және Кіші жүздегі хандары мен Россия империясының Сыртқы істер коллегиясы арасында күшті жүре бастағанын білеміз<sup>1</sup>. Өзгені былай қойғанда, Оразмұхаммед пен оның немере ағасы, қазақ ханы Тәуекелдің өзара жазысқан хаттары қазақтардың өз араларында да жазу дәстүрінің болғанын мықтап дәлелдейді. 1595 жылы өзі Мәскеуде, орыс патшасы сарайында отырған Оразмұхаммед сол кезде қазақ даласын билеп тұрған Тәуекел ханға Мәскеу мемлекетімен достық қарым-қатынас жасау керек деп хат жазады. Әрине, ол хат орыс не өзге тілде емес, өздерінің ана тілі — қазақ тілінде жазылғаны даусыз. Сөз жоқ, заманының мұсылманша сауатты зиялылары сол кезеңнің тәртібін сақтап, жалпыға ортақ түркі жазба дәстүрінің нормаларын ұстауы заңды. Өкінішке орай, бұл хаттардың түпнұсқасы сақталмай, орысша аудармасы сақталған («Казахско-русские отношения в XVI—XVIII вв.» деген кітаптың 11-бетін қараңыз). Мәскеуде отырған інісіне Тәуекел хан да хат жазып, сұраған материалдарын, яғни халық жырларының қолжазбалары мен шежірелерді жіберіп тұрғанын акад. Әлкей Марғұланның «Күміс сандық құпиясы» деген мақаласынан білеміз.

Демек, XVI ғасырдың соңғы кезінде қазақ тілінде жазба дүниелердің сөзсіз болғанын айту керек. Ал жазба дүниелер әдеби тілді қажет етеді. Сондықтан XVI—XVII ғасырлардан бастап қазақ мәдени талабына қызмет еткен жазба тіл өмір сүрген болса, ол ескі қазақ жазба тілі деп танылуға тиіс. Бұл тілді танытатын үлкен ескерткіштің бірі — Қадырғали би Қосымұлының жартылай төлтума, жартылай еркін аударма болып келетін туындысы. Әрі қарай бұл жазба тілді қазақ қауымы үздіксіз пайдаланып келгенін XVIII—XIX ғасыр материалдары дәлелдейді.

Қазақтың ескі жазба әдеби тілі өзінің грамматикалық, орфографиялық, ішінара лексикалық құрылысында Ортаазиялық жазба әдеби тілге, яғни шағатай тіліне негізделді. Бұл жағынан ескі қазақ жазба әдеби тілі мен ескі татар жазба әдеби тілі бір-біріне өте жақын келеді (өйткені екеуінің де арқауы бір ғой). XVI—XVIII ғасырлардағы татар әдеби тілінде, зерттеушілердің пікіріне қарағанда, тек қана өзіне тән нормалары әлі тұрақтал-

<sup>1</sup> Казахско-русские отношения в XVI—XVIII вв. Алма-Ата, 1961.

маған, көне және ескі түркі жазба дәстүрлері ізін суытпаған, демек, оғыз-қарлұқ элементтері мен араб-парсы сөздері кеңінен орын алған болатын<sup>1</sup>. Дәл осы белгіні ескі қазақ жазба нұсқалары тілінен, солардың бірі Қадырғали шежіресінің тілінен табамыз. Орфографиясы мен морфологиялық тұлғалардың көрінісіне қарағанда, біздің шежіреміздің тілі «таза шағатайлық». Тіпті бұл салалардағы бірқатар қыпшақтық элементтердің өзі шағатай тілінен табылатындар болып келеді. Сондықтан «таза қыпшақтық» (яғни татарлық немесе қазақтық) белгілерді өзге тұстан іздеу керек болады. Ол тұстар — ескерткіш тілінің сөздік негізі мен көркемдеу жүйесі болмақ. Шығарманың көркемдеу жүйесі, яғни поэтикалық құрылымы оның лексика-фразеологиялық және стильдік ерекшеліктеріне қарай танылады. Әр тілдің ұлттық дәстүрлі эволюциясы да осы салалардан көрінеді. Сондықтан бұл ерекшеліктер ескі жазба әдеби тілдердің ұлттық статусын белгілеуде негізгі лингвофилологиялық айырым (критерий) болмақ деп санаймыз.

Біздің жоғарыдағы талдауларымыз Қадырғали шежіресі тілінің лексика-фразеологиялық, әсіресе көркемдік-бейнелеу құралдарының сипатына қарай оны шағатай нормаларына негізделген ескі қазақ жазба әдеби тілінің үлгісі деп тануға мүмкіндік береді. Бұл пікірді осы ескерткіш тілімен қазақтың аңыз әдебиеті үлгілерінің, әсіресе ауызша тараған ақын-жыраулар поэзиясы деп танылатын авторлы көркем әдебиет тілінің арасындағы ұқсастық, жалғастылық дәлелдей түседі, өйткені қай заманда да халықтың жазба әдебиеті ауызекі сөйлеу тілі мен ауызша тараған әдебиет түрлеріне және, керісінше, ауызша өмір сүрген сөз дәстүрінің жазба дүниелердің тіліне әсер етіп, ауыс-түйіс жасап отыруы — табиғи құбылыс. Қазақтың ұлттық ауызша және жазбаша тіл тірлігінде бұл іліктестік пен жалғастылық орын алып келгенін біз сөз етіп отырған жазба ескерткіштің тілі көрсетеді.

Сөйтіп, жалайыр руынан шыққан Темшік баһадурдың немересі, Қосым бидің баласы Қадырғали бидің шежіресі XVI ғасырдың ең соңы болып танылатын кезең-

---

<sup>1</sup> Х а к о в В., Развитие литературного языка в период образования татарской народности. // Вопросы советской тюркологии. Ашхабад, 1985. 50-бет.

дегі қазақтың ескі жазба әдеби тілінің прозадағы, оның ішінде тарихи-шежіре жанрындағы тұңғыш үлгісі деп табамыз.

## ТРАНСКРИПЦИЯ БЫЛАЙША БЕРІЛДІ:

Шежіре араб жазуымен қалдырылғаны мәлім. Біз бұл кітапта өзімізге жеткен екі қолжазбаның біреуі — 1854 жылы И. Н. Березин жариялаған нұсқасының тексін қазіргі түркі халықтары жазуына салып транскрипциялап беріп отырмыз. Бұл текст кейіннен табылған екінші қолжазба тексімен салыстырылып, екеуінің арасындағы айырмашылықтар жол соңында сілтемеде көрсетіліп отырды: транскрипцияланған тексте жоқ, екінші нұсқада бар сөздерге (бөліктерге) + белгісі қойылды, ал екінші қолжазбада жоқ сөздерге — (алу) белгісі қойылды.

Транскрипция үшін елімізде түркологтер пайдаланып жүрген таңбалар негізге алынды, аз-кем өзгешелік те бар. Мысалы, А. К. Боровковтың «Лексика среднеазиатского тифсира XII—XIII вв». (М., 1963) және Э. Фазыловтың «Староузбекский язык. Хорезмийские памятники XIV в». (Ташкент., 1966. т. I. 1971, т. 2) деген кітаптарында қолданылған *w* немесе *v* таңбасының орнына *y* (қазіргі қарақалпақ жазуындағыдай) таңбасын алдық (қазақша *жауын*, *тау* деген сияқты сөздерде келетін жарты дауысты немесе үнді, сонор деп аталатын *y* дыбысының таңбасы).

Араб тіліне тән дыбыстардың таңбаларын сол дыбыстарға ұқсас түркі дыбыстарынан айырып көрсету үшін әріптердің астына нүкте, кішкене сызықша сияқты белгілер қойылды. Олар: *ح* *х*, *ذ* *з*, *س* *с*, *ث* *з*, *ط* *т*, *ظ* *з*. Араб сөздеріндегі *а*, *и*, *у* толық дауыстыларын (таңбаларын) білдіру үшін олардың үстіне кішкене сызықша қойылды: *قاتل* қатил (кісі өлтіруші), *مجموع* мажмұ<sup>6</sup> (түгел, тұтас *تقریر* тақрир қыл — (ауызша баяндау)). Араб сөздерін таңбалауда кездесетін белгісі<sup>6</sup> арабтың *ع* дыбысын білдіреді.

Түркі және парсы сөздеріндегі жіңішке езулік дыбыс көбінесе *ә* әрпімен берілді: *кечә*, *нәбирә*, *нәсл*, ал сөз

басында және бірінші буында *e* әрпімен таңбаланды: *ел, екі, ет-, кел-, кеч-, йер, йет-*.

Арабтың *ع* әрпі ж таңбасымен берілді, ал ол араб, парсы сөздерінде *дж* дыбысын білдіреді.

Сөз соңында *ب* әрпі тұрса, *б* таңбасымен, *پ* әрпі тұрса, *п* таңбасымен транскрипцияланды: көб (*كوب*), көп (*كوپ*), болуб (*بولوب*).

1, 2-жақтық жіктеу есімдіктері қолжазбада әріпсіз және характерсіз жазылғандықтан, *e* әрпімен берілді: *мен, сен*, ал жіктік жалғаулары *ы, і* әріптерімен таңбаланды: *барасың, кімсің*.

Тексті транскрипциялағанда ескерткіш тілінің өзегі қыпшақ тілдері болғанын ескеріп, сингармонизм заңдылығын сақтадық.

Сөйтіп, Қадырғали Жалайыридің «Жами<sup>а</sup>т-тауаури-хының» тексін транскрипциялау үшін мына таңбалар (әріптер) алынды:

آ	— а	ژ	— ж
ا	— а, а, ә, ы, і	س	— с
ب	— б, п	ش	— ш
پ	— п	ص	— с
ت	— т	ض	— з
ث	— с	ط	— т
ج	— ж, ч	ظ	— з
چ	— ч	غ	— г
خ	— х	ف	— ф
ح	— х	ق	— қ
د	— д	ك	— к, г
ذ	— з	ز	— з
ر	— р	م	— м

ن	— н	ي	— и, и, й, ы, і, е
و	— о, ө, у, ұ, ү, у	ت	— т
ه	— һ	ك	— ң
ع	— е	ل	— л

Талдау үстінде және ескерткіш тексінде мынадай шартты белгілер қолданылды:

- / — қосымшалар мен жеке сөздердің немесе фразеологизмдердің варианттарының арасын белгілейді;
- ~ — дыбыстардың алмасуын көрсетеді;
- >< — сөздің немесе оның морфемдік құрамының негізі неге барып тірелетінін немесе неден шыққанын танытады;
- [ ] — текст ішінде қалып қойған сөздерді, дыбыстарды немесе текст үзінділерін белгілейді;
- ( ) — түсіндіру үшін алынған сөз, текст, т.б. алынады;
- “” — сөздің мағынасын білдіреді.



ҮШІНШІ ТАРАУ

**АРАБ ГРАФИКАСЫНАН  
ТРАНСКРИПЦИЯЛАНҒАН  
«ЖАМИ АТ-ТАУАРИХТЫН»  
ТЕКСІ**





3\*

...\*\*ешитгүчи ге хуш келиб, оокуғучы ғабақл ға файда сы болғай һәм жаддын билмек лик һәр пәндәсиге уажиб болғай. Иншā алла таʼала һәр қайсы сы ны бирер фасл байан қылғумыз турур. Ұа алла таʼала һу ал- мастаʼан Ұа һубалаи ибтимад Ұа туклāн Ұасл ʼалла али сайид мухаммад Ұа ли инмаʼин.

### Фасл ал аууал

Жүмләт ул-крїстиан падшаһ хазратлары Бәрис Фе- дурауҗ улуғ бек ақ хан дур. Таʼриф ием даулаты дур, мадх исми ишарат байаны раби ла йазāl аз мулкун Ұа āлнас таʼриф. Айналасы алты хан, төгүрәги төрт хан, дүнийаның төрт бурчын билеген хан. Халāйикын ʼадл лик билән сурған хан. Йетим лер ге рахīm қылыб, чығай лар ны тойдурған хан. Қыш Ұа йаз, ай Ұа йыл хазина да бар малын хақ йолында ихсāн қылған хан. Йеті иклім кашур ны алған хан, тахт Қазан, тахт Ҳажы тар хан, тахт Тұра, тахт Сарайчық мусаллам хан. Тағда туман,

\* Цифрлармен 1854 жылы И. Н. Березин ескерткіш тексі басы- лымының беттерін белгілеген.

\*\* Қолжазбаның басы жоғалған.



кырда черкес, ойда ештек — барча тасрафында хан. Мажар, бачкыр, рум уйлайаты [білән] барыш-келіш қылған хан. Йахшы атың жабылса білән жабулқа ға дегәч чыққан хан. Немч көрәл уйлайаты һәм анларны забин қылған хан. Қырым білә түркі һәм уаһидын йапрақ дек тітіреткен хан. Сансыз хан оғлы султан лар ны ешігинде.

4. табуғ еттүрген хан. Ойан хан, бойан хан ортасында жүмләт ул кристиан падшаһы Барис Федурауч хан, тахтың сенің тағға охшар, халқың сенің сайа даулатге охшар, затың сенің мисал ай ға охшар, адлиң сенің булыт қа охшар, фильң сенің шафаат қа охшар, хаирың сенің теңіз ге охшар. Йыл ашасун, йуз йашасун аты йахшы Барис хан. Кулуқ дын мурад ол турур, кім машрикдын мағрибге дегәч барча мамлакат лар ны алыб насрат қылычын чапыб, душман ларына зафр тапыб, сансыз хан оғлы султан ларны есир етіб, өзіне кул қылдурды. Мажар, рум уйлайаты дын мурад ол турур, кім андын һәм мундын һәм барыш-келіш еті шіп, достуна дост болуб, душманына душман болуб, достлық етішді. Немч көрәл дін мурад ол турур, кім анларның нечә һазәр қалба сын алыб, тасриф қылыб алды һәм анлар буларға отру-тур[ы] шур ға мажалы болмады. Зәһрәсі йок ерді, аның үчүн забин атанды. Қырым білә түркінің һәр бір суы йайлағын, қонуш [н] алыб, қалбалар салдурды. Жүмлә душманына басрук етіб ол сабаб Қырым білә түркі йапрақ дек тірірер ерді. Ниһайат сыз ханлар, султан лар езіне куллуқ қылдурғандын мурад ол турур, кім төрт йақта төрт ханның йуртын алыб, өзіне масаххар қылдурды. Ғайат сызбәскәр

5. сипаһ өзне табуқ қылдурды. Нечә анча һазәр Тағ дын мурад ол турур, кім сенің тахтыңны тағға мисал қылды лар, йаһни тағны хақ табарак уа таала йерге басрук қылыб, тақы сенің даулатлы тактың мамлакатқа басрук болғай. Халқ дын мурад ол турур, кім сайа даулат мисал сенің халқың даулат ге охшар, аның үчүн барча халқ сенің даулатың турур. Падшаһның падшаһ-

лығы халк бірлә турур. Халк ның даулаты падшаһ бірлә турур. 6адлиң сенің булутға охшар, булыт дың мурад ол турур, кім барча алам ічинде инс уа жинн, уа барри уа хуш туйур ға дегәч бары мужуд болуб набат киелер, уа хадд лә шарик лә теб мұжуд болған лар ағач, от, чөп хашак, гүл, сәчәк лер ге ашлық зарабат чі лік ке файда сы барча хал да тигәр. Йағмур айындан хақ ның фарма ны билән йағар, ол сабаб дын барча халк ға 6адлиң тигер йағмур мисал лік. Затың мисал ай ға охшар, ай дын мурад [ол турур кім] барча 6алам ічинде жануар ға йа руғлығы тигер. Сенің барча 6алам ічинде ихсаның тигер, соһурғал қылыб, йарлықауың теңіз ге охшар. Теңіз [дін] мурад ол турур... дарйа турур. Дарйа суын һич кім ерсә ічиб түгәне алмас. Сенің 6инайат соһурғал ларың та абад алабадге че хазина да малың һич кім ерсәге бериб түгән мес һәм ексәмес. Дар та 6риф даула [т] Еділ, Жайык иесі хан, ойда орус, қырда татар — барча улусны бақ турған хан.

Әділдігің сенің бұлтқа ұқсайды! Бұлттың мұраты барша ғаламдағы адам мен жын, пері мен диюға дейін — бәрі де бар болмыс хикаясымен саған бағынышты, алла бір, сыңары жоқ — өсімдіктер, ағаш, от-шөп, кәшек, гүл-шешектер, астық, егіншілікке бәріне бірдей пайдалы болу. Жаңбыр хақтың пәрменімен жауар, барша халыққа тиге әділдігің жаңбырға тең!

Затың сенің айға ұқсайды! Ал айдың мұраты барша ғаламдағы жандыға нұрын төгу. Сенің де барлық елге рақымың тиер. Сүюрғал<sup>12</sup> үлестіріп жарылқауың теңізге ұқсайды. Теңіздің мұраты... дәрия түгенбесе түгенбеу. Дария суын ешкім де ішіп тауыса алмас. Сол сияқты сенің де қазынаңдағы дәулетің қаншама сыйға, жәрдемге үлестіргеніңмен мәңгі ортаймас.

### (Патшалығын сипаттау)

Еділ-Жайық иесі хан. Ойда орыс, қырда татар — баршасының ұлыстарын қорғаушы хан. Тарихтың мың да төртінде пайда болды.<sup>13</sup> Орыс мемлекетінде ұлы хан. Дәулет-ана жар болып Москва шаһарында алтыннан таққа отырған, халайығын жиып, сап-сап әскерін жиып, дұшпанына қарсы тұрған хан! Оңы мен солында сұлтандар, бектер және мырзалар әрқайсысы аш арыстандай батырлық жолына түсіп, дұшпанына үрей салып, черкес пен татарға жеңіс қылышын шауып, неміс королы аяқ асты болды. Шам<sup>14</sup> мен Иракқа жеңіспен жетпек.

Тарихтың мыңда бесінші жылы<sup>15</sup> айтулы жорық жасап, інжу-маржанға кенелді, (олардың) бірде-бір данасы Рум мен Қытайда жоқ. Оның бағасы күннен-күнге арта түссін, дәулеті бұзылмасын, мемлекеті әділ келіп, залымдық (бас) көтерсе күші кетіп, күндіз бұлт арасынан күн көзі көрінгендей, біздің патшамыз Борис ханның дәулеті ашылсын. Жедел Рум, қытайды алуы, жеті ықылам кәшүрні билеуі жақындай түссін, мәңгі ыдыстан шарап ішіп, жалған дүниеде дәулет пен бақытқа жолығып, барша тілегі, алла жар болып, іске асын!

### Қызметіндегі әмірлерін сипаттау

Қызметінде жүрген сансыз сұлтандар, уәзір бектер және мырзалар ұлы дәрежене күнде табынуға келер. Сансыз түмен халқың бар. (Оған) әділ болу саған лайық. Мемлекетіндегі әр іс саған муафиқ, дәулет береке саған уамиқ. Барша ұлыстарыңның ортасында Мәскеу атты шаһарыңды, дұшпандарың көп көрер (көре алмайды). Толық аттан дегенде қала мен қамалда жүз мың даяр қолың бар. Әрбір қақпаңа әр күні қояр жүзден сақшың бар. Тәңірі әзелден саған бақ берді, Сүлейменнің тағы<sup>16</sup> саған бұйырды. Әділдік келді, залымдық өшті. Кім сені көре алмас? Саналы жан саған құлдық ұрып, қызмет жасаса мәртебесі артар! Кім білім жинап, көңілінде тұтса дәулеті артар. Игілік оған жар болса, бейнетті кім тартар!

Қарашадан қызметте жүрген мыңдаған бектерің бар, аттанып шықсаң жер қайысар! Ала тулы ақ ордаң бар! Көктегі бұлт кепті көп әскерің бар! Ай кепті, күн кепті халқыңа тиер жарығың бар! Барша орыс, татар, неміс

және поляктың Борис атты ханы бар! Дүшпаныңда не дегбір қалды!

Батыс пен Шығыстан елшілер келді. Баршасы келін қарасты. Бірақ солтүстік пен оңтүстікте мұндай айбатты әскерді көрмеген еді. Жаһан ішін, дүниенің түкпірін кездім мен, көп кітаптарды оқып һәм білдім мен. Әділдік пен қанағатшылдықты да көрдім мен, бірақ мұндай қайырымды жомарт патшаны еш көрмедім! Күнде сенің қайырымың кемімес! Қазынаңда еш малың түгенбес! Төрт тарапқа таратсаң да кемімес! Кім сенің шарапатыңа жолықса, өлсе де өкінбес! Бористі сипаттау (осымен) аяқталды.

### Урус хан дастаны

(А). Кейінгі замандарда әркімдер айтқандай Шыңғысхан ұлдарына әскер бөліп берді. Әрқайсысына төрт мың қолдан тиді. Әуелі Жошыға төрт мың әскер беріледі. Ол Еділ бойында өтті. Содан соң Жошының бар әскері (оның) екінші ұлы Батуға қалды. Батуды Сайынхан деп атайтын. Сайын хан барлық батыс елдерін, Ібір-Сібірді, болғар және башқұртты, орыс және черкесті неміс королін,<sup>17</sup> Қырым, Дешти Қыпшақты да, Темир-капкаға<sup>18</sup> дейін биледі. Өзі Еділ бойында қаза болды. Көп жайлардан соң ұлыс Тоқтаға ханға қалды. Тоқтаға ол заманда Ноғаймен араз еді. Біраз уақыт Ноғайменен соғысты. Ақыры ноғайды сындырды. Ерген он жеті адамымен Ноғай башқұрт қашып барды. Өзі жаралы еді. Жолда оны Урус ұстап алды. Урусқа ол «мен Ноғаймын» деді. Урус оны Тоқтағаға алып келе жатқанда жолда кенеттен қайтыс болды.

Тоқтаға Еділ бойында бірнеше жыл патшалық етті. Содан соң Тоқтаға өмірден қайтты. Одан ұрпақ қалмады. Башқұрт Тоқбуға бек ұлы басқарушы бек болды. Одан Хоразми бек болды. Муса мен Ямғурчи бір анадан туған еді. Одан соң Ямғурчинің ұлы Ағиш бек болды. Ұлысты сол биледі. Содан соң Хасан бек болды, бірақ ұлысты Алшағыр мырза биледі. Хасан бектен соң Мұса бектің ұлы Шидак бек болды. Содан соң Шейх Мамай мырза ұлысты биледі, бірақ өзі бек болмады. Содан соң Юсуф бек болды. (Ол) Мұса бектің ұлы еді. Содан соң Мұса бектің ұлы Исмағұл бек болды. Содан бектік Исмағұл ұрпағынан бұ заманға дейін кеткен жоқ. Өзгелердің бәрі мәртәбадан түсті.

(В) ...Ұлысты енді сол (Токбұға — ауд.) биледі. Қият Истай мен чичут Алатай Иран жеріне барып Тағрылча ұлы Өзбекті алып келіп, хандыққа отырғызды. Башқұрт Токбұғаны өлтірді. Өзбек хан неше жылдар Еділ бойында патшалық құрды. Оның ұлы Жәнібек хан болды. Өзбек ханның орнына отырды. Ол да бірнеше жыл патшалық құрды. Екеуі елу жыл патшалық кешті. Жәнібек хан өлген соң қарауындағылары әрқайсысы әр тарапқа тарқайды. Жәнібек ханның уалаятын Фетка Науақрат келіп бұзды. Осы арада Орус хан Алатауға әскерімен кетті. Ол заманда Жәнібек ханнан соң қият Истайұлы Чирақтлу ұлысты түгел биледі. Чирақтлуны Орус хан өлтірді. Орус ханды бәрінің ағалары патшалыққа отырғызды. Содан Орус Алатау маңына орын тепті. Ол өте биік көрінетін тау... Ол таудың қисапсыз (көп) сулары да бар. Талашқыры шаһары сонда. Отрар, Сайрам шаһарлары Хиваға жақын. Чу, Талаш, Ыстық көл, Текелік, Алмалық және Қаратал сол елдерде. Иетикентте сонда. (Адамдары) өте биік, қуатты және сәнді, батыр келеді. Бұл мәлім және белгілі (жай). Орус хан неше жылдар осы жерде патшалық құрды. Ақырында солтүстік жағында Киштим деген жерде ажал тапты. Оның ұлы Құйырчық еді. Атасынан соң ұлысын сол биледі. Ол заманда Қашғар уалаятымен қақтығыс бар еді. Бұл Құйырчық сұлтанды атасынан соң патшалыққа отырғызды. Құйырчық хан өтіп еді. Оның ұлы Барақ аталық болатын. Атасынан соң падишаһ болды. Ұлысты түгел өзіне қаратты. Құйырчық ханнан соң соны хан көтерісті. Барақ ханды жеңімпаз батыр, алып еді деседі. Айналасындағы уалаяттарды өзіне тәуелді қылды. Ақырында Еділ мен Жайықтың арасы, Сарайчыққа жақын Қазы, Наурызбен ұрыста ажал тапты. Оның ұлын Кіші Жәнібек хан деп айтады. Бұл Жәнібек хан атасының ұлысын биледі. Оның ұлдары көп еді. Аңызға айналған... зағлы қырық інісі бар. Есімдері белгілі ұлдары мен немерелері осы еңбекте айтылады. Аты әйгілі болған ұлдары мыналар: Қасым хан, Қанбар сұлтан. Бұл екеуі бір анадан. Өсак хан, Иадик хан. Бұл екеуі бір анадан. Бауыш, Бұйдаш. Бұл екеуі бір анадан. Қожаш хан. Бұл анасынан жалғыз еді.



## Тоқтамыш хан дастаны

(В) Бұл Тоқтамыш хан Еділ бойында өтті. Тайқожа ұлашның ұлы еді. Оның хикаялары әр түрлі (сипатта) мәлім және белгілі. Құтлу Қия ұлы Едіге Кучук оның кеңесшісі (серігі) еді. Бір уақытта оның көңілі қалып, Едіге Кучукке қаһарын төгіп, өлтірейін деді. Одан құтылып, неше жылдар өткеннен соң Темір бектің әскерін бастап келіп Тоқтамыш ханды қашырды. Темір бек күшінен (сипатынан) Тоқтамыш хан солтүстік тарапқа қашты, аштықта, сусыздықта болып жүрді.

(А) Содан соң қарауылға Ятым батырды, одан кейін Тобал батырды, одан кейін арғын Қарақожаны қойды. Өздері бірнеше нөкерлерімен (дем алуға) жатып еді. Едіге-Кучук ұлы Нураддин әскер қолбасшысы еді. Ол қарауылды, әуелі Ятым батырды, содан соң бәрін қапысын тауып өлтірді. Хан нөкерлерімен бейқам еді, олардағы опат болды...

Тоқтамыш ханның мәлім, белгілі ұлдары мыналар, аттарын таратып айтсақ — Жалаладдин сұлтан, екіншісі Кучук сұлтан, үшіншісі Жафарберді сұлтан, төртіншісі Қалымберді сұлтан, бесіншісі Қадырберді хан, қызы Жанике атты еді. Оны Едіге би алды. Едіге — Кучук Жаникені алғанда Қадырберді хан үш жасар еді. Жанике (оны) Едіге бектен өтініп алып қалып, бір кеште біреумен жасырын қашырып Қырымға жіберді. Кейіннен он бір жасында Қадырберді хан Қырым әскерімен келіп, Еділ дариясынан көшіп өтіп Едіге бекпен соғысты. Сол ұрыста Едіге бекті өлтірді. Қырым әскерінің әскербасы ұлықтары: «Бұ жылы жазғысын осында қалайық, атымыз семірсін, ұрысқа күш-қуат жинайық, Еділ тоңа қысында қайтармыз» — десті. Ол сөзді (Қадырберді хан) жаратпады. Түркі өлеңі:

«Еділ тонса кім кешпес,  
Едіге өлсе кім бармас!  
Еділ тоңбай тұрып,  
Едіге өлмей тұрып» — деді.

Осындай серт берісіп қатты ұрысқа кірісті. Едіге бек жаралы болды. Қадырберді хан да жарақаттанды. Екі жақ әскері бірін-бірі қырып салды. Ичкили ұлы Хасан

Едіге бидің мініс атын (نخته اتين) ұстап тұрар еді.

(Сол) Қадырберді ханға «Едіге мұнда жатыр», — деп

хабар береді. Келіп оны өлтірді. Қадырберді хан да сол жарақаттан артынша бірнеше күн өткен соң қайтыс болды.

### **Темирбек (В — Темирик) ұлан ұлы Темир Қутлу хан дастаны**

Бұл іс Еділ бойындағы мемлекет Хажы Тарханда болған. Оның хикаялары өз дастанында әр жерде кездеседі. (Темир — Қутлу) Едіге бекпен бірі хан, бірі бек еді. Заманында көбейіп, ұрпақ өсіріп (өмір) кешті. Темир Қутлу ханның ұлы Темир-хан. Оның ұлы Болат-хан. Оның ұлы Кичик-Мухаммед-хан. Оның ұлы Ахмед-хан. Сол Ахмед ханның үш әйелінен тоғыз ұлы болды. Мұның ішінде сұлтан Хасан мырзаның қарындасы Бикей бикемнен туған ұлдарының аттары бұлар: Муртаза хан. Едіге сұлтан, Хусаин хан, Дәулет сұлтан және тағы бұл бикемнің ұлдары: Шайх-Ахмад-хан, Қожан сұлтан, Жанай сұлтан және тағы Уйшун бикем ұлдары: Сайд-Махмуд-хан, Сайид-Ахмад-хан, Баһадур сұлтан.<sup>19</sup>

Улуғ-Мухаммед ханның ұлы Махмутек-хан Қазан уәлаятына келген еді. Оның ұлы Ибрагим-хан, оның ұлы Мухаммед-Амин-хан, Ғабдул-Латиф-хан, Гауһар-Шадханым. Ал Кичик-Мухаммед-ханның ұлдары болар: Махмуд-хан, Ахмед-хан, Иақуб сұлтан, Бахтияр сұлтан. Тимур-Қутлу ханның ұрпағы тәмам болды.

### **Қажы Керей хан дастаны**

Оның әкесі Далук-Кияс-ұлан, оның әкесі Дәулет-Қожа-ұлан, оның әкесі Таштемир-ұлан, оның әкесі Темир-қожа-ұлан, оның әкесі Құлу Қожа ұлан, оның әкесі Қара-Куяс-Көбежек-ұлан.

Қажы Керей ханның ағасы Жанкерей сұлтанды қонырат бектері (В-билері) өлтірген соң, әлі жас Қажы Керей сұлтан қашып Чақырған байға жалданып жүргенде, бектер (В-билер) өз араларында бірімен-бірі жараса алмай Қажы Керей сұлтанды іздеп тауып хандыққа қойды. Хиджра бойынша 956-жылдың джумада ал-ахир айында<sup>20</sup> сұлтан елінде Сұлтанғали ұлы Құл Чора башлық, оймас елінен Балташ бай бір он кісімен,

шанақ (شاناق) елінен Өтек бай бір он кісімен, иачи  
ایاچی елінен Қошай ұста бір он кісімен, Сырда  
елінен Қалиғали бай бір он кісімен, чыжық елінен Ямгур-  
чи мен Қызыл-Құрт бір он кісімен, шабши елінен Жан-  
Чора-бек (В-би) бір он кісімен, онта елі мен нурма  
елінен Қул-Урус пен Алике бір он кісімен, шайхзада  
елінен Қулуш мырза бір он кісімен, тағы бір он — ақ-  
чорадан, төрт үйлі кебақ-черемиш Мухаммед-бек (В-би)  
елінен Текелі бір он кісімен, ескі жұрттан Жәдігер  
бай, Қасым-Сеийдбай бір он кісімен, қара-дулат елінен  
Қонақ ұста бір он кісімен, хаирлы елінің бахшында  
Хафиз бір он кісімен, қарағайшаның Тушанағы бір он  
кісімен, Темирчи елінен ұста ұлы Ноғай бір он кісімен —  
міне, осылар Қажы Керей ханды патшалыққа алып келіп  
хан сайлады. Тәмам.

### Едіге би дастаны

(В) Шежіреде әуел бабасы Абу-Бакир<sup>21</sup> ... Оның төрт  
ұлы бар еді. Екеуінен кіші ұлының аты Махмуд ата-  
лығ еді. Шамда патша еді. Оның ұлы сұлтан Катиб  
(کتب) аталығ еді. Ол һәм Шамда патша болды.  
Оның ұлы сұлтан Һармаз еді. Ол Мысрда<sup>22</sup> патша  
болды. Оның ұлы сұлтан Халид еді. Ол Сарсарда  
патша болды. Оның ұлы сұлтан Уалид еді. Ал һәм  
Сарсарда патша болды. Оның ұлы сұлтан Қыдыр. Ол  
һәм Сарсарда<sup>23</sup> патша болды. Оның ұлы сұлтан Мулуд  
еді. Ол һәм Сарсарда патша болды. Оның ұлы Абу  
Алфеис еді. Ол Антакияда<sup>24</sup> патша болды. Оның ұлы  
сұлтан Салим еді. Ол һәм Антакияда патша болды.  
Оның ұлы сұлтан Садық еді. Ол һәм Антакияда патша  
болды. Оның ұлы сұлтан Абулхақ еді. Ол Мадайда<sup>25</sup>  
патша болды. Оның ұлы сұлтан Ғушман еді. Ол һәм  
Мадаинда патша болды. Оның ұлы Жалаладдин еді. Ол  
Қастинатинде<sup>26</sup> патша болды. Оның екі ұлы бар еді.  
Бірінің аты Адһам және бірінің аты Баба Туклас еді.  
Баба Туклас Қаабада<sup>27</sup> патша болды. Баба Тукластың  
ұлы Терме аталығ еді.

(А) Бұл Терме Еділ-Жайықта қайтыс болды. Оның  
ұлы Каричи аталығ еді. Еділ-Жайықта қайтты. Оның  
ұлы Ислам-Қия. Ол һәм Еділ-Жайықта қайтты. Оның

ұлы Қадыр-Қия. Ол дағы Еділ-Жайықта қайтты. Оның ұлы Құтлу-Қия. Ол Құмкентте<sup>28</sup> қайтты. Оның ұлы Едіге би, Алла оған рақымын төксің!

Құтлу-Қияны Орус хан шәһид еткен. Және Баба-Тукластың төрт ұлы бар еді. Бірі Каабада патша болды. Бірі Каабаның жанында жатыр. Ал бірі Ургенчте жатыр. Бірі Қырымда, Уч-Утлукта. Енді бір айтуда Баба-Тукластың белгілі үш ұлы болған. Бірінің аты Абас, Каабаның оң жағында. Бірінің аты Ғабдул Рахманқожа. Ол дағы Каабада жатыр. Ал бірінің аты Терме. Ол Еділ-Жайықта қайтыс болды.

Пайғамбар-алла өкілі, (оған) нұр жаусын!— қабірінен Сейид Нақыпқа хабар беріпті; екінші — Алем-Муртаза-Сейидке; үшінші — Баба-Тукластың атасы Азиз-Кераматқа. Узбек хан мұсылман болғанда Узак-Чораны қасиетті Каабаға жіберіпті. (Узак Чора) ол жақтан бұл үш ерді алып келіп, (Узбек хан) мұсылман болыпты.

Едіге бек Тоқтамыш ханның ұлысын биледі. Оның хикаялары оған арналған дастандарда, әр жерде кітаптарда болу керек. Ол да Еділ бойында өтті. Оның ұрпағы Тағаятқа дейін әулетті ұрпақ болып келді. Біздің замандағы Оқу-Шрақ

(اوگوش راك) содан пайда болды. Едіге бек (В-би) алпыс үш жасында қаза тапты. Қадырберді хан мен (болған) ұрыста (алған) жарақаттан. ...атақты ұлдары еді. Ұзақ уақытқа дейін өніп-өсіп өтісті.

(В.) (Едігені) Барын Сарай өлтірді. Едіге бидің ұлдары туралы толық мәлімет мынадай: Нұраддин мырза, Мырза Қасым, Сейдғали мырза. Жасында қаза болған екеуінің есімдері белгісіз. Бұл бесеуі бір анадан. Қожа ханның қызы Бахтылы ханымнан туған еді. Сейдғали мырза да жасында өлді.

Какуат. Бұл кабардин алыптың хатуынан туған еді. Ол Нұраддинға тете (болатын). Мансур би. Бұл Құйырчық ханның қызы Сүйдүнімден туған еді. Қази, Наурыз. Бұл екеуінің анасы қоңырат қауымының қызы еді. Аты мәлім емес.

Едіге биден соң, Мансур би болды. Ол атасының қайым мақамында болды. Ол уақытта, (яғни) Едіге бидің көзі тірісінде, Нұраддин мырза іш ауруы тиіп, отыз жеті жасында қаза болды. Мансур би атасының ұлысын биледі. Оны Барақ хан өлтірді. Содан соң Қази, Наурыз Барақ ханмен соғысты. Барақ хан сол соғыста өлді. Ол ұлыста Мансур бидің орнына Қази би болды.

Нұралдин мырзаның ұлдары Афас, Оқас, Хуразми еді. Мансур би қаза болған соң, Афас би болды. Атасының інісі Қази бидің ұлысын сол биледі. Содан соң Оқас би болды. Біраз уақытқа дейін ұлысты сол биледі. Қырық тоғыз жасында өмірден қайтты. Афас би сексен жасында қаза болды.

Оқастың ұлдары Мұса, Ямғұрчи еді. Атасынан соң Мұса би болды. Ұлысты сол биледі. Ямғұрчи ағасының көзі тірісінде би болды. Содан Хуразми би болды. Мұса Ямғұрчымен бір анадан туған еді. Содан соң Ямғұрчының ұлы Ағиш би болды. Ұлысты сол биледі. Содан соң Хасан би болды. [Бірақ] ұлысты түгел Тағир мырза биледі. Хасан биден соң, Мұса бидің ұлы Шайдақ би болды. Одан соң ұлысты Шайх-Мамай мырза биледі. Өзі би болмады. Содан соң Юсуф би болды. Мұса бидің ұлы еді. Одан соң Мұса би ұлы Исмаил би болды. [Содан] бері бұл заманға дейін билікті Исмаилдың ұрпағы иемденеді. Өңгелері мәртебеден түсті.

### Бекқондур (В — Бекқонды) ұлан ұлы Хажы Мухаммед хан дастаны

Ол кез Қадірберді хан мен Едіге бек айқасқа түскен. Жайықтан шыққан Илек<sup>29</sup> суы бар. Одан үш жылға бөлінеді. (بورتہ چينار اوج) Сол үш жылғаның ортасының бойында Қадырберді хан мен Едіге бектің (В-би) қырғын кездесуі болды. Ол кез Хажы Мухаммед ұлан еді, бір уәлаяттан бір уәлаятқа өтіп барар еді. Өзі йулақ<sup>30</sup> батыр бойлы ірі (سليح) еді. Октары ұзын-ұзын еді. (Ол туралы) Едіге бекке мәлімет береді. Едіге оны өз алдына шақырып «Қайдан келіп, қайда барасың» деді. Ол айтты: «Мен Құрал уәлаятына<sup>31</sup> барамын». Онда Едіге айтты: «Сен менімен бірге болғын, тәңірі ісімді оңғарса мен сені хан етемін»,— деді. Ол қабыл алды. (Едіге) жолда Хажы Мухаммед ұланды әскерге қолбасшы (مقدمه) етті. Аянбай ұрысты. Қадірберді ханды алтын садағымен кесе атты. Содан кейін Ер Көше<sup>32</sup> де жығылды. Оны Ноқас Алтын батыр барып өлтірді. Содан Өзбекия арасында кең тараған хикаяда мынадай делінеді: «Едіге бек (В-би) һәм қаза болды, Мансур бек (В-би) болды. Хажы Мухаммед ұланды

Мансур бек хан етіп, бірі хан, бірі бек (В-би) болып жүрер еді».

Мансур бекті Барақ хан өлтірді. Содан соң бір күні Хажы Мұхаммед ханды һәм Барақ хан өлтірді. Және тағы Хажы Мұхаммед ханның ұлы Мұхаммед тек хан болды, оның ұлы Қулук хан болды, оның ұлы Ибақ хан, оның ұлы Муртаза хан, оның ұлдары: Жанкерей сұлтан, Ахметкерей сұлтан, Кучум хан. Хажы Мұхаммед ханның ұрпағы (осымен) аяқталды. Аты-жөні (намдары) белгілі болғандары осылар.

### Тулушиқ ұлан ұлы Булхайр хан дастаны

Булхайр хан Ташкент — Түркистан уәлаятында патша еді. Оның қабірі Сығанақ қаласында. Оның ұлы Шахбутақ сұлтан. Булхайр ұлы Нураддин мырзаның ұлы Оқас бекпен (В-би) үлкен достығы бар еді. Олар жайлы «екеуі бір кеседен бал ішкен» дейтін. Араларында сондай берік достық болды. Бір уақытта бірі хан, бірі бек (В-би) болып жүрген еді. Және тағы Шахбутақ сұлтанның ұлы Шабак хан. Оның ұлы Тимур. Оның ұлы Көкбөрі. Оның ұлы Кучум, Сүйінчик. Ғабид (عبيد خان) хан һәм Булхайр ханның ұрпағынан. Оның ұлы Бирхан (Борхан хан). Жәнібек сұлтан һәм Булхайр ханның ұрпағынан. Оның ұлы Ескендір хан. Оның ұлы Ғабдулла хан. Кучум ханның ұлы Ғабдуллатиф хан. Оның ұлы Зулнун сұлтан, сұлтан Сеит хан, Жомарт хан сұлтан, Мұхаммед сұлтан. (В) Сүйінчик ханның ұлы Барақ хан. Оның ұғлы Дәруіш хан. Баба хан, Хоразми шаһ сұлтан Булхайр ханның есімдері белгілі ұлдары болады....

### Ибн Араб ұлан ұлы Иадгар хан дастаны

Ибн Араб ұлы Иадгар ұлан еді. Мұса, Ямғұрчи хандардың тегі (туысы) (туралы) Өзбекия арасында мынадай сөз айтылады. Обы ханның дастанында бұл заманда да келтіріледі. Ол Ибақ ханға Ақ бегімді берді. Ол Хажы Мұхаммед ханнан бері Едіге бидің ұрпағымен құда еді. Бүгінге дейін арақатынасы, достығы үзілген жоқ. Екінші, Булхайр хан (ұрпағымен де) достығы бар еді. Мұса бидің қызы Афай бегімді Сүйінчик ханға берді. Бәрінен үлкені Оқас би қызы Дәулет сұлтан бегімді Нахаттың Ахмед ханға берді. Араларында күдік

туып, Ахмед ханды Ямгүрчи өлтiрдi. Ол уақытта Иадгар хан едi. Хорезми уалаятына (аттанғанда) Иадгар хан Мұсаны әскербасы еттi. Содан Хорезми жұртын алды. Иадгар ханның ұлы Борақы сұлтан. Борақы ұлы Аблақ, Иманақ. Аблақ ұлы Илпарс хан. Оның ұлы Сұлтанғазы, Өмiрғазы. Аблақтың бiр ұлы Есенқұл хан. Иманақ ұлдары — Бужуға хан, Саған хан, Қалхан, Ағатайхан. Саған хан ұлы Иусун хан, Жүнiс сұлтан, Баруан Құли сұлтан. Бужуға ханның ұлдары Даут сұлтан, Айш сұлтан. Дуаныш ханның ұлы Тин Мұхаммед хан, Махмуд сұлтан, Әли сұлтан. Иадгар ханның ұрпағы осымен аяқталды. Мәлiм, мәшһүр едi. Бiраз уақытқа дейiн өнiп-өсiп өттi.

### Ораз-Мұхаммед-хан дастаны

Оның әкесi Ондан сұлтан, оның әкесi Шығай хан, оның әкесi Иадiк хан, оның әкесi Жәнiбек хан, оның әкесi Барақ хан, оның әкесi Құйырчық хан, оның әкесi Орыс хан.

(Арғы) замандардан еске алынған Оразмұхаммед ханның ата-бабалары оның барлық үрiм-бұтақтарымен бiр дастанда айтылып келдi. Себебi Урус ханнан Жәнiбек ханға (дейiн) төрт буынды. Өткен заманға (байланысты) еске алынып едi, (ендi) Жәнiбек ханның ұлдарын бұ заманға (байланысты) тағы да атадық та, оның ұл-немерелерiне дейiн өнiп-өскен ұрпақ болып өттi және қазiрге дейiн мәлiм-мәшһүр демекпiз.

Олардың әрбiрi бiрнеше ата болып өз уәлаяттарында патшалық қылып, атақты болып өттi. Олардың (арасында) аса белгiлi болғаны Қасым хан едi. (Ол) Жаған бикемнен туған едi. Ұзақ уақыт атасының ұлысында патшалық еттi. Төңiрегiндегi уәлаяттарды өзiне қаратты. Оның хикаялары әр жерде кездеседi, (көпке) мәлiм-мәшһүр. Ақыры Сарайчықта<sup>33</sup> өлiм-тапты. Бүгiн де оның қабiрi Сарайчықта. Оның ұлы Хақ-Назар-хан. Ханык-сұлтан-ханымнан туған. Оның хикаясы мәлiм-мәшһүр.

Хақ-Назар-хан өзара болған қақтығыстарда апат болды. Оның ұлдарынан патшалық бiржола кеттi.

Қанбар сұлтан барлық жағдайда Қасым ханның жанында болды. Әскерiнiң қолбасшысы. Оның ұрпағына патшалық тимедi.

Ендi Осак-хан. Оның ұлы Болат сұлтан. Оларға

патшалық тимеді. Ақыры, Болат сұлтан ұлдарымен ногаймен (болған) ұрыста шәһит болды.

Енді Қасым хан замандасы Жәдік-хан еді. Шағым мырза менен (болған) ұрыста Жыланды төбеде бір ұлымен шәһит болды. Оның қабірі Үргенчде Бақырған атада,<sup>34</sup> сонда жерледі.

Жәдік ханның қатыны, қимасы көп еді. Ұлдары да біраз болатын. Аты шыққан ұлдары мыналар: Туғумхан, Бөкей сұлтан, Шығай-хан, Мәлік сұлтан. Соңғы екеуінің анасы Абай-хан-бегім. Туғум-ханның ұлдарын тоғыз сары деп атайтын. Мәлік ұлы Башибек сұлтанмен, тоғыз сары ұлдары мен Жағат уәлаяты маңында шәһид болды. Отыз жеті сұлтан мәлім-мәшһүр еді.

Бөкей сұлтанның ұрпақ болмады. Бауш-Бұйдаштың ұлы Әдік сұлтан. Оның ұлы Бұйдаш-хан. Әдік сұлтанның ұрпағын бес ұл деп атайды. Бұйдаш-хан Барақұлы Дервиш-ханмен соғыста өлді. Бес ұлдың ұрпағы жиырма төрт сұлтан сонда шәһид болды. Бес ұлға патшалық тимеді. Қасыбірлері сол елде келте хандық құрды, (бірақ) аты белгілі болмады.

Бурундук-хан. Оның ұрпағы (хандық) мәртебеден айырылды.

Ахмад-хан. Үзбекияда Ахмад-хан деп атайды. Ол дағы біраз уақыт хан болды. Шидак-бекпен болған ұрыста шаһит болды. Орақ мырза шаһит қылды.

Тахир-хан болды. Біраз күн хандық құрды, бірақ патшалық (сырын) білмеді.

Ал Шығай ханның хикаяты, әр (түрлі) жағдайда батырлығы мәлім-мәшһүр. Ақырында жалғыз қалып апат тапты. Бүгінде қабірі Күмішкентте, Әлі атаның панасында<sup>35</sup> жерленді. Шығай ханның әйелі көп еді. Мәлім-мәшһүр үш ордасы бар. Олардан туған ұлдары мыналар: Сейитқұл-сұлтан, Ондан-сұлтан, Алтунханым — Байым-бикемнен туған еді. Тәуекел-хан, Ишим-сұлтан, сұлтан Сабыр бике-ханым. «Бұл үшеуінің анасы Жағаттың Яхшим-бикемі болады. Әли-сұлтан, Сулум-сұлтан, Ибрагим-сұлтан, Шахим-сұлтан — (бұлардың) анасы Бурундук ханның қызы Дадам-ханым болады.

Ондан сұлтанның хикаяты әр жерде, қаласаңыз кездеседі. Асқан ұлы батыр, атқыш еді. Барлық жағдайда төңірегін жайпаған асқан батыр еді. Шығай ханның уағында әскердің қолбасшысы болды. Оның хикаялары мәлім-мәшһүр. Ақырында қалмақ шаһит қылды.




Отыз жасында қаза тапты. Оның қабірі Қожа-Ахмад-Яссауи<sup>36</sup> — алланың рақымы жаусын! — панасында, Оның әйелі және қимасы көп еді. Көп уәлаяттардан алып еді. Өз араларынан да алып еді. Мәлім-мәшһүр екі үлкен ордасы бар еді. Оларда туған ұлдары мыналар: Алтун-ханымнан (Осак ханның ұлы Болат-сұлтанның қызы) туған — ислам патшасы (Тәуекел хан), Ораз-мұхаммед хан, Татлы ханым; Чуюм ханымнан (Бурундук-ханның ұлы Кимсин сұлтанның қызы) туған — Көжек сұлтан. Ол ислам патшасы Тәуекел ханда әскер қолбасшысы. Қазіргі уақытқа дейін сол елде.

Оразмұхаммед хан сегіз жасында өзара қақтығыста қаза болған ұлы бабасы Шығай ханнан айырылды. Он үш жасында әкесі Ондан-сұлтан шаһит болып одан айырылды. Біраз уақыт тарлықта Сейдек бидің алдында кіріптарлық шекті. Одан он алты жасында барлық христиан падишаһы Борис Федоровичтің құлдығына әзір болды. Ол күннен қазірге дейін патша Борис ханның қызметінде. Ұлы мәртебелі патша құлын жарылқады. (Бұл) тарихтың мыңыншы доңыз жылының<sup>37</sup> соңынан еді. Тышқан жылы, ұлы рамазан айының он бесінші күні<sup>38</sup> бүкіл орыс патшасы Борис Федоровичтің жарлығымен оңы мен солында қараша қызмет бектері отырып, көше-көше, қатар-қатар мылтықты жауынгерлер сап түзеп және салтанатпен қол қусырып тұрды. Саясат үкімі мен Оразмұхаммед хан Ондан-ұлы сұлтанды бетке алып бұйырды. Ұлы мәртебелі патша алтын тағына мініп, ұлы мәртебелі бабасына сұлтан ұлы жана са отырып, Оразмұхаммед ханға құтты болсын айтты. Тақтың суреті мынадай. Тәмам.

Ұлы мәртебелі патша еншіге суюрғал берді, жеңілдіктер жасады. (Оразмұхаммедке) Керман шаһарын суюрғал етіп берді. Бірнеше күн ұлы мәртебелі патша жанында сән-салтанат құрып (صوتوفن) тұрды.

Керман шаһарының бектері, мырзалары, қара халқы екі жүз кісі әзір еді. Ұлы мәртебелі патша рұқсат берді. Оразмұхаммед ханға алпауыт-тілмаш<sup>39</sup> қосып шәввал<sup>40</sup> айында бейсенбі күні Керман шаһарына<sup>41</sup> шығарып салды. Керман ұлықтары да ұлы мәртебелі хан көшіне ерді. Бір апта ішінде, сол айдың жиырма төртінші күні тарихтың мыңыншы (жылы) бейсенбіде құтты кадам, құт берекемен Керман шаһарына келіп түсті. Бірнеше күн дәулетімен<sup>42</sup> (болып) сый-құрмет көрді. Құтты зұлхиджа<sup>43</sup> айына дейін. Содан соң тарихтың мыңыншы, тышқан жылы құтты зұлхиджа айының он үшінші күні<sup>44</sup> бейсенбіде Ондан сұлтан-ұлы Оразмұхаммед-ханды хандыққа отырғызды. Ұлығы мен кішісі, орыс пен татарлар баршасы сонда жиналды. Тамашалау үшін шексіз көп халық жиналды. Шайх-Али-ханның салдырған тас мешітінің ішінде молда, данышмандар, хәфиздар, бектер, мырзалар,<sup>45</sup> барлық ислам дініндегілер барлығы мешіт ішіне жиналып, келісіп, құтты алтын тақты әкеліп мешіт ішіне құрды. Борис Федоровичтің жарлығымен келген алпауыт (тілмаш) та сонда еді. Ескі жұрттың жәлігері Буляк-Сайид<sup>46</sup> хутбу<sup>47</sup> қайырды. Қасындағы төртеуі жоғары мәртебелі ханды төрт жағынан алтын тақтың үстіне көтерді. Жиырма жасында<sup>48</sup> ұлы мәртебелі Оразмұхаммед хан хандыққа отырды. Алла дәрежесін ғұмырлық етсін!



Барлық үлкен мен кіші, молда және кадхудай<sup>49</sup> барлық ислам жұрты қатысты. Дұға-намаз оқылды. Қарашылары, аталық<sup>50</sup> қызметтегілері жоғары мәртебелі хан үстіне (шашу шашты). Барша жиылғандар жоғары мәртебелі ханға құтты болсын айтысты. Бірнеше күнге дейін, сол ай өткенше күндіз-түні сыйқұрмет көрсетілді. Сол күндері аса үлкен той жасалынды, бал мен шарап қысапсыз ішілді, жылқы мен қой, сиыр өте көп сойылды. (Хан) аса үлкен жиын шақырды. Әрқайсысына берер мансап, дәрежесін белгіледі. Молда және хафиздарға, жетім-жесірлерге, жалғыз-жақыбайларға қайыр-садақа берді. Кінәлілерды қамаудан азат қылды. Бұл қайыр-садақалар алла тағала жолына арналды. (Хан) патша Борис Федоровичтің тілегін тіледі, ылғи да ертелі-кеш бір кесе май ішсе (де) оны еске алмай ішпес еді. Және тағы өзі алла тағала құлдығына әзір еді. Пайғамбарлардың ұлысы Мухаммед Мұстафа — алла тағала оған нұрын төксін! — рухына ылғи да дұға және жалбарынышпен қайрылар еді. Алланың қалаулысы Адамнан пайғамбарлар бастаушысына дейін, (оның) үрім-бұтағы, оның замандас серіктері жолбасшы-ізгілер, әулиелер өткен — (бәрінен) ылғи да дұға және жалбарынышпен жәрдем сұрар еді. Үйсіз ғаріп және кемтарға рақым-мейірімділік жасар еді. Оң қолында шарифатпен іс жүргізсе, сол қолымен ұры-қарақшыны, жамандарды патша Борис Федорович-хан жарлығы (бойынша) жаза қамшысымен аяусыз жазалар еді. Сол себеп те Керман шаһары Борис Федорович хан мемлекетінде тыныш (амаңдық) болды. Сол себепте күннен-күнге ислам патшасы — Насират-дин — Аб-эл фатих<sup>51</sup> — Оразмұхаммед-хан баянды дәулетпен, йыл ашап, йуз яшап, мәңгіге дәулет оған серік болсын! Инша алла тағала амин я раббел-галамин.<sup>52</sup>

Бұл тарихтың (жазылуына) себепші болған жоғары мәртебелі Оразмұхаммед ханның ата-анасынан (бері) құлдық қыла келген жалайыр тарақ тамғалы еді. Фарсы тіліндегі Чингиз-наме кітабынан түрік тіліне аударды, ал кейінгі замандары болғандарды өз естіп-білгені (бойынша) алла тағала жәрдем беріп, теріп жазды. Патша Борис Федоровичтің мәңгі әділдігі, ақтығын және тағы жоғары мәртебелі Оразмұхаммед-ханды жоғары мәртебелі патшаның құрметпен хандыққа отырғызғанын (айту) үшін жазылды.

Хазрет Нух Али-Ассаламдан Оғузга дейін, Оғуз-дан Хижратка дейін, Хижраттан Чиңгизга дейін, Чиңгиздан бұ заманға дейін неше қилы патшалар, хандар өтіп еді, барлығы баяндалды.


Қадыр-Али бек, Хошум-бек ұлы, Тамджек-баһадур ұлы, Иранджи-баһадур ұлы, Адамшакмырза ағасы Қарач-бек ұлы, Құбайұлы, Қанбар-мырза ұлы, Айтулы бек ұлы, Итбаға ұлы. Шыңғыс хан заманында Сартақ ноян болған. Оның ұлы жалайыр Сба болады. Оның ұрпағы Жалайыр Тебре бек. Оның ұрпағы Шайх-Софы-бек болады. Оның ұрпағы Айтулы бек болады. (Ол) мәлім-мәшһүр болған. Урус-ханның ұрпағында ұлы әмір болған. Урус-ханның оңы мен солы мынадай. Бұл жерде еске алынғаны, яғни мимана — оң қол, мисара — сол қол.

### Мимана және Мисара

Қатағин қауымы болады екі сан. Алач мыңы болады үш сан. Қатағин қауымы өз араларында бұл заманға дейін үлкендерін біледі. Ал Алач мыңы арасында үлкені тарақ тамғалы жалайыр болады Шыңғыс хан заманынан бері бір мәртебеден (үлкендік) Тебребекке (В-би) тиді, одан Шайх-Софы-бекке тиді, одан Айтулы-бекке тиді, одан Итбаға-бекке тиді, одан Қарач-бекке тиді, одан Тоңқа-бекке тиді. Алач мыңының ағасы болып келген осылар. (Бұл) Өзбекия арасында мағлұм-мәшһүр.

### Тарихтың 1051 жылы аяқталды<sup>53</sup>

(В). Қадырғали би бин Қосум би тарихтың мында он бірінде қоян жылы мубарак махаррам айының соңында сенбі күні бұл тарихты аяқтады...



## ТҮСІНІКТЕР

1. Жеті ықлым көшнүр — ортағасырлық мұсылман географтары жер үстін жеті зонаға немесе климатқа бөлген. Оны ұсынған ертедегі грек ғалымдары, ал шығыста ғылымға енгізген әл-Хорезми (б.э. 780—850 ж.)
2. Хажы Тархан тағы — Астрахан хандығы
3. Тары тағы — Төмен қаласы. Автор бұл арада Сібір хандығын айтып отыр.
4. Сарайчық тағы — астанасы Сарайчық болған Алтын Орда тағы.
5. Тауда түмен — бұл арада автор Россияға тәуелді Закавказье аудандарына меңзеп отыр. Алтын Орда тұсында Закавказье әскери аймақтарға — түмендерге бөлініп, олардың әрқайсысы 10 мыңнан әскер беруге міндетті болған.
6. Қырда черкес — Солтүстік Кавказ халқы
7. Иштәк, естек — Сібір жылнамаларында остяк аталады, сібір халқы.
8. Мәжәр — мадияр (венгр) елі
9. Рум — Византия
10. Жабылса мен Жабылқа — географиялық атаулар, орналасқан жерін анықтау қиын.
11. Иыл ашасун, йуз яшасун — проф. М. Усмановтың пікірі бойынша Қадырғали би бұл сөйлемді орта ғасырда кең тараған Рабғузидің-Қысасул-әнбия» (Пайғамбарлар тарихы) кітабынан алған. Қараңыз: Усманов М. А. Татарские исторические источники... 74-б. Ал шындығында бұл фразаны көптеген түркі тіліндегі еңбектерден кездестіруге болады.
12. Суюрғал — шығыс елдерінде, Орта Азияда әскери және мемлекеттік қызметі үшін билеуші топтар алатын жер үлесі.

13. 1004 жыл — жаңа жыл санау бойынша 1595—1596 жылға түс келеді. Бірақ автор Б. Годуновтың патша тағына отырған жылын қате айтып отыр. Ол таққа 1598 ж. отырған болатын.
14. Шам — Сирия.
15. 1005 ж. Жаңа жыл санау бойынша 1596—1597 жылға түс келеді.
16. Сүлеймен тағы — жан-жануарлар әлемін де билеген Сүлеймен пайғамбар тағы.
17. Неміс королі — бұл арада Литва князьдығы мағынасында.
18. Темир қапка — Темір қақпа. Оңтүстік Шығыс Дағыстандағы тар тау жолы. Үлкен Кавказ қыратының шығыс сілемдері мен Каспий теңізі арасында Дербенд қаласына жақын.
19. Демек, 9 емес, 10 баласы болған.
20. 956-ж. джумада — жаңа жыл санау бойынша 1549 ж. алахир айы маусым-шілде айларына түс келеді.
21. Абу-Бахир — Мұхамбет пайғамбардың ең бірінші төрт халифтерінің бірі.
22. Мыср — Египет
23. Сарсар — Таяу шығыстағы ортағасырлық мемлекет аты.
24. Антакия — Анатолия
25. Мадайин — Медина қаласы
26. Кастинатин — Константинополь
27. Қааба — Меккедегі мұсылмандар табынатын қасиетті орын, мешіт
28. Құмкент — Орта Азия қаласы
29. Илек (Елек) — Жайыққа құятын өзен.
30. Узи йулақ — Ш. Уәлиханов бұл сөзді Ұзынбұлақ деп оқыған. (Қараңыз.— Шығ., I т., 145-б.) Көшірмеші бұл сөзді қате көшірген. Хажы Мұхаммедті сипаттауға арналған сөз.
31. Корал уалаяты — король мемлекеті мағынасында.
32. Ер Көше, басқаша — Ер Көкше — қазақ эпостарында, «Манаста» жырланған, өмірде болған атақты батыр.
33. Сарайчык — Орал өзені бойында орналасқан қала (XIII—XVII ғ.). Қалдықтары қазіргі Гурьев қаласынан 8 км. жоғарыда жатыр.
34. Үргенчде Бақырған ата — Үрген қаласындағы Бақырған әулие күмбезі
35. Күмішкенттегі Әлі ата панасы — Орта Азиялық қаладағы Әлі әулие күмбезі
36. Қожа — Ахмад-Ясауи — Түркістан қаласындағы белгілі Қожа Ахмед күмбезі.
37. Мыңыншы доңыз жылы — жаңа жыл санау бойынша 1592 жылға түс келеді.
38. Тышқан жылы, ұлы рамазан айының он бесінші күні — «Жинақта» Оразмұхаммедтің сыйлыққа Касимов хандығын алуы және таққа отыруы даталарында қайшылықтар бар.

- В. В. Вельяминов-Зерновтың зерттеуі бойынша Оразмұхаммед сыйлыққа Касимов қаласын хиджра бойынша 1008 жылы рамазан айының 15-де алған. Бұл жаңа жыл санау бойынша 1600 жылдың 20 наурызына түс келеді. Таққа сол жылы 12 маусымда, бейсенбіде отырған.
39. Алпауыт — тілмаш — тілмаш не парламенттер есебінде мемлекеттік қызмет атқарған ірі жер иеленуші — феодал.
40. Шәввал айы — мұсылман календарында 10-ай.
41. Керман шаһары (Касимов) — Ока өзені жағасына орналасқан қала. 1152 жылдан белгілі. Тоқтамыш ханның немересі, Улуғ-Мухаммедтің ұлы, Қазан ханы Махмутбектің бауыры, Қасымның есімімен аталады. Бұрынғы аты Мещерский городок. 1452 жылы Василий Темный баурынан қашып, өзіне қызметке келген Қасымға сыйлыққа берген.
42. Бұл арада өзіне қарасты қала халқымен деген мағынада.
43. Зұлхиджа — араб календары бойынша 12-ші, яғни қасиетті орындарға барып табынатын ай.
44. Тарихтың мыңыншы тышқан жылы құтты Зұлхиджа. Бұл жерде «Жинақ» авторының берген датасы анық емес. Хиджра бойынша мыңыншы жыл — 1592 ж. түс келеді, ал тышқан жылы — 1600 жылға түс келеді. В. В. Вельяминов-Зерновтың есебі бойынша Оразмұхаммедтің таққа отыруы 1600 ж. 12 маусымға тән.
45. Данышмандар, хафиздер, бектер, мырзалар — Касимов хандығындағы феодалдық лауазымдар.
46. «Сайид» деп Мухаммед пайғамбардың мұсылман мемлекеттерінде дін басы қызметіндегі ұрпақтарын атаған.
47. Хутба — діни уағыз.
48. Жиырма жасында — бұл арада, біздің пікірімізше жиырма-ның ішінде, үстінде деген мағынада.
49. Кадхудай — ауылдық староста, «үй иесі» мағынасында.
50. Қараша, аталық — сарайлық лауазымдар.
51. Насрат-дин-abu-ал фатих — ислам дінін күшейтуші, оған елдерді тартушы мағынасында, қошемет түрі.
52. Инша алла тағала амин я раббел-ғаламин — бір алла-тағала өзі сәтін салсын мағынасында.
53. Автордың кітапты жазуды аяқтаған жылы — 1602 жыл, ал И. Н. Березин бастырған вариантының соңындағы көрсетілген дата көшірменің жазылған жылын көрсетеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Маркс К. және Энгельс Ф., Коммунистік партияның манифесі.
2. Энгельс Ф., О разложении феодализма и возникновении национальных государств. Маркс К., Энгельс Ф., Соч., т. 21.
3. Ленин В. И., Статистика және социология. III. т.ж. 30 т.
4. Абусейтова М. Х., Казахское ханство во второй пол. XVI века. Алма-Ата, 1985.
5. Акты исторические. т. II, Спб., 1841.
6. Аманжолов С. А., Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959.
7. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. (Қазақ тіліндегі араб сөздері), I т. Алматы, 1984.
8. Аристов Н. А., Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности.—«Живая старина 1896, вып. 3—4.
9. Ахмедов К. А., Государство кочевых узбеков. М., 1965.
10. Баранов Х. К., Арабско-русский словарь. Изд. 2-е, М., 1958.
11. Бартольд В. В., История изучения Востока в Европе и России. Изд. 2-е, Л., 1925.
12. Бартольд В. В., История Туркестана, Соч. т. II, ч. I. М., 1963.
13. Бартольд В. В., Отец Едигея. Соч. т. II, ч. I, М., 1965.
14. Бартольд В. В., Туркестан в эпоху монгольского нашествия. -Соч. т. I. М., 1963.
15. Бахрушин С. В., Очерки по истории колонизации Сибири в XVI и XVII вв. Научные труды, т. III. ч. I, М., 1955.
16. Березин И. Н., Библиотека восточных историков, Шайбаниада, т. I, Сборник летописей, татарский текст, т. II. ч. I, Казань, 1849—1854.



17. Березин И. Н., Татарский летописец, современник Бориса Федоровича Годунова. «Москвитянин», 1851, № 24, кн.2.
18. Бес газыр жырлайды. I т. Алматы, 1984.
19. Бира Ш., Монгольская историография. XIII—XVII вв. М., 1978.
20. Бычкова М. Е., Родословные книги середины XVI века — Труды Московского государственного историко-архивного института. т. 16, 1961.
21. Валиханов Ч. Ч., Предания и легенды Большой киргизкайсацкой орды — Собр. соч. в пяти томах, т. I. Алма-Ата, 1984.
22. Валиханов Ч. Ч., Письмо профессору И. Н. Березину — Сонда.
23. Валиханов Ч. Ч., Извлечения из جامع التواريخ — Сонда.
24. Валиханов Ч. Ч., Киргизское родословие — Сонда, т. 2. Алма-Ата, 1985.
25. Вельяминов-Зернов В. В., Исследование о Касимовских царях и царевичах, ч. 1—4. Спб., 1863—1887.
26. Владимирцов Б. Я., Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. Л., 1934.
27. Греков Б. Д., Якубовский А. Ю., Золотая Орда и ее падение. М.—Л., 1950.
28. Гумилев Л. Н., Древние тюрки. М., 1967.
29. Дела Тайного приказа. т. 22. кн. 2, Спб., 1908.
30. Древнетюркский словарь, Л., 1969.
31. Ертедегі казак әдебиеті хрестоматиясы. Алматы, 1967.
32. Жунисбаев К., Кадыргали Джалаири.— Великие ученые Средней Азии и Казахстана (VIII—XIX вв.). Алма-Ата, 1965.
33. История Казахской ССР, т. I. Алма-Ата, 1957.
34. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней в пяти томах, т. 2. Алма-Ата, 1979.
35. Кадырбаев А. Ш., «Юань-ши» как источник по истории керейтов и найманов. Письменные памятники Востока. Историко-филологические исследования. 1976—1977. М., 1984.
36. Казахско-русские отношения в XVI—XVIII веках. Сборник документов и материалов. Алма-Ата, 1961.
37. Карамзин Н. М., История государства Российского, т. X. Спб., 1834.
38. Козин С. А., Сокровенное сказание. Монгольская хроника 1240 г. Юань-Чоу би-ши. Монгольский обыденный изборонок. т. I. М.—Л., 1941.
39. Кляшторный С. Г., Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М., 1964.
40. Қойгелдиев М., Қадырәлі Қосымұлы (Қадырғали Жалайри) және оның еңбегі. «Жалын», 1987, № 5.

41. Қойгелдиев М., Қадырәлі Қасымұлының «Жылнамалар жинағы» мәдениет ескерткіші және тарихи дерек ретінде.—«Вопросы истории и историографии культуры Казахстана», Сборник науч. статей. Алма-Ата, 1988.

42. Қордабаев Т., Тарихи синтаксис, Алматы, 1964.

43. Қордабаев Т., Томанов М. Тарихи грамматика мәселелері, Алматы, 1975.

44. Кононов А. Н., Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-Гази хивинского. М.—Л., 1958.

45. Лубсан Данзан. Алтан тобчи (Золотое сказание). Перевод с монгольского; введение, комментарий и приложения Н. П. Шастиной. М., 1973.

46. Малов С. Е., Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. М.—Л. 1951.

47. Марғұлан Ә., Күміс сандық құпиясы.—Қазақ әдебиеті, 1981, 1 қаңтар.

48. Марғұлан А. Х., Комментарии к сочинениям Валиханова Ч. Ч.—Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч. в пяти томах. т. I. Алма-Ата, 1961.

49. Масанов Э. А., Из истории этнографического изучения казахского народа в России (XV—XVII вв.) М., 1964.

50. Масанов Э. А., Очерки истории этнографического изучения казахского народа в СССР. Алма-Ата, 1966.

51. Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алма-Ата, 1969.

52. Миллер Г. Ф., История Сибири, т. I. М.—Л., 1937.

53. Навои Алишер., Поэмы, Переводы со староузбекского. М., 1972.

54. Рахим А., О новом списке татарского исторического сочинения XVII века. Вестник научного общества татароведения. Казань, 1927, № 7.

55. Рашид ад-дин Фазуллах. Джами ат-таварих (сборник летописей). т. III. Пер. с персидского языка А. К. Арендса. Баку, 1957.

56. Рашид ад-дин Фазуллах., Сборник летописей. т. I. кн. 1, 2. М.—Л., 1952 ж.

57. Русская военная сила. Очерки развития выдающихся военных событий от начала Руси до наших дней. вып. III. М., 1889.

58. Сафарғалиев М. Г., Распад Золотой Орды, Саранск. 1960.

59. Севортян Э. В., Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на гласные. М., 1974.

60. Сибирские летописи. Издание Императорской Археографической комиссии. Спб., 1907.

61. Скрынников Р. Г., Борис Годунов, М., 1983.

62. Сыздыкова Р., Қадыргали Жалаиридың «Жами ат-тауарих» атты шығармасының тіліндегі тұрақты тіркестер. Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. Алматы, 1983.

63. Сыздыкова Р. Г., Язык «Жами ат-тауарих» Жалаири. Алма-Ата, 1989.

64. Тизенгаузен В. Г., Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. I, извлечения из сочинения арабских. Спб., 1884; т. II. Извлечения из персидских сочинений. М.— Л., 1941.

65. Труды членов Российской духовной миссии в Пекине. т. IV. Спб., 1866.

66. Уәлиханов Ш. Ш., Таңдамалы. Алматы, 1985.

67. Усманов М. А., Татарские исторические источники XVII—XVIII вв. Сборник летописей. Дафтар-и Чингиз-наме. Таварих-и Булгария. Татарские шаджара. Казань, 1972.

68. Усманов М. А., Рецензия на кн: «Великие ученые Средней Азии и Казахстана. VIII—XIX вв.» Алма-Ата, 1965. Народы Азии и Африки. 1967, № 2.

69. Хисамиева З. А., Язык дастанов Кадыргали бека. Автореферат. Уфа, 1980.

70. Хисмәтуллин Х., «Жамигь-эт-тәварих»-ның татарча тәржәмесе.— Татар теле һәм әдебиеты. Казань, 1959.

71. Чулошников А. П., Очерки по истории казахско-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских народов. Оренбург, 1924, ч. I.

72. Шарагуджи. Монгольская летопись XVII века. Сводный текст. Перевод введение и примечания Н. П. Шастиной. М.— Л., 1957.

73. Янушкевич А., Күнделіктер мен хаттар. Орыс тілінен аударған М. Сарсекеев. Алматы, 1979.

## МАЗМҰНЫ

### БІРІНШІ ТАРАУ

**«Жами ат-тауарих» — мәдениет ескерткіші  
және тарихи дерек . . . . . 8**

### ЕКІНШІ ТАРАУ

**«Жами ат-тауарихтың» тілі . . . . . 52**

### ҮШІНШІ ТАРАУ

**Араб графикасынан транскрипцияланған  
«Жами ат-тауарихтың» тексі . . . . . 122**

### ТӨРТІНШІ ТАРАУ

**Б. Годуновқа арнау және Қадырғали бидің өзі  
жазған дастандары . . . . . 246**

**Түсініктер . . . . . 264**

**Әдебиеттер тізімі . . . . . 267**

**РАБИГА СЫЗДЫКОВА, МАМБЕТ КОЙГЕЛДИЕВ**

**СБОРНИК ЛЕТОПИСЕЙ  
КАДЫРГАЛИ БИ КОСУМУЛЫ**

*(На казахском языке)*

**Редакторы Т. Нүсіпбаев  
Көркемдеуші редакторы Ө. Пілеулиев  
Техникалық редакторы А. Токмұрзина  
Корректорлары Ә. Смағұлова, Ж. Махмутова**

**ИБ №1**

Теруге 27.02.91 күні жіберілді. Басуға 14.08.91 қол қойылды. Пішімі 84×108<sup>1/32</sup>. Офсеттік қағаз. Өріп түрі «Тип Таймс». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 14,28. Шартты бояулы беттаңбасы 18,16. Есептік баспа табағы 13,14. Тиражы 9000 дана. Заказ № 2200. Бағасы 2 сом.

Қазақ КСР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин проспектісі, 93-үй.

Қазақ КСР Халыққа білім беру министрлігінің «Қазақ университеті» баспасы, 480121, Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 46-үй.



THERE IS NO DOUBT THAT IN THE  
EXISTING INFORMATION ABOUT  
THE KAZAKHS THE VERY FIRST  
PLACE BELONGS TO «THE COL-  
LECTION OF CHRONICLES».

Tchokan Valikhanov

NUL DOUTE DUE LE «RECUEIL DES  
CHRONIDUES» TIENT LA PREMIERE  
PLACE EN MATIERE D'INFORMA-  
TIONS SUR LES KAZAKHS.

Tchokan Valikhanov

НЕТ, СОМНЕНИЯ, ЧТО В ОТНОШЕНИИ  
СВЕДЕНИЙ О КАЗАХАХ САМОЕ ПЕР-  
ВОЕ МЕСТО ЗАНИМАЕТ «СБОРНИК  
ЛЕТОПИСЕЙ».

Чокан.



HINSICHTLICH DER ANGABEN ÜBER  
DIE KASACHEN NIMMT DIE ANNA-  
LENSAMMLUNG OHNE ZWEIFEL DIE  
ERSTE STELLE EIN.

Tchokan Valichanov



قازاق تاريحينا قاتستى دەرهكتەرى  
جاسان، سۆزسىز، ەك بىرىنشى  
ورىن جىنامالار جىناعنا ۋە تان.  
ش. ۋاليجانوف



2c.